

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

Учебник для 8 классов общеобразовательных
школ с русским языком обучения

*Утверждено Министерством образования
и науки Республики Казахстан*



Алматы «Мектеп» 2018

УДК 373.167.1
ББК 81.2Қаз – 922
Қ17

Авторы :
**Г.Косымова, А.Сатбекова,
Е.Арын, К.Рахимжанов**

Қазақ тілі мен әдебиеті. Учебник для 8 кл. общеобразоват. шк. с рус. яз.
Қ17 обучения / Г.Косымова, А.Сатбекова, Е.Арын, К.Рахимжанов . – Алматы:
Мектеп, 2018. – 200 с., илл.

ISBN 978–601–07–0947–8

К $\frac{4306020200-022}{404(05)-18}$ 25(1)–18

УДК 373.167.1
ББК 81.2Қаз – 922

ISBN 978–601–07–0947–8

© Косымова Г., Сатбекова А.,
Арын Е., Рахимжанов К., 2018
© Издательство «Мектеп»,
художественное оформление, 2018
Все права защищены
Имущественные права на
издание принадлежат
издательству «Мектеп»

1. БІЛІМ. ҒЫЛЫМ. ИННОВАЦИЯ
Т.Сұлтанбеков. «Ғажайып планета»
2. САУДА ЖАСАЙ БІЛЕСІҢ БЕ?
А.Құнанбайұлы. «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар»
3. ЖАҒАНДЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫС
Ш.Айтматов. «Кассандра таңбасы»
4. ДОСТЫҚ ПЕН ТАТУЛЫҚ – ТАПТЫРМАС БАҚЫТ
Т.Айбергенов. «Бір тойым бар»
5. КӘСІП – БАҚЫТТЫҢ ШЫРАҒЫ, ЕҢБЕК –
ЫРЫСТЫҢ БҰЛАҒЫ
С.Мұқанов. «Саятшы Ораз»
6. ҚАЗАҚСТАННЫҢ СУ РЕСУРСТАРЫ
Ә.Нұрпейісов. «Қан мен тер»
7. ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫ
Т.Әлімқұлов. «Қараой»
8. ҚЫЗЫМ – ЖАҒАДАҒЫ ҚҰНДЫЗЫМ, ҰЛЫМ –
АСПАНДАҒЫ ЖҰЛДЫЗЫМ
«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры
9. БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК. ЖОЙЫЛЫП БАРА ЖАТҚАН
ЖАНУАРЛАР МЕН ӨСІМДІКТЕР
М.Әуезов. «Көксерек»
10. НАУРЫЗ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОНЫ ҚАРСЫ
АЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
Б.Ж.Бопайұлы. «Қазақы наурызнама»
11. «МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ НҰРЛЫ ЖОЛЫ!»
Н.Назарбаев. «Қазақстан жолы»
12. ҚАЗАҚТЫҢ АЙТЫС ӨНЕРІ МЕН СӨЗ МӘДЕНИЕТІ
Р.Зайытов пен А.Кәріпжанов айтысы
13. ҚАЗАҚСТАН – БАЙҚОҢЫР – ҒАРЫШ
Н.Жүсіп. «Қыран қазақ»



Шартты белгілер:



– тыңдалым



– айтылым



– оқылым



– жазылым



– көркем шығарма

Алғы сөз

Құрметті оқушылар! Еліміз бүгінде бұрын-соңды жетпеген жетістіктерге жетіп, өзін бүкіл әлемге танытты. Мұндай жетістікке білімді, бірнеше тілді меңгерген, шығармашыл тұлғалары бар қоғам ғана қол жеткізе алады. Сол қоғамның бір мүшесі ретінде сендер де білімдерінді одан әрі жетілдіріп, іскерлік шеберліктеріңді шыңдауға тиіссіңдер.

Осы уақытқа дейін сендер тақырыптың ерекшелігіне қарай сөйлесім әрекетінің түрлерін кешенді орындап келдіңдер: қоршаған орта туралы мәтіндер мен көркем туындыларды достарыңмен бірге талдап, пікір бөлістіңдер; өз ойларыңды ауызша және жазбаша еркін жеткізуге, жүйелі айта білуге дағдыландыңдар.

Сынып жоғарылаған сайын қазақ тілі мен әдебиетінен алатын білімдерің өзінің мазмұн тереңдігімен, идеясының кеңдігімен, тілінің бейнелілігімен ерекшелене түседі. Оқулықта әртүрлі жанрларға құрылған мәтіндер үзінді түрінде берілді. Ондағы мақсат – сендердің ақыл-ой, шығармашылық қабілеттеріңді одан әрі ұштап, ұлттық құндылықтарды меңгере түсулеріңе жол ашу.

Олай болса, іске сәт, жас достар!

Құрметтен, авторлар

1-тақырып

БІЛІМ. ҒЫЛЫМ. ИННОВАЦИЯ

Т.Сұлтанбеков. «Ғажайып планета»

Дамудың негізгі қозғаушы күштері – білім,
ғылым, инновация және технология.

1–2-сабақ

Білімді мыңды жығар

Ойтүрткі

- Білімнің адам өміріне қандай пайдасы бар?
- «Білімді мыңды жығар» дегенді қалай түсінесіңдер?



1-тапсырма. Суреттерден не көріп тұрсың? Өз жұбыңа сұрақтар қой. Сұрағыңда *қоғамтану, жаратылыстану, бағдар, білім алу, оқып үйрену* сөздері мен сөз тіркестері болсын.



2-тапсырма. Әл-Фарабидің нақыл сөздерін тыңдап, тірек сөздерді анықтаңдар (1-аудио).

Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді. Өзін-өзі жетілдіру үшін білім керек. Білімді болу – белгісіз нәрсені, жаңалық

ашуға қабілетті болу деген ұғым. Білім қуған жан күнделікті **күйбен тіршілікті** ойламауы қажет. **Шын білім** – әрдайым **ақиқат**. Қандай ғылым болса да, ол адам санасына **болмысы бөлек**, ерекше **ұтқыр ұғымдарды** ұғыну арқылы ұялайды. Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері – зор, тілек-мақсаты ақиқат пен адалдыққа қызмет ету жолында болуы шарт.

Әл-Фараби



3-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Мәтіндегі қарамен берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңдер.

| Сөздер мен сөз тіркестері | Мағынасы |
|---------------------------|----------|
| ақиқат | шындық |
| | |

Керекті сөздер: мағыналы ой; ерекше, дербес; анық білім; бітпейтін күнделікті іс-әрекет.



4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Білім не үшін керек?
2. Қандай адам жаналық ашуға қабілетті?
3. Мақсаттарына жету үшін өз білімдерің жеткілікті деп ойлайсыңдар ма?



5-тапсырма. Елбасының білімге қатысты айтқан пікірлерін дамытып айтыңдар.

- Қандай байлық болмасын оның түбі бір саркылатыны анық. Саркылмайтын, терең бойлаған сайын, керісінше еселеп арта беретін бір байлық бар. Ол – білім.
- ХХІ ғасыр – ғылым мен ақыл-ой бәсекесінің ғасыры.
- Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына енуі үшін білімді де зерделі, жан-жақты дамыған дарынды ұрпақ керек.

Н.Ә. Назарбаев



6-тапсырма. Берілген сөздерді мағыналық жағынан сәйкестендіріп, сөз тіркестерін жасаңдар.

| | |
|--------------|----------------|
| саркылмайтын | ұрпақ |
| білімді | елдің қатарына |
| бәсекеге | қабілетті |
| терең | бойлау |
| елу | білім |

БОЛЖАЛДЫҚ САН ЕСІМ

Заттың санын дәл білдірмейді, шамамен болжамдап көрсетеді.

Қанша? Неше? Қай шамалы?

Жасалу жолдары

| | | |
|---|---|---|
| <p>-дай, -дей, -тай, -тей, -лаған, -леген, -даған, -деген, -таған, -теген, -лап, -леп, -дап, -деп, -тап, -теп, -ер жұрнақтары жалғануы арқылы</p> | <p>Есептік сан есімдердің қосарлануы арқылы</p> | <p>Есептік сан есімдерге <i>шақты, шамалы, жуық, таман, тарта, таяу, астам</i> сөздерінің тіркесуі арқылы</p> |
| <p>Мысалы: Төрт мыңдай жылқы сату керек. Ондаған бекетте жүздеген қонақ жатыр (Ғ. Мүсірепов).</p> | <p>Мысалы: Үй саны елу-алпысқа жетеді.</p> | <p>Мысалы: Бір миллионнан астам жас жұмыс істейді. Сағат екі шамасында барамын.</p> |



7-тапсырма. Сан есімдерді болжалдық сан есімге айналдырып, сөйлемдер құраңдар.

Отыз ел, екі білімпаз кісі, он бес мың кітап, бір миллион турист, алты түлек.



8-тапсырма. Суретке қарап диалог құрыңдар.



Талаттары :

- балалардың жас шамасын анықтау;
- шамамен қай сыныпта оқитынын, сыныпта қанша бала отырғанын айту;
- сөрелердегі кітаптың санын шамалау;
- білімге қатысты сөздерді және суретте бейнеленген заттардың атауларын қолдану.

3–4-сабақ

Болашақтың кілті – ғылымда

Ойтүрткі

- Ғылым сөзі қандай мағына береді?
- Сендерге қандай ғылым саласы ұнайды?



1-тапсырма. Өлеңді тыңдап, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер (2-аудио).


Балалар, бұл жол басы даналыққа,
Келіндер, түсіп, байқап, қаралық та.
Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп,
Соларды көре тұра қалалық па?!
Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріндер, іздеп тауып алалық та!

А. Байтұрсынұлы

1. Ақын «даналық» деп нені айтып отыр?
2. «Өзіндей көп бұл жолмен бара жатқан» дегенді қалай түсіндіңдер?
3. Даналық адамға қалай келеді?
4. Ақынның «іздеп тауып алалық» деп отырғаны қандай игіліктер?



2-тапсырма. Даналыққа апаратын жолдарды сызба бойынша анықтаңдар.



3-тапсырма. Абай Құнанбайұлының алдыңғы сыныпта өткен «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін еске түсіріңдер. «Білім» және «ғылым» ұғымдары адам бойындағы жақсы қасиеттермен қалай үндеседі? Ақын өлеңінің мазмұнын кластерге түзіп көрсетіңдер.





4-тапсырма. Абайдың «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген тұжырымы бойынша пікірталас өткізіндер.



5-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнына қарай ат қойыңдар.

Бүгінгі күнде елімізде ерлік көрсететін істер саласы өте көп. Ғарышқа ұшу – теңдесі жоқ ерлік. Шөл далада каналдар қазу, қала орнату, тың даланың төсін жаңарту еңбек адамдарының ерлігі емес деп қалай айтамыз?! Әлі де ғылымның сан-саласы ашпаған жаңалықтарды біздің болашағымыз – жастар, ғылымның жас өрендері ашады. Бағдарлап байқап қарасак, айналаң толы еңбек, жаны таза, ары таза адамдар. Бақытты болашақ үшін маңдай терін төгіп еңбек етуде. Ал, балалар, сендердің жан дүниелерің бүгінгі өмірге лайық болуы керек. Отанға берген сертінді орындап, ата-бабалардың қасиетін бойыңа жинап, өнегелі, тәрбиелі, оқуда озат болу – сенің ерлік жолыңдағы дайындығың. Әрқашан да дайын бол, жас дос.

К. Қайсенов



6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Автор болашақты құруда кімдерге үміт артады?
2. Атап көрсеткен жұмыс түрлерін неліктен ерлік деп есептейді? Олардың адам өміріндегі маңыздылығы неде?
3. Неліктен еңбекті бақытты болашақтың кепілі деп санайды?



7-тапсырма. Төмендегі есептік сан есімдерді болжалдық сан есімге айналдырып, сөйлемдер құраңдар.

5, 10, 20, 9–10, 50, 100.



8-тапсырма. Ойтаразы. 3-2-1 критерийі бойынша анықтаңдар.

- 3 маңызды ақпарат;
- қиындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.

5–6-сабақ

Баламалы қуат көздері

Ойтүрткі

- Суретте не бейнеленген? Оны ғылымның жетістігі деп айтуға бола ма?



1-тапсырма. Топтық жұмыс. ЭКСПО-2017 көрмесі туралы пікірлеріңді білдіріңдер.

Талатп ары:

1. Мына ақпараттарды қамту:
 - а) Көрме қашан және қайда өтті?
 - ә) ЭКСПО-2017 көрмесіне қанша ел қатысты?
 - б) Көрмені дүниежүзінен қанша адам тамашалады?
2. Болжалдық сан есімдерді қолдану.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тірек сөздерді анықтаңдар (3-аудио). Не туралы айтылған?

Қазақстанда өткен ЭКСПО көрмесінің бас тақырыбы «Болашақтың энергиясы» болды. Бүгінде адамзатты баламалы қуат көздерін игеру мәселесі ерекше толғандырып отыр. Адамзат күн энергиясын толық игерген кезде, бізге басқа энергия көзі қажет болмауы мүмкін. Күн – сарқылмас энергия. Күн энергиясы адам баласына толықтай қызмет еткен кезеңнен бастап, көмір, газ және атом арқылы алынатын энергияға деген сұраныс өзінен-өзі жойылады. Өкінішке қарай, бүгінде Франция атом электрстансылары энергиясын ең көп тұтынатын ел болып отыр. Біз, «Невада–Семей» қозғалысы, Қазақстанда атом электрстансысын салуға қарсы болып келеміз. Әрине, атом энергиясы – ең арзан энергия көзі. Оның үстіне, Қазақстан уран өндіруден әлемде көшбасшы болып табылады. Бірақ ұрпақ болашағы үшін атом электрстансысын салу қауіпті. Міне, сондықтан да Қазақстан «Болашақтың энергиясы» атты тақырыпта көрме өткізіп, адамзатты толғандыратын өзекті мәселені күн тәртібіне шығарып отыр.

О. Сүлейменов



3-тапсырма. Тыңдалым мәтінінің мазмұны бойынша жұбыңмен диалог құр. Төмендегідей сұрақтар қамтылсын.

1. Қазақстанда өткен ЭКСПО көрмесінің бас тақырыбы не туралы?
2. Атом энергиясын не мақсатпен қолдануға болады екен?
3. Қандай елдер атом электрстансыларын энергия көзі ретінде пайдаланады?
4. Қазақстанда атом электрстансысын салу неліктен қауіпті?



4-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. «Қос жазба күнделігі» әдісі арқылы энергия сөзін анықтайтын сөздерді тауып, мағынасын ашыңдар.

| Сөз | Сөз тіркесі | Түсіндірмесі |
|---------|----------------|-----------------|
| Энергия | Атом энергиясы | Ураннан алынады |
| | | |



5-тапсырма. Мына сөз тіркестерін қолданып, ауызша шағын мәтін құраңдар.

Баламалы қуат көздері: ауа, су, жел энергиясының артықшылықтары; атом электрстансысы; көшбасшы болып табылады; дүниежүзілік қоры шоғырланған.



6-тапсырма. О.Сүлейменовтің «Әрине, атом энергиясы – ең арзан энергия көзі. Оның үстіне, Қазақстан уран өндіруден әлемде көшбасшы болып табылады. Бірақ ұрпақ болашағы үшін атом электрстансысын салу қауіпті» деген пікірімен келісесіңдер ме? Өз ойларыңды білдіріп, постер әзірлеңдер.

БӨЛШЕКТІК САН ЕСІМ

Заттар мен құбылыстардың бөлшектік санын, үлесін білдіреді.

Қанша? Қаншасы? Неше?

Мысалы: *Оқушылардың үштен бірі қалды.*

Жасалу жолдары

Ондық бөлшектің сан есім бөлімі *шығыс* немесе *ілік септігінде*, ал алымы *тәуелдік жалғауында* тұрады.

Мысалы: *Жас ғалымдардың оннан бірі шетелден тағылымдамадан өтіп келді.*

Есептік сан есімдерге *жарты, жарым, ширек* сөздерінің тіркесуі арқылы.

Мысалы: *Тағылымдамадан өткен білімпаз жастардың іс-тәжірибесі бір жарым жыл сынақтан өтеді.*



7-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтіннен баламалы қуат көзінің қайдан алынатынын тауып, сипаттаңдар. Бұл өнертабысты отандық ғылымның жетістігі деуге бола ма? Елге қандай пайдасы бар деп ойлайсыңдар?

Заманауи киіз үй



Ақтөбе қаласы Сазды өзені маңындағы киіз үй

Ақтөбе қаласының Сазды өзені маңындағы қырда алты қанатты киіз үй орнатылды. Әрі сол биік жерге бейнебақылау камерасы қондырылды. Бұл – жайылымда жүрген малды бақылап, қажет кезде айдап келуге өте ыңғайлы құрал.

«Алғашында желден қуат алатын қондырғыны тәжірибеден өткізген едік. Жел қатты соққан күні техникалар істен шығып,

күннен қуат алатын батареяларға көштік. Өте ыңғайлы. Күннен қуат алып, бұлақ суына мотор орнатып қойдық. Қазір су үздіксіз келіп тұр. Бейнекамералар арқылы жайылымды қарап отыруға болады», – деді кәсіпкер.

Күннен қуат алатын батареямен жабдықталған киіз үйдің кереге, уық, шаңырағы бар. Тек пластикалық есік қондырылып, қабырғасы лево кірпіштен қаланған. Үйдің іші киізбен қапталған. Үй қыста пешпен жылытылып, электр энергиясымен жарықтандырылады. Кәсіпкер келешекте мұндай киіз үйдің үлкен сұранысқа ие болатынына сенімді.

www.7kun.kz сайтынан



8-тапсырма. Топқа бөлініп (математик, географ, журналист, сәулетші топтары болып). «ЭКСПО-2017 көрмесінің аумағы» тақырыбында шағын мәтін құраңдар. Мәтінде бөлшектік сан есімдерді қолданыңдар.



9-тапсырма. Ойтаразы. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап беріңдер.

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Орман терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?

7–8-сабақ

Технология, оның озық түрлері

Ойтүрткі

- Технология дегеніміз не?
- Қалай ойлайсындар, ертедегі адамдар технологияны пайдаланды ма?



1-тапсырма. Төмендегі анықтаманы түсіндіріңдер. Технология бүгінгі қоғамға ғана тән бе, әлде көне заманда да болған ба?

Технология гректің «*techne*» – өнер, шеберлік және «*logos*» – ғылым деген сөзінен шыққан, яғни «шеберлік туралы ғылым» деген мағынаны білдіреді.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (4-аудио). Бұл жазу Қазақстанның қай жерлерінде кездеседі?

Сына жазуы

Сына жазуы – ең алғашқы жазу. Бұл жазу жүйесі шумерлерге тән. Сына жазуы латынның «сына пішінді, тәрізді» деген сөзінен шыққан. Ол сына тәріздес таяқшаларды жұмсақ сазға басып жасалған белгі таңбаларды білдіреді. Сына жазуы біздің дәуірімізге дейінгі 4-мыңжылдық шамасында пайда болған. Шумерлік сына жазуында бір таңба бір сөзді білдіреді.

Осыдан бірнеше мыңдаған жыл бұрын адамдар енді-енді ойлауға қабілетті бола бастаған кезде, бір нәрсе жайында айтқысы келгенде, өзі мекендеген жерлердегі тау-тастарға, үңгірлерге суреттер салған. Тастағы жүзден астам сурет оқиға, іс-әрекеттің мағынасын жеткізуге тырысқан. Яғни, онда жабайы малдарды қолға үйреткен, жылқы үстінде отырған, ошақ басында билеп жүрген адамдар және басқа да танымдық бейнелер салынған.



Тау-тасқа кашалған бейнелер (суреттер)

Шумерлердің пиктограммалық жазуы Қазақстанның көп жерлерінде, әсіресе Алматы, Тараз, Шығыс Қазақстан облыстарындағы тау-тастарда сақталған.

Г. Қосымова



3-тапсырма. Болжалдық сан есімдерді қатыстырып, мәтіндегі ақпараттарды өз жұбына аңгімелеп бер.



4-тапсырма. Мәтінді оқып, тірек сөздерді анықтаңдар. Не туралы айтылған?



Күлтегін жазба ескерткіші

Ертедегі түркілер VI ғасырда өзіндік жазу емлесі бар руна жазуын дүниеге алып келді. Көне түркі жазуымен жазылған ескерткіштің бірі – Күлтегін жазба ескерткіші. Ескерткіштің биіктігі – 3,5 метр, ені – 1,4 метр, қалыңдығы – 0,41 метр. Тас бағана бес бұрышты қалқан тәрізді, қырларында айдаһардың суреті мен қаған бейнеленген. Ескі құлпытастағы құпия жазуларды түркітанушылар көпке дейін оқи алмай келді. 1893 жылы 25 қарашада Дания ғалымы В.Томсен Орхон жазуын оқудың кілтін тапты. Ол жазудың көне түркі тілінде жазылғандығын жариялады. Ғалымның алдымен оқыған сөздері – «Тәңірі» және «түрік» сөздері болды. Ке-

йін, академик В.Радлов мәтінді аударды. Осы зерттеулерден кейін құлпытастарға қашалып жазылған жазулар Күлтегін батырдың ерлік істері жайлы қаһармандық дастан екені белгілі болды.

«Менің Отаным – Тәуелсіз Қазақстан» энциклопедиясынан



5-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын өз сөздеріңмен жеткізіңдер. Ол үшін мына сөздерді мағыналық жағынан сәйкестендіріңдер.

| | |
|--|------------------------------|
| Көне түркі жазуымен жазылған ескерткіштің бірі – | ерлігі туралы дастан. |
| Жазу | В.Томсен. |
| Құпия жазуды оқыған ғалым – | Күлтегін ескерткіші. |
| Бұл – Күлтегін батырдың | құлпытасқа қашалып жазылған. |



6-тапсырма. Рөлдік ойын (журналист пен түркітанушы ғалым). Көне түркі ескерткіші туралы түркітанушы ғалым рөліндегі оқушыдан сұхбат ал. Сұрақтарды оқылым мәтіні бойынша дайында.

Үлгі:

| | |
|--------|--|
| Кім? | |
| Не? | Құлпытастарға қашалып жазылған жазулар не жөнінде? |
| Қашан? | |
| Қайда? | |



7-тапсырма. Мәтіндегі сан есімдерді болжалдық және бөлшектік сан есімдерге айналдырыңдар. Тіркескен сөздерімен айтып, өз жұптарыңа мәлімет беріңдер.



8-тапсырма. Ойтаразы. «ПОПС» формуласын пайдаланып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлеріңді білдіріңдер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



9–10-сабақ

Жазу – технологияның жетістігі

Ойтүрткі

- Түркілердің (қазақ халқының) өркендеті жайында не білесіңдер?
- Ертедегі түркілердің жазуы қандай технологиямен жүзеге асқан?



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтінде не туралы айтылған?

1. Табиғат пен көне заман не метафораға, не құпия сырға айналатын таңба белгілер **ұсынбай тұрмайды**. Жер бетіндегі биологиялық және рухани даму адамзаттың тау-тас, аспан, ағаш, өгіз, ешкі тәрізді **тілсіз таңбаларды** қабылдап, **түсіну** қабілетінің даму деңгейіне байланысты.

2. Адам да таңба. Біз оны оқыдық, **ұқтық** деген сайын **жаңылып** келеміз. Өзі **түсіне алмаған** дүниенің бәріне бірдей табына берген адам миллион жыл бойына табиғаттың құлақкесті құлы болып келді. Адам баласының бас көтеруі оның құмға сызған бірінші геометриялық фигурасынан басталады.

Түсіндірме сөздік

көне заман – ежелгі дәуір
тілсіз таңбалар – жансыз бейнелер
табына беру – кие санау, киелі деп мән беру
құлақкесті құл болу – басында азаттығы жоқ, еркі жоқ
бас көтеруі – саналы жолға түсу
құмға сызған – құмға салған

О. Сүлейменов. «Қыш кітап»



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Көне заман адамдарға қандай белгілер қалдырған?
2. Тау-тас, аспан, ағаш, өгіз, ешкі тәрізді таңбалар нені білдіреді?

3. Автордың «Адам миллион жыл бойы табиғаттың құлы болып келді» деуінің мәнісі неде?

4. Адам баласының бас көтеруі неден басталады?



3-тапсырма. Мәтіннің 1-бөлігіндегі қарамен берілген сөздердің антонимдерін, 2-бөлігіндегі қарамен берілген сөздердің синонимдерін тауып жазындар.



4-тапсырма. Төмендегі тұрақты тіркестер мен бейнелі сөздерді қолданып сөйлем құраңдар.

Құпия сыр, табына берген, құлақкесті құлы, бас көтеруі.



5-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (5-аудио). Автордың идеясына болжам жасаңдар. Автор не айтқысы келді?

Мұхамбет Субботиннің айтуына қарағанда, оның атасы оқитын бір қыш кітап болғанға ұқсайды. Ендеше, бұл дастанның тегі – жазба шығарма. Ауыз әдебиеті, міне, содан басталған. Ал ол кірпіштер (қашап жазылған кестелі тастар) кейін шаруашылық мұқтажына жұмсалған. Кейінірек Шардара сукоймасының астында қалған.

Біз далада жүріп қағазға түсірілген жазбаларды жүйеге келтіріп, ата-бабаларымыздың баға жетпес көркем творчествосының ғаламат үлгісін оқырман назарына ұсынамыз.

О. Сүлейменов. «Қыш кітап»



6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қыш кітапта қандай жазу болған?
2. Автор қандай кірпіштер туралы айтып тұр?
3. «Кірпіштер Шардара сукоймасының астында қалған» дегенді қалай түсінесіңдер?



7-тапсырма. Берілген болжалдық және бөлшектік сан есімдерді қатыстырып сөйлемдер құраңдар.

Төртінші мыңжылдық, екі жарым, шпрек ғасыр, бестен бірі, оннан бесі.



8-тапсырма. Тыңдалым мәтінін INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдаңдар. Төмендегі белгілермен әр бөлікті немесе сөйлемдерді белгілеңдер. Өз ойларыңды білдіріңдер.

| «V» | «-» | «+» | «?» |
|------------------|------------------------------------|-----------------------|--------------------------------|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлағанымға қайшы. керісінше | Мен үшін жана ақпарат | Келісе алмаймын, білгім келеді |

11–12-сабақ

«Ғажайып планета»

Ойтүрткі

- «Ғажайып планета» дегенде көз алдарына не келеді?
- Жерді «ғажайып планета» деп атауға бола ма? Неліктен?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (6-аудио). Тірек сөздерді анықтап, дәптерлеріңе жазыңдар.

Биологтің көз алдынан кешегі бір ғажайып оқиға тізбектеліп өте шықты. «Байқоңыр-12» өзіне жүктелген тапсырманы ойдағыдай орындап, «Тұңғық» жұлдыздар жүйесінен көтерілді. Орталық космос стансысының мекен-тұрағына ақпа жұлдыздай заулап келе жатыр. Экипаж кемедегі жұмыстың бәрін автокосмонавтқа жүктеп, үш айлық терең ұйқыға кетті.

«Байқоңыр-12» кемесі мылқау тыныштықта космос әлемін тіліп, үнсіз жүзіп келеді. Ең ақыры эзілқой Кибер де жатып қалған. Кенет «апат» аппаратының кернейі сарнап қоя берді. «Байқоңыр-12» жүрісін баяулатып, кібірткітеп қалыпты. Бұған алдымен Кибер оянды. Кибер – физикалық-механикалық жасанды адам. Мандайындағы жалғыз көзден жасыл от шашады. Ол жанұшыра жүгіріп, механик Осиповты жұлқылады. Бүкіл экипаж аяғынан тік тұрды. Осипов электрондық миды іске қосты. «Байқоңыр-12» кемесіне міндетті түрде қону керек...

Т. Сұлтанбеков. «Ғажайып планета»



2-тапсырма. Мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестерінің орысша баламасын табыңдар.

тұңғық
ақпа жұлдыз
мылқау тыныштық
сарнап қоя берді (сарнау)
аяғынан тік тұрғызу

метеор
здесь : подать сигнал о бедствии
поднимать на ноги
мертвая тишина
глубокий



3-тапсырма. Мәтінді қайта тыңдап, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Әңгіме үзіндісі не туралы деп ойлайсыңдар?
2. Ғарышкеме қайда бет алды?
3. Кенеттен не сарнап қоя берді? Оған алдымен кім оянды?
4. Мәтіндегі кейіпкерлер кімдер?



4-тапсырма. Қарамен берілген сөздерге сұрақтар қойып, мағынасын түсіндіріңдер.

Білім, ғылым – адамды тану ілімі. Ғылыми ізденістің нәтижесінде туған білім табиғатты, адамды, қоршаған ортаны танып білуге көмектеседі. Зиялы қауым өкілдері қоғамдағы өзекті мәселелерді көпшілікке үнемі ұсынып келеді.



5-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. 4-тапсырмада берілген пікірмен салыстырып, ортақ ойды анықтаңдар. Қиындықтан шығуға не көмектесті?

Электрондық ми өз экранына космос картасын жайып салды. Экипаж мүшелері әлем картасына үнілді. «Байқоңырдың» келе жатқан жері от жебе болып жарқырайды, ұлан-асыр космос мұхиты. Галактикалық жеке-жеке жұлдыз жүйелері шоқ-шоқ болып шашылып жатыр. Оқта-текте космос аралдары, құйрықты жұлдыздар көзге шалынады. Қайда тарту керек?!

Оразов «Байқоңырдың» жолына ең таяу деген қос жұлдыз шоғырына бұрылуға ұйғарды. Ол небәрі он жеті планетадан құралған. Қос жұлдыз егіз Күндер іспеттес...

Оразов «Байқоңырды» дәл осы планетаға бағыттады. Экипаж мүшелері үнсіз ишаратпен бұл шешімді мақұлдағандай. Тек Кибер алақанын соққылап, қуанып қалды. Алақай, жаңа планета көреміз! Оның бұл қуанышы орынды еді. Экспедиция жинап қайтқан материалдар өте құнды. Оны аман-есен адамзат ұрпағына жеткізу – бұлжымас борыш. Тура жолдан ауытқудың кесепаты мол. Кеме уақыттан ұтылады, жанар отыны таусылады. Алайда шешім біреу ғана болуға тиіс. Ол – «Байқоңырды» және оның жиған материалдарын қайткен күнде аман сақтап қалу...

Т. Сұлтанбеков. «Ғажайып планета»



6-тапсырма. Төмендегі сұрақтарды пайдаланып, бір-біріңмен диалог құрыңдар.

1. Космос картасы ғарышкерлерге не үшін керек?
2. Неліктен «Байқоңыр-12» кемесі жаңа планетаға қонбақ болды?
3. Оразовтың әрекетін қалай бағалар едің? Ондай әрекетке не үшін барды деп ойлайсың?
4. Оразовтың орнында болсаң, сен не істер едің?
5. Кибер неліктен қуанды?



7-тапсырма. «Байқоңыр-12» кемесі бағыт алған жаңа планетаны мәтін бойынша суреттеп жазыңдар.



8-тапсырма. «Байқоңыр-12» кемесі жинаған материалдар қайда тіркеледі? Одан қандай түйін жасауға болады?» деген сұрақтар бойынша болжам жасаңдар.



9-тапсырма. Ойтаразы. 3-2-1 критерийі бойынша анықтаңдар.

- 3 маңызды ақпарат;
- қиындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.

13–14-сабақ

Білім – ғылымның табысы

Ойтүрткі

- «Ғажайып планета» шығармасындағы экипаж мүшелері қай саланың мамандары?
- Қалай ойлайсындар, шығармадағы оқиға шындыққа негізделген бе, әлде ойдан шығарылған ба?



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Автордың не айтқысы келгенін жұбыңнан сұра.

Автокосмонавт «Байқоңырды» ерекше ептілікпен қосжұлдыз атмосферасына алып кірді. «Байқоңыр» планетаның ең шеткі орбитасына еркін енді де, оның спутнигіне айналды. Сол кезде күтпеген жерден қызық құбылыстар басталды. «Байқоңыр» орбитаға түсісімен, жан-жақтан метеорит тәріздес ұсақ денелер жауып кетті. Кәдімгі жер үстіндегі адамды бас салатын шыбын-шіркей тәрізді. Тұс-тұстан «Байқоңырды» соққылап, құлап жатыр. Бірінші боп айқайлап жіберген кеме биологі Туранов болды.

– Жолдастар, құттықтаймын! Сіздер адамзат тарихында тұңғыш рет жанды метеориттер жауынын көріп отырсыздар. Кибер, дереу биомагнитті іске қос! – деді ол.

Осы кезде Кибер астыңғы отсектен сүйретіп бірнеше сүлік тәріздес жанды заттарды әкеліп тастай салды. Экипаж мүшелері жапырлай жүгірісіп, космос сүліктерін көре бастады...

Космос балықтары тұяқ серіппей өліп қалыпты. Денелерінен жасыл сұйықтық бөлініп жатыр...

Т. Сұлтанбеков. «Ғажайып планета»



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Байқоңыр» кемесі планетаға енгенде, қандай қызық құбылыс орын алды?
2. Туранов экипаж мүшелерін немен құттықтады?
3. Экипаж мүшелері нені көрді?



3-тапсырма. Топтық жұмыс. Жаратылыстану, биология пәндерінен алған білімдеріңді пайдаланып, өлген космос балықтарынан келер қауіпті болжандар. Өз ойларыңды нақты деректермен қорытындылаңдар.



4-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (7-аудио). Қандай ақпарат естеріңде қалды?

...– Маған көптеген нәрсе түсініксіз, – деп бастады Мариям сөзін. Атмосферада белок пен көміртек орасан көп мөлшерде шоғырланған. Бұған қарағанда, планетадағы тіршілік мөлшерлі шарасынан мүлде асып кеткен. Кеме аспаптары планета үстінде оттек бөліп шығаратын қуатты көздер бар екенін тіркеді. Бұл – өте қызық құбылыс. Планетадағы фотосинтез процесі атмосфераның жоғарғы қабатында жүреді екен. Біздің жер бетінде өсімдік топырақта өсіп-өніп, олар алуан түрлі формада табиғаттың, ауа райының ыңғайына қарай икемделсе, мұнда тіпті де олай емес. Өсімдік атаулы ауада жүзіп жүретін көрінеді.

– Бұл бір біз естімеген ғажап екен, – деді Кибер...

Т. Сұлтанбеков. «Ғажайып планета»



5-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Мәтін үзінділерінен биологияға қатысты терминдерді теріп жазып, «Қос жазба күнделігі» әдісі арқылы мағынасын ашыңдар.

| Термин сөздер | Түсіндірмесі |
|---------------|--------------|
| | |



6-тапсырма. Биология пәнінен алған білімдеріңді пайдаланып, фотосинтез процесі қалай жүретіні жөнінде айтыңдар.



7-тапсырма. Мәтіндегі кейіпкерлерге мінездеме беріңдер.



8-тапсырма. Ойтаразы. «ПОПС» формуласын қолданып, төмендегі ақпараттар негізінде «Ғажайып планета» деген түсінікке өз пікірлеріңді білдіріңдер.

...Бір жарым сағаттай жол жүрген соң, автомобиль үлкен жарға келіп тірелді. Жардың асты – ағып жатқан қара қошкыл өзен. Өзен үсті – құж-құж қайнаған ұсақ жәндіктердің қара құйыны. Қара қошкыл судың ішінде де алуан түрлі жәндіктер мол екен.

– Ахмет, сіз айтыңызшы, бұл неғылған ғажап планета! Көзімізге тірі жәндіктерден басқа ештеңе түспей қойды ғой. Мына ағып

жатқан судың да жаны бар сияқты. Осындай үлкен планета тек ұсақ биоорганизмдер құйынынан тұрмайтын шығар?! Мұнда даму сатысы жоғары ақыл пелерінің болулары да ықтимал, – деді Мариям.

Т. Сұлтанбеков. «Ғажайып планета»

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



15–16-сабақ

Ғылымның қазіргі жетістіктері

Ойтүрткі

- «Ғылыми табыс» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Ғылымның қазіргі жетістіктері туралы не білесіңдер ?



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар.

...Мен алдымен планета үстіндегі жәндіктердің азайғанын, олардың қозғалыстарының саябыр тапқанын байқадым. Содан кейін дүңкілдеп соққан жүректің дыбысы естілді. Ол осы планетаның алып жүрегі болуы ғажап емес. Жүрек соққанда жан-жаққа жылы леп тарап, ол бүкіл планетаны ұйқыға баурайды екен, – деп, сөзін аяқтады биолог Туранов.

Экипаж мүшелері тым-тырыс қалды. Барлық экипаж мүшесі анабиоздық ұйқыға жатты. Тек Кибер ғана ояу отыр...

Т. Сұлтанбеков. «Ғажайып планета»



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Экипаж мүшелері нені көрді? Оның жаны бар ма?
2. «Планетаның алып жүрегі соққанда, бүкіл планетаны ұйқыға баурайды екен» дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Экипаж мүшелері Орталық космос стансысына қандай құнды ғылыми деректер алып келді?



3-тапсырма. Қиялға кезек берейік. Аспан әлемінде жүріп, өзге ғаламшарға түстің. Оның Жер ғаламшарынан қандай айырмашылығы бар екен? Көркемдегіш сөздерді қолданып суреттеп жазыңдар.



4-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (8-аудио). Қандай жаңа сөздер кездесті?

Жаһанданудың жаңа кезеңінде отандық ғылым саласын ілгерілетудің бір жолы робототехника саласын дамыту болып отыр. Себебі әлемде роботтанудың қарқыны үдеп келеді. Бұрын таңырқап қарайтын құлтемірлер қазір әртүрлі салаларда (ғарыш, медицина, әскери, қызмет көрсету) қолданылады.

Еліміз үшін робототехника әлі де жас сала болғанымен, бірқатар мектептерде Робототехника үйірмелері жұмыс істей бастады. Ал Назарбаев зияткерлік мектептері мен «Білім. Инновация» лицейлерінің оқушылары құлтемір құрастыру сайыстарында үнемі жүлделі орындар алып келеді.

Egemen.kz сайтынан



5-тапсырма. Мәтін бойынша бір-біріңмен диалог құрыңдар.

1. Құлтемірді инновациялық табыс деуге бола ма?
2. Құлтемір құрастырар болсаң, қандай мақсатта пайдаланар едің?
3. Құлтемірлер қандай салаларда қолданылып келеді?



6-тапсырма. Қазіргі қоғамда қандай ғылыми салаларға қызығушылық танытасыздар? Қай салада жаңалық ашқыларың келеді? Оның қоршаған ортаға қандай пайдасы болады? Кластер түзіп көрсетіңдер.



7-тапсырма. Берілген ақпаратты пайдаланып, «ЭКСПО-2017 көрмесі – XXI ғасыр ғылымының жетістігі» деген тақырыпта мектеп газетіне шағын мақала жазыңдар (қосымша ресурс көздерін пайдаланыңдар). Мақаланы талапқа сай жазған-жазбағандарыңды бағалаңдар.

Еліміздің бас қаласы Астананың келбеті арайлана түсті. Ару Астананың ортасындағы ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің қалашығы ертелі-кеш төрткіл дүние туристерін қабылдап, қайталанбас қызықтарға кенелді...

Таланттары :

- ЭКСПО-2017 көрмесі туралы қамту;
- көрменің орналасқан жері, көлемі туралы ақпарат беру;
- көрмеге қатысқан елдердің ғылыми табыстары жөнінде баяндау;
- шамамен 70–80 сөзден тұру.



8-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңдер.

- «Ғылым. Білім. Инновация» тақырыбы бойынша нені білдіңдер?
- Т.Сұлтанбековтің «Ғажайып планета» шығармасында қандай инновациялық тәсілдер жүзеге асты?

2-тақырып

САУДА ЖАСАЙ БІЛЕСІҢ БЕ?

А.Құнанбайұлы. «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар»

Өзіне сен, өзінді алып шығар,
енбегін мен ақылын екі жақтап.

А. Құнанбайұлы

1–2-сабақ

Сауда, оның адам өміріндегі маңызы

Ойтүрткі

- Сауда туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер?
- Қалай ойлайсыңдар, сауда жасай алу өзіңнің күшіңе сену дегенді білдіре ме?



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтіндегі саудаға берілген анықтаманы түсінгендеріңді білу үшін, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

Сауда көне орыс және көне славян тілінде «торг» – сауда жасалатын алаң, орын, базар деген мағынаны білдіреді. Сауда – материалдық және рухани игіліктерді сатып алу-сату әрекеті.

Сауда – тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің сатылуын ұйымдастыратын қызмет аясы. Жеке адамның пайда табу мақсатымен тауарларды айналысқа түсіру, оларды сатып алу және сату жөніндегі қызметі. Сауда – сатып алу-сату арқылы тауарларды өткізетін шаруашылық сала.

Уикипедиядан

1. Сауда дегеніміз не?
2. Сауда қандай әрекет?
3. Сауда нені сатып алу және сату жөніндегі қызмет?
4. Сауда қандай әрекет арқылы тауарларды өткізетін шаруашылық сала?



2-тапсырма. Мәтіннен мына сөздердің синонимдері мен антонимдерін табыңдар.

Синонимдік қатар : алаң – ... , ... , ...

заттар – ... , ... , ...

Антонимдік қатар : сату – ... , ... , ...

қабылдау – ... , ... , ...



3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Берілген сұрақтар бойынша диалог құрыңдар.

- Сауда қалай жүзеге асады?
-
- Сауда қайда жүзеге асады?
-
- Саудада қандай тауарлар сатылады?
-
- Материалдық игіліктерге нелер жатады?
-
- Рухани игіліктерге нелер жатады?
-



4-тапсырма. Игіліктердің түрлерін кластерге түсіріңдер.



5-тапсырма. Сөйлемдегі «не істейді?» деген сұраққа жауап беретін сөздердің қатарын толықтырыңдар.

Материалдық игіліктерді *өндіреді*, *сатып алады*, ... ,
 Рухани игіліктерді *жасайды*, *жазады*, ... ,



6-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, «Сауданың адам өміріндегі маңызы» деген тақырыпта шағын мәтін құраңдар.

Менің отбасым, күнделікті, қолма-қол сауда, супермаркетте, азық-түлік, сатып алады, кнім-кешек, кәдесый жасайды.



7-тапсырма. Сауда жасау кезінде қолданылатын этикет сөздерді есте сақтап, диалогке түскенде қолданыңдар.

Тілдік этикет :

- сауда орындарында «Сәлеметсіз бе?», «Сау болыңыз!» этикет сөздерін қолдану;
- сатушыдан бірденені өтінуді «кешіріңіз» сөзінен бастап, «рақмет» сөзімен аяқтау;
- сатушының әр жақсы әрекетіне алғыс білдіру;
- сатушының әр ісіне, әр сөзіне сыйластықпен қарау.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

- Бүгін не үйрендіңдер?
- Сөздік қорларыңды қанша сөзбен толықтырдыңдар?
- Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

3–4-сабақ

Сауда тарихы

Ойтүрткі

- Ұлы Жібек жолының пайда болу тарихы жөнінде не білесіңдер?
- Ұлы Жібек жолының ел өміріндегі маңызы қандай?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тірек сөздерді анықтаңдар (9-аудио). Не туралы айтылған?

Сауда – республиканың экономикалық қызметінің бірден-бір ірі саласы. Оның дамуы – экономиканың табысты жұмыс істеуінің басты шарттарының бірі. Сауда – мемлекетаралық байланыстың дәнекері.



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер. Сөз ішіндегі, сөз аралығындағы дыбыстардың үндестігін сақтап сөйлеңдер.

1. Сауда қандай қызметтің бірден-бір саласы?
2. Сауданың дамуы ненің дамуына алып келеді?
3. Ел экономикасының жұмыс істеуінің басты шарты не?
4. Сауда не нәрсеге дәнекер болады?



3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Ұлы Жібек жолының қандай салада маңызды болғанын бір-біріңе түсіндіріңдер.

Ұлы Жібек жолы – Еуразия құрлығындағы сауда, керуен жолдарының жалпы атауы.

Ұлы Жібек жолы біртұтас сауда жүйесіне айналып, соның әсерінен оның бойында қалалар салынды, қолөнер өндірісі дамыды. Айырбас сауданың орнына тауар-ақша қатынасы пайда болып, Орта Азия



6-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін пайдаланып сөйлем құраңдар.

Ұлы Жібек жолы, Шығыс пен Батыс өркендеті, мәдени алмасу, тауарлар тасымалдану, негізгі жолдар, сауда қылу.



7-тапсырма. «Ұлы Жібек жолының халықаралық сауданы дамытудағы рөлі» тақырыбына эссе жазыңдар.

Талаптары :

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім мен қорытынды бөлімнің болуы;
- тақырыптан ауытқымау;
- өзіндік тың пікірлер келтіру;
- баяндау стилі нақты болу;
- көлемі 120–150 сөзден тұру.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңдер.

- Бүгін сабақта не білдіңдер? Бұрын не білетін едіңдер?
- Қанша жана сөз үйрендіңдер?
- Сұрақтарға дұрыс жауап бердіңдер ме?

5–6-сабақ



Сауданың қолданылатын орындары

Ой тұрткі

- Берілген суреттер топтамасынан қандай ой түйдіңдер?
- Сауда орындарының қандай түрлері бар?



1-тапсырма. Мәтінді бір оқушының оқуынан тыңдаңдар. Сөз ішіндегі, сөз аралығындағы дыбыстардың үндестігін сақтады ма?

Табысқа жеткісі келген саудагер есеп-қисапты, шет тілдерін, теңіз ісін, заңды жақсы білуі керек. Өйткені сапарда жүргенде көптеген

книндыққа, қауіп-қатерге ұшырауы мүмкін. Ұзақ жол жүруге мәжбүр болған саудагерлер ғылымның жетілуіне, әсіресе географияның дамуына көп септігін тигізді.

Massaget.kz сайтынан



2-тапсырма. «Саудагер қандай адам болуы керек?» деген сұрақ бойынша ой бөлісіңдер.



3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Қандай ой айтылған? Бір-біріңе сұрақтар қойып, жауабын бағалаңдар.

Сауданыз жүрсін десеңіз, өнімнің құрамын емес, қажеттілігін арттырыңыз. «Адамдар бір затты ұнатқандықтан емес, заттардың пайдасы бар болғандықтан сатып алады», – дейді Дэн Кеннеди.

Өз өнімдеріңіздің жарамдылығына кепілдік беріңіз. Егер тауарыңызға 100 пайыз кепілдік бере алмасаңыз, өз тауарыңыздың сапасына өзіңіз сенбегендігіңіз. Ұзақ мерзімге берілетін кепілдік тауардың өтімділігін арттырады. Әрине, ең жақсы кепілдік – ақшаны толықтай қайтарып беру. Кейбір компаниялар тауардың бағасынан да көп ақша қайтарып береді. Сіздің өнімдеріңізді сатып алған соң, қулық жасап, тауарды қайтаратын тұтынушылар да болады. Бірақ көп жағдайда керісінше болатындықтан, мұндай кемшіліктерді сол ақшалармен толтырып алсаңыз болады. Қалайда мүмкіндік тауып, жеңілдік жасауға тырысыңыз. Мысалы, тегін қызмет көрсету, тауардың жарамдылығына 3 жылға дейін толықтай кепілдік беру маңызды. Осы секілді жеңілдіктерді ойластырып, оларды көпшілікке ұсына біліңіз.

Massaget.kz сайтынан



4-тапсырма. Мәтіндегі біреудің сөзі немесе мысалы сенімді дерек болатынын дәлелдеп айтыңдар.



5-тапсырма. Кеңесшінің сөзін пайдаланып, бір тауарға жарнама жасаңдар.

Талаптары :

- өздерің сататын заттың пайдасын айту;
- өз өнімдеріңнің жарамдылығына кепілдік беру;
- тауардың бағасына қандай жеңілдік болатынын атап көрсету;
- жарнама мәтінде болжалдық және бөлшектік сан есімдерді қолдану.



6-тапсырма. Қалай ойлайсыңдар, өнімдердің сапасы, бағасы туралы білу маңызды ма?



7-тапсырма. Мәтіндегі сан есімдерді болжалдық және бөлшектік сан есімдерге айналдырып оқыңдар.

«Хан Шатыр» сауда және ойын-сауық орталығының ғимараты – Орталық Азиядағы ең ірі сәулеттік жоба. Оның биіктігі – 200 метр. Металл қондырғылардың жалпы салмағы – 2300 тонна, ал шатырдың биіктігі – 150 метр. «Хан Шатырдың» ішкі көлемі 110 мың шаршы метр аумақты алып жатыр. Орталықтың ішінде көптеген дүкен, кинотеатр, дәмхана бар. Сонымен бірге алтыншы қабатта саяхат жасайтын монорельсті теміржол, жүзу бассейні орналасқан. Балалардың демалысы үшін 7 және 4 метрді құрайтын су сырғанақтары жасалған.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жазыңдар.

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Ортан терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?

7–8-сабақ

«Базарға, қарап тұрсам, әркім барар»

Ойтүрткі

- Абай Құнанбайұлының қандай шығармаларын білесіңдер?
- Ақынның «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» деген өлең жолын қалай түсінесіңдер?



1-тапсырма. Өлеңді оқыңдар. Абай ақын не айтқысы келді?

Базарға, қарап тұрсам, әркім барар

Базарға, қарап тұрсам, әркім барар,

Іздегені не болса, сол табылар.

Біреу астық алады, біреу – маржан,

Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.

Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар,

Сомалап ақшасына сонан алар.

Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар,

Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар.

Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма?
Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар.
Жазған соң жерде қалмас тесік моншақ,
Біреуден біреу алып, елге тарар.

Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой,
Шамданбай-ақ, шырақтар, ұқсаң жарар.
«Іт маржанды не қылсын» деген сөз бар,
Сәулесі бар жігіттер бір ойланар.



2-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Өлеңдегі бейнелі сөздердің мағынасын ашыңдар.

| Сөздер мен сөз тіркестері | Мағынасы |
|---------------------------|-------------|
| жағу | |
| астық | |
| маржан | |
| сөзді ұғар | |
| жалпақ жұрт | |
| тесік моншақ | қажетті зат |



3-тапсырма. «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» деген өлең жолын алдыңғы сабақтағы оқылым мәтінінің мазмұнымен салыстырыңдар. Олар қандай адамдар?



4-тапсырма. Өлеңдегі «Әркім базардан керегін алар» деген ойды нақты деректер келтіріп дәлелдендер. Мысалы, ертең сыныптасыңның туған күні. Кәдесыйға не алар едің?



5-тапсырма. Базар мен сауда орталықтарының қайсысында азық-түлік не киім-кешек сатып алу тиімді? Өз ойларыңды дәлелдеп айтыңдар.



6-тапсырма. Сендер базарға не сауда орталығына бардыңдар. Сөз этикетін сақтап, сатушымен диалог құрыңдар.

- Апай (ағай), ... ?
-
- Кешіріңіз, бар ма?
-
- Мына аяқкиім ?
-
- Жақсы , Рақмет!



7-тапсырма. Берілген сөйлемдердегі сан есімдердің қызметін түсіндіріңдер. Сан есімдерді цифрмен жазыңдар.

1. Биыл сауда айналымындағы кіріс-шығыс жиырма миллиондай болды. 2. Үлкен ойын-сауық орталықтарында сатылым кезінде алпыс-

жетпіс пайыз жеңілдіктер болып тұрады. 3. Шамамен он миллион теңге болатын инновациялық жоба қаржыландырылды. 4. Шағын бизнестің табысы екі жарым пайызға артты. 5. «Болашақ» бағдарламасы арқылы мындаған студент шетелге тағылымдамаға жіберілді. 6. Сауда-саттықтың арқасында бес мыңдай адам жұмысқа тартылды. 7. ЭКСПО-2017 көрмесіне сыныптың үштен бірі қатысты.



8-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, Абай өлеңіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлеріңді білдірңдер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

9–10-сабақ

Сауда орнындағы қарым-қатынас этикеті

Ойтүрткі

- Сауда орындарындағы мәдениет қандай?
- «Басқаны тыңдау» дегенді қалай түсінесіңдер?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (10-аудио). Жұбыңның түсінген, түсінбегенін білу үшін, оған сұрақтар қой.

Қарым-қатынас этикеті

Айналаңыздағы адамдарға жағымды қарауға үйреніңіз. Сауда орындарына барғанда, ашуланып сөйлеменіз. Сатушыны және тауарды жамандамаңыз, басқаның таңдауын сыйлаңыз. Қарым-қатынасқа түсіп отырған адам туралы жағымсыз нәрсе айтпаңыз.

Адамдардың алдында өз қателігіңізді мойындаудан ұялмаңыз. Сатушыдан кешірім сұраңыз, сонда ғана ол өзінің қателігін түсінеді, өзіне деген сыйластықты сезінеді.

Басқаны тыңдап үйренуіңіз қажет. Бұл қасиет сіздің әдепті және тәрбиелі екеніңізді көрсетеді. Өзгелердің әңгімесіне кедергі жасамауға, сөзін бөлмеуге, олармен ұрыспауға тырысыңыз. Сатушымен сұхбатты жайдары және сыйластықпен өткізген жөн.

Massaget.kz сайтынан



2-тапсырма. Мәтіннің құрылымына назар аударыңдар. Қанша бөліктен тұрады? Әр бөлікте айтылған ақыл-кеңестің не туралы екенін айтыңдар.



3-тапсырма. Сауда орталығында не базарда өздерің куә болған жайды әңгімелеп беріңдер. Сатушы мен сатып алушының сөздеріндегі тілдік этикетке мысалдар келтіріңдер.



4-тапсырма. Берілген сөздерді тірек етіп, сурет бойынша әңгіме жазыңдар. Мәтінде болжалдық сан есімдер болсын.



Сауда-саттық, азын-аулақ, дана, арзан, қолма-қол, төлем, қаражат, түбіртек.



5-тапсырма. Топқа бөлініп, жағдаятқа құрылған рөлдік ойын ойнаңдар.

Ойын шарты :

- ойынға сатушы, егде адам, жас қыз бен жігіт қатысады;
- қатысушыларға олардың ойнайтын кейіпкерлері аталып, мінездеме беріледі;
- ойын кезінде айғай-шу, реніш сияқты оқиғалар орын алады;
- ойынды бағалайтын спикер болады.



6-тапсырма. Ойыннан қорытынды шығарыңдар.

- Бәріне жақсы болу үшін не істеу керек еді?
- Егер этикет талаптары орындалмаса (дүкенде, базарда, сауда орталықтарында т.б.), не болар еді?
- Сендер этикет ережелерін білесіңдер ме?
- Күнделікті өмірде қандай ережелер жиі пайдаланылады?
- Этикет ережесін орындауда қандай қиыншылықтар кездеседі?



7-тапсырма. «Сауда жасау – біздің өміріміздің бір бөлшегі» деген тақырыпта шағын мәтін жазыңдар.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағында» өзіңді және бір-бірінді бағалаңдар.

- Өздерің құрастырған мәтінде этикет сөздердің қызметін дұрыс қолдана алдыңдар ма?
- Үндестік заңына сай сөйлей алдыңдар ма?

11–12-сабақ

Сатып алушының бейнесі

Ойтүрткі

- Сауда жасаудың қандай қызықты ерекшеліктері бар?
- Ақшаны үнемдеу қандай жолдармен іске асуы мүмкін?



1-тапсырма. Мәтінді оқып, ондағы кейіпкерлерді атаңдар. Өздеріңді қай топқа жатқызасыңдар?

Психологтер сатып алушылардың бірнеше түрі бар екендігін айтады. Олар эмоционалды, рационалды және енжар сатып алушылар болып үш топқа бөлінеді.

Эмоционалды сатып алушыларды әйелдер қауымы құрайды. Олар көбіне дүкен аралауды алдын ала жоспарламай, кенеттен саудаға кірісіп кетеді. Мұндай сатып алушылар бір зат сатып алмаса да, жай дүкен аралап жүргеннің өзінен рақат алады. Эмоционалды сатып алушылар ақшаға және жоспарланбаған шығынға жеңіл қарайды. Бұлай дүкен аралаудың бір кемшілігі – қаржылық шығын.

Рационалды сатып алушылар сауданы саналы түрде жасайды. Ол өзіне керек дүниені сатып алу үшін уақытты да, ақшаны да, күш-жігерін де тиімді жұмсай біледі. Олар эмоцияға беріліп, көзіне ілінген дүниесін ала салмайды. Олар үшін саудадағы ең маңызды нәрсе – тиімді баға және зат сапасы. Рационалды сатып алушылар бір тауарды алмас бұрын оның интернеттегі бағасымен салыстырып, мың ойланып-толғанады.

Бейтарап, яғни енжар сатып алушылар амалдың жоқтығынан анда-санда дүкен аралауға шығады. Олар үшін басты мақсат – іздеген тауарын табу. Олар дүкен аралап уақыт кетіргеннен гөрі интернет-дүкендерден сауда жасағанды жақсы көреді.

Massaget.kz сайтынан



2-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Мәтіндегі термин сөздердің мағынасын түсіндіріңдер. Ол үшін терминдерді басқа сөздермен ауыстырып көріңдер.



3-тапсырма. Сатып алушылардың үш тобына мінездеме беріңдер.



4-тапсырма. Топқа бөлініп, рөлдік ойын ойнаңдар.

Ойын шарты :

- ойынға сатушы, қызба мінезді, салқынқанды, енжар адамдар (топ 4 оқушыдан тұрады) катысады;
- олар сауда орталығында кездесіп қалады. Үшеуінің де көзі бір затқа түседі. Өздерін қалай ұстағанын және не дегенін ойнап шығындар.



5-тапсырма. Мақал-мәтелдерді бірнеше рет тыңдаңдар (11-аудио). Қандай ой айтылған?

- Үйдегі есепті базардағы нарық бұзар.
- Судың да сұрауы бар.
- Шашу – онай,
Жинау – қиын.



6-тапсырма. Болжалдық және бөлшектік сан есімдерді қатыстырып, сауда жасауға кеткен шығынды ата-аналарыңа айтыңдар.



7-тапсырма. Берілген ақпаратты пайдаланып, «Дүкен аралаудың пайдасы» деген тақырыпта эссе жазыңдар.

Зат сатып алып, дүкен аралаудың пайдасы бар. Әйелдер қауымы сауда орталықтарында тізілген ұзын-сонар қатарға түсіп алып, кете береді. Бір дүкенге бас сұғып, жүз киімді киіп көреді. Мұның өзі жаттығу емей, немене?

Massaget.kz сайтынан

Талаптар ы:

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім мен қорытынды бөлімнің болуы;
- тақырыптан ауытқымау;
- өмірмен байланыстыру;
- өзіндік тың пікірлер келтіру;
- баяндау стилі нақты болу;
- көлемі 120–150 сөзден тұру.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға ауызша жауап беріңдер.

- Тақырып бойынша не үйрендіңдер?
- Сауданың қазақ тарихындағы ерекшеліктеріне нелер жатады?
- Сауда ісі арқылы рухани байлықты арттырудың мүмкіндіктері қандай?
- ХХІ ғасырдағы сауда жүйесінің әлеуеті қандай болмақ?
- Болжалдық және бөлшектік сан есімдерді қаншалықты меңгердіңдер? Мысал келтіріңдер.

3-тақырып

ЖАҒАНДЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ
ДАҒДАРЫС

Ш.Айтматов. «Кассандра таңбасы»

Ештеңе туралы сұрамайтын
адам ештеңе үйренбейді.

Т. Фуллер

1-2-сабақ

Дағдарыс, оның әсері

Ойтүрткі

- Дағдарыс дегеніміз не?
- Дағдарыс тың қандай түрлері болады?




1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тірек сөздерді анықтаңдар (12-аудио). Мәтінде не туралы айтылған?

Дағдарыс әлем экономикасы үшін жиі кездесетін жағдай емес. Дегенмен кез келген экономикалық күйзеліс мемлекетті соның ыңғайына қарай әрекет етуге мәжбүрлейді. Мемлекеттердегі қиындықтар бір-біріне ықпал етіп, әлемдегі экономикалық күйзелістің туындауына себеп болады. Ал әлем бойынша бір-біріне ықпал еткен ең ірі дағдарыстар жаһанда болып тұрған.

7kun.kz сайтынан



2-тапсырма. «Дағдарыс» деген сөздің мағынасын ашыңдар. Ол үшін «дағдарыс» сөзін анықтайтын сөздермен байланыстырып, кластерді толтырыңдар.





3-тапсырма. Мына сөздердің синонимдері мен антонимдерін табындар.

Жаһан, күйзеліс, мәжбүрлеу, катер, әрекет, өндіруші, ысырап, қпындық.



4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Жұбыңа сұрақтар қойып, оның жауабын бағала.

Дағдарыс алғаш рет 1825 жылы Англияда, содан соң Англия мен АҚШ-та (1836 ж.), 1841 жылы АҚШ-та, 1847 жылы АҚШ, Англия, Франция және Германияда болған. Бұлардан соң тарихта 1873, 1882, 1890 жылдардағы дағдарыстар орын алды. Бәрінен бұрын экономиканы күйзелткені 1900–1902 жылдардағы дағдарыс болды. Ол бір уақытта Ресей мен АҚШ-та орын алып, алдымен металлургия өнеркәсібіне нұқсан келтірді. Дағдарыс америкалық металл нарығына әсер етіп, бірінші Англияға, содан соң Еуропа континентіне ауысты. Тігін өнеркәсібі, одан кейін құрылыс, химия, көлік, электр өнеркәсіптері бірінші болып зардап шекті. Дегенмен XIX және XX ғасырлардағы дағдарыстар одан шығудың жолдарын да көрсетті. Дағдарыстың тереңдеуі барысында бағалар бірте-бірте құлдырап, өнімді өткізудің мол мүмкіндігін жасады, болашақта дағдарыстан шығудың ең басты жолдарын іздеуге түрткі болды.

7kun.kz сайтынан



5-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып диалог құрындар.

Сұрақтары :

- Дағдарыс алғаш рет қандай мемлекеттерде болған?
- Бір уақытта Ресей мен АҚШ-та болған дағдарыс қай өнеркәсіпке нұқсан келтірді?
- Дағдарыс қандай салаларда орын алды?
- Дағдарыс неге түрткі болады?



6-тапсырма. Мәтіндегі сан есімдерді болжалдық және бөлшектік сан есімдерге айналдырып, мәтін мазмұнын қысқаша айтып беріңдер.



7-тапсырма. Берілген тіркестерді қолданып сөйлемдер құраңдар.

Дағдарыс орын алды, экономиканы қиратады, зардап шекті, бағалар құлдырады, біткен іс, күтілетін нәтиже.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға ауызша жауап беріңдер.

- Бүгінгі сабақта қанша жаңа сөз үйрендіңдер?
- Әлемде болатын ірі дағдарыстар бір-біріне қалай әсер етеді?
- Қалай ойлайсыңдар, дағдарыстан шығудың жолдары қандай?
- Бөлшектік және болжалдық сан есімдерді қызметіне қарай дұрыс қолданыңдар ма?

3–4-сабақ



«Ұлы тоқырау» дағдарысы

Ойтүрткі

- Суретке қарап, онда не бейнеленгенін болжаңдар. Өз болжамдарыңмен бөлісіңдер.



1-тапсырма. Мәгінді тыңдаңдар (13-аудио). Не туралы айтылған?

2007 жылдың жазында басталған әлемдік дағдарыс «Ұлы тоқырау» деп аталды. Бұл АҚШ-тың ипотекалық тұрғын үй нарығындағы үлкен күйзелістен басталды. Ал 2008 жылдың көктемінде дағдарыс әлемнің барлық елінде орын алды.



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Ұлы тоқырау» деп аталған әлемдік дағдарыс қай жылы орын алды?
2. Ол неден басталды? Өз ойларыңды таратып айтыңдар.
3. 2008 жылдың көктемінде дағдарыс қайда таралды?



3-тапсырма. Сөйлемдегі қарамен берілген сөздердің түбірін тауып, еліктеуіш сөз екенін дәлелдендер.

Жер бетінде болатын **тақыр-тұқыр**, **жарқ-жұрқтың** бәрі де сарайларға камалып, қазір бір үлкен **дүмпудің** тұтасқан **гуілін** ғана естисің (*Ф.Мүсірепов*).



4-тапсырма. Мәтінді оқып, алдыңғы мәтіндермен байланыстырыңдар. Тірек сөздер арқылы ондағы негізгі ойды дәлелдендер.

2008 жылы АҚШ-тың тұрғын үй нарығы жеке бағасының 18 пайызын жоғалтып, 11,2 триллион долларға тең болды. Нарықтың мұндай дәрежеге жетуі Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі орын алған алғашқы жағдай еді.

2008 жылдың күзінде америкалық Lehman Brothers банкі қарызға батып, сотқа өздерінің банкрот болғанын және кредит берушілерден қорғау туралы өтініш жіберді. Осыдан соң Merrill Lynch және Morgan Stanley банкрот болғаны туралы жария етті.

АҚШ банктерін қолдау мақсатында басқа да еуропалық банктер дағдарысқа тап болды. Ұлыбритания билігі Royal Bank of Scotland (RBC) және Lloyds банктерін дегі акция пакеттерін сатып алды, сол арқылы қаржы институттарын қайта қаржыландырды. Ал 2009 жылы үкімет

қарамағына басқа банк жүйелері өтті. Осылайша басқа да еуропалық мемлекеттер елдің экономикасы мен қаржы институттарына көмектесу үшін бағдарламалар енгізді.

Осыған қарамастан, дағдарыс барлық елге әсер етті. 2008 жылдың қараша айында Жапония, артынша Канада ресми түрде дағдарысты мойындады. Мұнай бағасы 147 доллардан 40 долларға түсті. Әлемдік баға құлдыраған соң дағдарыс Орталық және Шығыс Еуропа елдерін және бұрынғы КСРО (Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы) елдерін жайлады.



5-тапсырма. «Кімнің жады мықты?». Мәтінде айтылған сан есімдер мен банк, ел атауларын қай топ қателеспей көбірек айтса, сол топ жеңеді.



6-тапсырма. Мәтіннен өздерің қалаған сөздердің синонимдері мен антонимдерін тауып, олардың мағынасын «Қос жазба күнделігі» әдісі арқылы ашыңдар.

| Сөздер | Мағынасы |
|--------|----------|
| | |



7-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға ауызша жауап беріңдер.

- «Дағдарыс» тақырыбы бойынша не үйрендіңдер?
- Әлемдік дағдарыс қандай себептерден туындайды екен?
- Еліктеу сөздерді орнымен қолдана алдыңдар ма?
- Өзіңнің және жолдастарыңның білімін бағалаңдар. (Өзіңнің және жолдастарыңның топ ішіндегі әрекеттеріне көңілің тола ма?)

5–6-сабақ

Энергетикалық дағдарыс

Ойтүрткі

- Энергетикалық дағдарыс дегеніміз не?
- Энергетикалық дағдарыстың экономикаға әсері қандай?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (14-аудио). Мәтіннен детальды ақпараттарды анықтаңдар.

XIX ғасырдың басына дейін негізгі энергетикалық ресурс түрі ағаш болып келді. Кейін оның маңызы біртіндеп төмендеді де, көмірді кеңінен пайдалану басталды. Дегенмен көмірдің басымдылығы ұзаққа созылмады, себебі оның орнына мұнай мен табиғи газ игеріліп пайдаланылды. Қазіргі замандағы жалпыдүниежүзілік отын қорлары бірінші кезекте көмір қорынан (жылу өндіру мүмкіндігінің 60 пайызына дейін), мұнай мен газдан (шамамен 27 пайызы) тұрады.

Ә. Бейсенова және т.б. «География» оқулығынан



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. XIX ғасырдан кейін ағаш неліктен энергетикалық ресурс түрінде қолданылмады?
2. Энергетикалық ресурс ретінде көмірден кейін нелер пайдаланылды?
3. Қазіргі кездегі дүниежүзілік отын қорлары неден тұрады?



3-тапсырма. Мәтіндегі күрделі сөздердің мағынасын «Қос жазба күнделігі» әдісі арқылы ашыңдар.

| Күрделі сөздер | Түсіндірмесі |
|----------------------|--------------|
| энергетикалық ресурс | |
| табиғи газ | |
| отын қорлары | |



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Үзінді қай стильде жазылған (ғылыми, ауызекі, публицистикалық т.б.)?

1. Жалпыәлемдік өндірісте сұраныс мынадай: көмірге шамамен 30 пайыз, ал мұнай мен газға 67 пайыздан артық. 2000 жылы дүниежүзіндегі мұнай қоры 140 миллиард тонна деп анықталған. Оның ішінде ОПЕК (мұнай экспорттаушы елдер ұйымы) елдерінің үлесіне өндірілген мұнай қорының 77 пайызы тиесілі болды. Дүниежүзілік табиғи газ қоры 146 миллиард текше метр деңгейінде анықталған. Оның ішінде ОПЕК елдерінің үлесіне табиғи газ қорының 41 пайызы тиесілі.

2. Дүниежүзілік мұнай қоры 200–300 жылға жетеді, ал, шындығында, қолда бар мұнай қоры тек бірнеше жылға ғана жетуі мүмкін. Өйткені мұнай өндіру көлемі жыл сайын артып отыр. Мысалы, 1960 жылдары мұнай мен газ өндіру мөлшері шамамен 1 миллиард тонна, ал табиғи газ өндірісі 5 триллион текше метр болған. Ал 2000 жылы бұл көрсеткіштер 3,5 миллиард тонна және 23 триллион текше метрге жеткен.

Ә. Бейсенова және т.б. «География» оқулығынан



5-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтінді қайта оқып шығыңдар. Төмендегі тірек сөздерді пайдаланып, бір-біріңе сұрақтар дайындаңдар.

Тірек сөздер: жалпыәлемдік өндіріс, шикізат тасымалдау, мұнай қоры, газ қоры, пайыз, ОПЕК-тің үлесі, өндіру көлемі, көрсеткіштер.



6-тапсырма. Екі бағандағы сөздерді мағына жақындығына қарай сәйкестендіріп, сөз тіркестерін жасаңдар.

| | |
|--------------|-----------------|
| сұраныс | көбейеді |
| көлемі | қажеттілік |
| артады | әлемдік |
| дүниежүзілік | мөлшері, шамасы |



7-тапсырма. Мәтін бойынша энергетикалық ресурс түрлерінің көлемін диаграммаға түсіріңдер.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жазыңдар.

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім? Кімді риза қылдым?

Ортан терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?



7–8-сабақ



Ш.Айтматов. «Кассандра таңбасы»

Ойтүрткі

- Ш.Айтматов туралы не білесіңдер?
- Ш.Айтматовтың «Кассандра таңбасы» романы жайында естулерін бар ма?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (15-аудио). Осы екі пікірді жазушы өз кітабында алғы сөз ретінде берген. Екеуін салыстырып, бір-біріне байланысын анықтаңдар.

1. Кассандраға ғашық болып, бірақ оның жүрегінде жауап сезімін оята алмаған Аполлон ол қызды қатал жазалап, оның сәуегейлігіне ешкім сенбейтіндей етті (*Ежелгі грек аңызынан*).

2. Ол екеуімен салыстырғанда, әлі өмірге келмеген, аспан астында істеліп жатқан зұлымдықтарды көрмеген жан әлдеқайда пәк, әлдеқайда бақытты еді (*Екклезиаст*).

Ш. Айтматов



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Аполлон кімге ғашық болды?
2. Ол қызды не үшін жазалады?
3. Екклезиаст қандай адамды бақытты деп есептеді?



3-тапсырма. Екі қатардағы сөздерді мағынасы жағынан бір-бірімен сәйкестендіріңдер. Осы сөздерді қатыстырып, сөз тіркестерін құраңдар.

- ғашық болды, жазалады, сәуегейлік, жан, пәк;
- адам, ұрып-соқты, таза, көріпкелдік, жақсы көрді.



4-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырыбын қойыңдар.

– Роберт, мұнда бір сұмдық болып жатыр. Жұрттың бәрі есінен танып қалғандай. «Трибюннің» шұғыл саны жарық көріпті. Бәрі сол газетті оқып жатыр.

– Ол не екен? Саяси жаңалық па?

– Жок, баска. Мүлдем баска.

– Не туралы айтылған? Не ол сонда?

– Не туралы жолдау? Мәні неде? Бір-екі сөзбен айта аласың ба?

– Әлгі ғарыш тақуасы керемет ғылыми жаңалық ашты дейді. Оның айтуынша, енді адамдар өмірге келу-келмеуді өздері шешетін сияқты.

– Не айтып тұрсың, Джесси? Түк түсінсем бұйырмасын.

Ш. Айтматов, «Кассандра таңбасы» романынан



5-тапсырма. Мәтінді қайта оқып, сөйлемдердің дұрыс-бұрысын анықтаңдар.

| Сөйлемдер | Дұрыс | Дұрыс емес |
|---------------------------------------|-------|------------|
| «Трибюн» журналының саны жарық көрді. | | |
| Бәрі сол газетті оқыды. | | |
| Газетте саяси жаңалықтар айтылған. | | |
| Ғарыш тақуасы ғылыми жаңалық ашты. | | |



6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Диалог кімдердің арасында өтті?
2. Олардың әңгімесі не туралы болды деп ойлайсыңдар?
3. Ғалым қандай жаңалық ашқан екен?



7-тапсырма. «Енді адамдар өмірге келу-келмеуді өздері шешетін сияқты» деген сөйлемді қалай түсінесіңдер? Өз пікірлеріңді айтыңдар.



8-тапсырма. Ойтаразы: «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

- Ш.Айтматовтың «Кассандра таңбасы» романындағы ғарыш тақуасы кім деп ойлайсыңдар?
- Тыңдалым мәтініндегі Екклезиастың сөзін кім жақсы түсінді? Жазушы бұл пікірді не үшін келтірді?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

9–10-сабақ

Адамзаттың рухани дағдарысы

Ой түрткі

- «Рухани дағдарыс» дегенді қалай түсінесіңдер?
- «Кассандра таңбасы» адамзаттың рухани дағдарысына қатысы бар шығарма екенін түсінгілерің келе ме?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (16-аудио). Қандай ой айтылған?

«Кассандра таңбасында» басты кейіпкер – ғарышкер, ғалымның тұрағы – ғарыш, космостық орбита стансысы. Оның Отаны жоқ. Ұзақ жылдар бойы жасанды адамдарды зерттеген ғалым Жер-Анаға қайтудан үзілді-кесілді бас тартады. Өз күнәсінен арылып-тазару үшін, осылайша ғарыш тақуасына айналады. Оны мазалаған ой – жұмыр жердің, адамзаттың тағдыры. Шығарманың басты идеясы – адамзаттың жойылу қаупі табиғат апаттарынан емес, тек адамзаттың өзінен ғана келетінін ескерту. Расында, қазіргі кезеңде әлемде болып жатқан түрлі табиғат апаттарының себептері адамдардың қоршаған ортаға, табиғатқа салғырт, немқұрайды қарауынан, адамдардың тойымсыздығы мен опасыздығынан болып жатыр...

Тірек сөздер:

ғарыш, ғарыш тақуасы, адамзаттың жойылу қаупі, қоршаған ортаға зиян келтіру, адамдардың тойымсыздығы

Г. Асқарова



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Кассандра таңбасы» шығармасындағы басты кейіпкер кім?
2. Ғалым нені зерттейді?
3. Ол неліктен Жер-Анаға қайтудан бас тартады?
4. Оны қандай ой мазалайды?
5. Табиғат апаттары неліктен болып жатыр екен?



3-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айтыңдар.

- *Пікір.* Оқыған мәтін бойынша өз пікірін бір сөйлеммен айту.
- *Дәлел.* Өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдеу.
- *Мысал.* Пікірін өмірмен байланыстырып мысал келтіру.
- *Қорытынды.* Тақырып бойынша қорытынды жасау.



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Үзіндіні стильдің қай түріне жатқызуға болады (мақала, хат, жолдау т.б.)?

Рим Папасына!

Қасиетті әкей! Мен аса маңызды жаңалық аштым. Мұның салдары адамзаттың алдағы өміріне сөзсіз әсер етеріне күмәнім жоқ.

Мен анасының ішінде жатқан шарана өзі пайда болғаннан кейінгі алғашқы апталарда-ақ алдағы өмірде өзін не күтіп тұрғанын түйсінетінін, болашақ тағдырына деген көзқарасын білдіре алатынын аштым. Егер өзі өмірге келуді қаламаса, шарана бұл көзқарасын ерекше белгі беру арқылы білдіреді. Өзінің осындай қарсылығын білдіру үшін шарананың қандай белгі беретінін де анықтадым. Бұл белгі болашақ нәрестесін құрсағында көтеріп жүрген әйелдің маңдайындағы титімдей таңба ретінде көрініс береді. Бұл белгіні мен «Кассандра таңбасы» деп, ал қарсылық белгісін берген шарананы «Кассандра шарана» деп атадым.

Ш. Айтматов. «Кассандра таңбасы» романынан



5-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Берілген сөздердің синонимдерін тауып, мағынасын ашыңдар.

Салдары, шарана, алдағы өміріне, түйсініп, титімдей.



6-тапсырма. «Кассандра шарананың қарсылығы» деген тақырыпта шағын мәтін құрастырыңдар. Мәтінде мынадай еліктеуіш сөздер болсын.

Селк ете қалды, дір-дір етті, дүрс-дүрс соқты.



7-тапсырма. «Дербес пікір» жазу тәсілін қолданып, мәтін мазмұны бойынша пікірлеріңді жазыңдар (уақыты 7-8 мин.).

- өзіндік пікір (идея) – 1 сөйлем;
- дәлел – 2 сөйлем;
- өз пікірін айғақтайтын мысал – 2 сөйлем;
- өз пікіріне қарсы пікір – 1 сөйлем;
- қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – 2 сөйлем;
- қорытынды – 2 сөйлем.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңдер.

- Рухани дағдарыс дегеннің не екенін білдіңдер ме?
- Сендер үшін тақырыптың маңызы неде?
- Осы тақырып бойынша тағы не білгілерің келеді?
- Өзіңнің және жолдастарыңның сөйлеу дағдысын бағалаңдар. (Сұрақтар қоя алды ма? Сұрақтарға жауап бере алды ма?)

11–12-сабақ

Адам өміріне қауіп төндіретін факторлар

Ой түрткі

- Адамдардың өміріне қандай факторлар қауіп төндіреді?
- Кассандра шарана не нәрсеге қарсылық білдіреді деп ойлайсыңдар?



1-тапсырма. «Адамдардың тойымсыздығынан Жер-Анаға қандай қиянат жасалып жатыр?» деген сұрақ бойынша жұптасып (бірің – ғалым, бірің журналист болып), сұхбат жасаңдар.



2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Қандай ой айтылған?

Жер бетіндегі қару-жарактың саны жыл санап артып отыр. Барлық жердегі барша елдің бәрі де қарулануға тырысады. Жүкті әйелдердің маңдайындағы Кассандра таңбасы осыны ескертіп тұрған жоқ па? Анасының құрсағында жатқан кассандра шараналардың үнсіз қарсылық білдіруінің себебі де осы емес пе? Әлемдегі өмірге келген әр адамның үлесіне ең кемі жүз октан келер болса, не өлуге, не өлтіруге алдын ала үкім шығарылып қойса, шарасыз шарана өмірден бас тартпағанда қайтпек?

Егер адамзат ешқандай қару-жарак жасап шығармай, соғыс дегеннің не екенін білмей дамыған жағдайда не болар еді? Сонда қазіргі күйімізде қалып, өркеннетіміз тура осылай қалыптасар ма еді? Әлде жер бетінде басқа өмір салтанат құрып, адамның өзі де сапалық тұрғыдан мүлдем өзге жан пәсі болар ма еді? Олай болса, мұның себебі неде?

Ш. Айтматов. «Кассандра таңбасы» романынан



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қару-жарак санының жыл санап артуы неге әкеліп соқтырады?
2. Шарасыз шарана не себепті өмірден бас тартпак?
3. Соғыс еш уақытта болмаса, адамдар қалай өмір сүрер еді?
4. Соғыстың алдын алу жөнінде қандай ой айтар едіңдер?



4-тапсырма. «Ойшыл қалпақтар» рөлдік ойыны. 6 оқушыдан топтасып, 6 түсті қалпақты киіңдер. «Адам өміріне қауіп төндіретін факторлар» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастырыңдар.

| Қалпақ-тәр | Қалпақтардың қызметі | Сұрақтары |
|------------|--|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Ақ | Адамның өмірін е қауіп төндіретін факторлар туралы айту. | Адамның өміріне қандай факторлар қауіп төндіреді? |

| 1 | 2 | 3 |
|-------|--|--|
| Сары | Адамның өмірі соғыс зардабынан күйрейтінін айту. | Адамның бақытсыздығына соғыстың әсері қандай? |
| Қара | Өміріне төнген қатерге адамның өзі кінәлі екенін айту. | Адамға төнген қауіп-қатерге нәліктен адамның өзі кінәлі? |
| Жасыл | Қоршаған ортаның адамға әсері туралы өз ойларын айту. | Экологияның адам өміріне әсері бар ма? Бар болса, қандай? |
| Қызыл | Айтылған ойлардың қайсысы ұнағанын, қайсысы ұнамағанын айту. | Айтылған ойлардың қайсысы ұнады? Нәліктен? |
| Көк | Бақылау және қорытындылау: айтылған ойлардың пайдалы және маңыздыларын айту. | Айтылған ойлардан қандай қорытынды шығаруға болады? Өмірде пайдасы бар ма? |



5-тапсырма. Мәтіндерден бөлек және бірге жазылатын күрделі сөздерді тауып, кестені толтырыңдар.

| Бірге жазылатын күрделі сөздер | Бөлек жазылатын күрделі сөздер (сөз тіркесі) | Дефис арқылы жазылатын күрделі сөздер |
|--------------------------------|--|---------------------------------------|
| көзқарас | Кассандра таңбасы | қару-жарак |
| | | |



6-тапсырма. Адамзаттың аман қалуының жолдарын кластер түзіп көрсетіңдер.



7-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, Кассандра шарананың әрекетіне қарсы шығыңдар.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша, ...

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

13–14-сабақ

Адам санасын өзгерту

Ойтүрткі

- Жер бетіндегі зұлымдықтарды болдырмаудың шарттары қандай?
- «Адамдардың санасына өзгеріс керек» дегенді қалай түсінесіңдер?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (17-аудио). Бір-біріңе сұрақтар қойып, автордың көзқарасын анықтаңдар.

Әңгімемді жалғастырайын. Егер Филофей ашқан жаңалықтан кейін адамзаттың өміртанымы өзгертін болса, егер адам баласы өзіне-өзі басқаша қараса, құрсақтағы шараналардың дабылына құлақ асса, онда жекетұлғаның өзін-өзі жаман жолға итермелеуі азаяр еді. Ондай жағдайда тонаушылықтың, қарақшылықтың алдын алып, жалпы қылмыс атаулының түгел жоғалмасына кім кепіл? Бұлардың бәрі бір-бірімен байланысып жатқан нәрселер ғой.

Ш. Айтматов. «Кассандра таңбасы» романынан



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Автор Филофей ашқан қандай жаңалықты айтып тұр?
2. Адам баласының өміртанымы өзгертін болса, не азаяр еді?
3. Мұндай жағдайда қандай зұлымдықтар болмас еді?



3-тапсырма. «Кім білгір!» ойыны. Топқа бөлініп, мәтіндегі айтылған ойдың дұрыстығына мысалдар келтіріңдер. Қай топ өмірден мысалдарды көбірек келтірсе, сол топ жеңеді.



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Тыңдалым және оқылым мәтіндеріндегі ортақ идеяны анықтаңдар. Мәтінге тақырып қойыңдар.

Егер Кассандра таңбасын қарғыс таңбасы емес, ескерту деп, адамдардың өзін-өзі жетілдіре беруіне серпін берер шартты белгі деп қабылдасак, бірнеше ұрпақ осы бағытта әрекет етер еді, зұлымдыққа бой ұрмас еді. Тұқым-тектегі кемшілік жойылар еді де, қазіргідей дағдарыстар текке кетпеген болар еді.

Бұдан әрі адамдардың ойлау жүйесінде түбірлі өзгерістер жүргізілуі тиіс. Қазір Кассандра шараналар түйсігімен сезіп, зәресі ұша қорқып жүрген тұрмыстағы барлық азғындық пен бұзықтық атаулы келмеске кетер еді. Оның үстіне, санамыздың өзгеріске түсуі адамзаттың аман қалып, өркендей беруінің бірден-бір шарты болмақ.

Ш. Айтматов. «Кассандра таңбасы» романынан



5-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген тіркестердің мағынасын түсіндіріңдер. Ол үшін оларды мағыналары жақын басқа сөздермен ауыстырыңдар.

Болмаған болар еді, күш берер, санасының өзгеруіне, бармас еді.



6-тапсырма. Мәтіндегі тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.



7-тапсырма. Мәтінді INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдаңдар. Төмендегі белгілермен әр бөлікті немесе сөйлемдерді белгілеңдер. Өз ойларыңды қорытындылап жазыңдар.

| «V» | «=» | «+» | «?» |
|------------------|----------------------------------|-----------------------|--------------------------------|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлағанымға қайшы, кереғар | Мен үшін жаңа ақпарат | Келісе алмаймын, білгім келеді |



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

- Тыңдалым мәтініндегі «жекетілгеннің өзін-өзі жаман жолға итермелеуі» қандай жағдайда іске асуы мүмкін?
- Сабақта қандай фразеологизмдер үйрендіңдер?

15–16-сабақ

Жаңа энергия – жаңа экономика

Ой түрткі

- Суретке қарап, бір-біріне сұрақтар дайындаңдар.
- Адамзаттың қандай әрекеттері мен қажеттіліктері дағдарыс тудыруы мүмкін?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (18-аудио). Не туралы айтылған? Жұбыңа сұрақтар қой.

Астанада «АЭФ-2017» халықаралық форумы өтті. Форумның негізгі тақырыбы «Жаңа энергия – жаңа экономика» деп аталуының өзінде ерекше мән бар. Бұл елімізде өткен әйгілі ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің тақырыбымен үндесті. Форумда ғалымдар «болашақтың энергиясын» әлем экономикасымен байланыстырды. Осылайша, «Болашақтың энергиясы» тақырыбы бойынша жинақталған жаңа технологиялар мен инновациялар

әлемдік экономиканың «майын ішкен» ғалымдар мен экономистердің талқысына түсті.

Egemen.kz сайтынан



2-тапсырма. Мәтіндегі «майын ішкен» деген бейнелі сөз қандай мағына береді? Ойларыңды нақты мысалдармен дәлелдеңдер.



3-тапсырма. «Қазақстан жаһандық энергетикалық дағдарыстан шығудың жолдарын қалай шешпек?» деген сұрақ бойынша ізденіп, мақала жазыңдар.

Қамтылатын мәселелер :

ЭКСПО-2017 көрмесінің өтуі, халықаралық форумның өткізілуі, отандық және шетелдік мамандардың үн қатуы, қатердің алдын алу, энергетикалық ресурс көздерін пайдалануы, жаңа инновациялық технологияларды, құрал-жабдықтарды қолдану.



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, мәтінде айтылған ойды толықтырыңдар.

Елімізде электр тапшылығын жоюдың тың жолдары пайда болды. Енді Арқа төсіндегі дамылсыз соққан жел электр энергиясы жеткіліксіз елді мекендерді қуат көзімен қамтамасыз етпек. Яғни, мұнда жел электрстансыларын салу жоспарланып отыр. Қазақстан – табиғи ресурстарға бай ел. Сондықтан жел электрстансысын салуға мүмкіндік мол.



Жел энергиясы стансысы

Желдің арқасында жұмыс істейтін стансылар қуат көзін жеткілікті өндірсе, токтан тарылып отырған ауыл-аймақтарға таратылады. Сонымен қатар көрші елдерге де тасымалдауға болады.

Отандық және шетелдік компаниялардың осы бағытта жүргізіп жатқан жұмыстары жаңашылдықпен жүзеге асуда.

Egemen.kz сайтынан



5-тапсырма. Басқа энергия көздеріне қарағанда, жел электрстансысының артықшылығы неде? Өз ойларыңды дәлелдеп айтыңдар.



6-тапсырма. Керекті сөздерді пайдаланып сөйлемдерді толықтырыңдар.

- Елімізде өткен ЭКСПО-2017 көрмесі жаһандық энергетикалық ... шығудың жолдарын ұсынды.
- Ғылым саласында тың идеялар, ... әкелетін отандық ғалымдар көптеп саналады.

- ... энергетикалық дағдарыстың алдын алуда әлемдік ғалымдар бірге жұмыс істеуі керек.
- Қазақстандағы кен ... орындары тұрақты жұмыс істеуде.
- Кез келген дағдарыстың алдын алу үшін ... жол бермеу керек.

Керекті сөздер: ысырапқа, дағдарыстан, жаңашылдық, жаһандық, байыту.



7-тапсырма. Топтық жұмыс. «1 тұжырым, 3 дәлел» әдісі бойынша «Жасыл энергия» тақырыбында өз ойларыңды дамытып айтыңдар.

Тұжырымдар :

- Еліміздің баламалы энергия көздерін өндіруге әлеуеті мол.
- Күннен, желден, судан электр қуатын өндіруге тың идея, жаңалықтар көптеп күтілуде.

Үлгі:

| Тұжырымдар | 1-дәлел | 2-дәлел | 3-дәлел |
|---|--|---|--|
| Еліміздің балама энергия көздерін өндіруге әлеуеті мол. | Қазақ даласында күн мен желдің сарқылмас қоры бар. | Олар ауаны ластамайды, экологиялық тұрғыдан тиімді және арзанға түседі. | Жыл сайын баламалы энергия өндірудің әлемдік озық технологиялары шығарылуда. |
| | | | |



8-тапсырма. Ойтаразы. 3-2-1 критерийі бойынша анықтаңдар.

- 3 маңызды ақпарат;
- қиындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.

17-сабақ

Адамзат өркениетін аман сақтау



1-тапсырма. Төмендегі пікірді кіріспе етіп алып, эссе жазыңдар.

Адамзат аман қалудың жаңа тәсілдері мен одан әрі дамудың жолдарын таба білуі тиіс. Бұл жаңаша өмір сүруге, жаңаша ойлана білуге жетелейді.

Талаптары :

- эссенің негізгі бөлімі мен қорытындысы болуы;
- оқулық материалдарын дерек ретінде пайдалану;
- тақырыптан ауытқымау;
- көлемі 120–150 сөз шамасында болуы;
- сөйлем ішіндегі тыныс белгілерін – үтір, сызықшаны орнымен қолдану.

4-тақырып

**ДОСТЫҚ ПЕН ТАТУЛЫҚ –
ТАПТЫРМАС БАҚЫТ**

Т.Айбергенов. «Бір тойым бар»

Адал достық алтыннан да қымбат.

Нахыл сөз

1–2-сабақ

Достық пен татулық – таптырмас бақыт**Ой түрткі**

- *Достық* ұғымын қалай түсінесіңдер?
- Достық пен татулыққа қатысты қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (19-аудио). Конфуцийдің сөзінен қандай ой түйдіңдер?

Бірде Конфуций шәкірттеріне:

– Адамдар үшін от пен судан гөрі бір-біріне деген шынайы ықылас, сыйластық қымбат. Мен суға батып бара жатқан немесе өртенгендерді құтқару үшін дереу от пен суға бас қоя еніп, көз жұмғандарды көрдім. Бірақ адамдарды жақсы көргеннен қайтыс болғандарды кездестірмеппін. – депті.

Тірек сөздер:

*сыйластық, ықылас,
қымбат*



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. От пен суға қарағанда не қымбат?
2. Кейбір адамдар неліктен от пен суға түсіп көз жұмады?
3. Мәтіндегі «суға бас қою», «көз жұму» деген тұрақты тіркестерді қандай сөздермен ауыстыруға болады?



3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жазып, мақал-мәтелдерді толықтырыңдар.

- Дос жылатып айтады,
... күлдіріп айтады.
- Кекшіл ... , көпшіл бол.
- Жалған сөз жанға
- берік бол,
Досыңа серік бол.

Тиісті сөздер: дос болсаң, қас, дұшпан, болма.

ЕТІСТІКТІҢ ШАРТТЫ РАЙЫ

Қимылдың болу-болмау, іске асу-аспау мүмкіндігінің шартын білдіреді. Шартты рай етістіктің негізгі және туынды түбіріне *-са, -се* жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *Жақсымен **жанассаң**, жетерсің мұратқа (мақал). Оның атын **сұрасамшы**.*

Шартты райлы етістік жіктелгенде, I, II жақта жіктік жалғаулары жалғанады.

Шартты райдың жіктелуі.

| | Жекеше | Көпше |
|-----|------------------------|------------------------------|
| I | айт-са-м, кел-се-м | айт-са-қ, кел-се-к |
| II | айт-са-ң, кел-се-ң | айт-са-ндар, кел-се-ндер |
| | айт-са-ңыз, кел-се-ңіз | айт-са-ңыздар, кел-се-ңіздер |
| III | айт-са, кел-се | айт-са, кел-се |



4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Үзінді қандай стильге жатады (хат, мақала, очерк т.б.)?

Достарың мен жолдастарыңның болғаны қандай жақсы! Олармен бірге жүргенде, өзіңе-өзің сенімді боласың. «Көп көтерген жүк жеңіл» дейді халық мақалы.

Сен бірде ауырып оқуға бара алмай қалдың делік. Бірнеше күн өткеннен кейін зерігіп, жалғызсырай бастайсың. Көңіліңе сағыныш ұялап, достарыңды көргің келеді. Достарың денсаулығыңды сұрауға келгенде, төбең көкке жеткендей қуанасың.

Достан жасырар сырың жоқ. Ол қашанда жан дүниенді бірден түсінеді. Егер сенің осындай досың болса, оны қадір тұт. Онымен ренжіспе, оған жәрдем етуге әрқашан да әзір бол. Адалдық – достықтың ұлы заңы.

«Ол кім? Бұл не?» кітабынан



5-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Берілген сөздер мәтіндегі қандай сөздердің мағынасына жақын келеді? Ауыстырып көріңдер.

Үлгі :

| | |
|------------|---------|
| ішің пысып | зерігіп |
| | |

Ішің пысып, қатты қуанасың, құпияң жоқ, көңіл күйіңді түсінеді, оны бағала, оған көмек беруге, дайын бол.



6-тапсырма. Берілген шартты райлы етістіктерді қатыстырып сөйлемдер құраңдар.

Зеріксең, көргің келсе, досың болса, бара алмай қалсаң, көпшіл болсаң.



7-тапсырма. Мәтінде қандай дос туралы айтылған? Өз достарыңа мінездеме беріңдер.



8-тапсырма. Берілген тіркестердің мағынасын ашып, жақсы адамның бейнесін жаз.

Үлгі: Мәдениетті кісі өзіне де, өзгелерге де сыйластықпен қарайды, ешкімді ренжіткісі келмейді, өзгелердің пікірімен санасады.

Мәдениетті кісі, көпшіл адам, парасатты тұлға, ұйымшыл оқушы.



9-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» толтырыңдар.

- «Достық пен татулық – таптырмас бақыт» деген нақыл сөздің мәнін қалай түсіндіңдер? Өмірлік жағдаяттан мысалдар келтіріңдер.

3–4-сабақ

Досы көпті жау алмайды

Ойтүрткі

- *Дос* деп қандай адамды айтамыз?
- Қандай адамның досы көп болады?



1-тапсырма. Мақал-мәтелдерді бірнеше рет тыңдаңдар (20-аудио). Қандай тақырыпқа арналған?

1. Ырыс алды – ынтымақ. 2. Бірлік болмай, тірлік болмас. 3. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді. 4. Бір жеңнен қол шығар, бір жағадан бас шығар. 5. Қырық кісі бір жақ, қыпыр кісі бір жақ. 6. Ынтымақ істі бітірер. 7. Ынтымақ – бұзылмайтын қорған. 8. Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады. 9. Саусақ бірікпей, ине ілікпейді. 10. Ынтымақ – оқ өтпес сауыт, татулық – тамаша сауық. 11. Айырылсаң – азарсын, қосылсаң – озарсын.

Тірек сөздер:

ынтымақ, бірлік,
татулық



2-тапсырма. Қарамен берілген мақал-мәтелдердің бірінші сыңарындағы етістікке шартты райлы жұрнақтарды жалғап, сөйлемді өзгертіңдер.



3-тапсырма «Мақал-мәтелдер не дейді?» атты сөз жарысын ұйымдастырып, олардың мағынасын түсіндіріңдер.



4-тапсырма. Өздерің қалаған мақал-мәтелдердің мазмұны бойынша ребус құраңдар.

1. Бір женнен қол шығар, бір жағадан бас шығар.
2. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді.
3. Тозған қазды топтанған қарға алады.
4. Саусақ бірікпей, ине ілікпейді.
5. Ынтымақ – бұзылмайтын қорған.



5-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Не туралы айтылған? Жұбыңа сұрақтар қой.

Ертеректе ел ішінде Әйтiмбет деген шешен кiсi болыпты. Бір күні Әйтiмбет шешенге замандастары:

– Достық нешеу? – деп сұрақ қояды.

Сонда Әйтiмбет:

– Достықтың екі түрі болады: бірі – адал достық, екіншісі – амал достық, – депті.

– Дұрыс, енді оларды қалай ажырата аламыз? – дегендерге:

– Адал достықтың өмірі ұзақ, амал достықтың өрісі қысқа болады, – деп жауап берген екен.

«Ел аузынан» кітабынан



6-тапсырма. «Ойшыл қалпақтар» рөлдік ойыны. 6 оқушыдан топтасып, 6 түсті қалпақты киіңдер. «Адал достық алтыннан да қымбат» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастырыңдар.

| Қалпақтар | Қалпақтардың қызметі | Сұрақтары |
|-----------|---|---|
| Ақ | Адамның өмірін де достықтың алатын орны зор екендігін айту. | Адамның өмірінде достықтың алатын орны қандай? |
| Сары | Адал достықтың алтыннан да қымбат екенін айту. | Адал досың үшін байлығыңды жәрмеңгеге бола ма? |
| Қара | Достықтың амал достық деген түрі бар екендігін, кейбіреулердің бас пайдасы үшін дос болатынын айту. | Амал достықтың өрісі неліктен қысқа? |
| Жасыл | Өмірде адал достықтың болатыны туралы айту. | Адал достықтың өмірі неліктен ұзақ? |
| Қызыл | Айтылған ойлардың қайсысы ұнағанын, қайсысы ұнамағанын айту. | Айтылған ойларға қалай қарайсың? |
| Көк | Бақылау және қорытындылау: айтылған ойлардың пайдалы және маңыздыларын айту. | Айтылған ойлардан қандай қорытынды шығаруға болады? |



7-тапсырма. Мына сөз тіркестерін қатыстырып ауызша сөйлемдер құраңдар.

Мәдениетті кісі; игілікті іс; замандас, сырлас құрбым.



8-тапсырма. Сөйлем ішіндегі тыныс белгілерін – үтір мен сызықшаны дұрыс қойып, достық туралы сұхбат дайындаңдар. Сұхбатты өздерің қадірлейтін адамнан алыңдар.



9-тапсырма. Ойтаразы. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жазыңдар.

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Ортан терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?

5–6-сабақ



Жан-жануарлар татулығы

Ойгүрткі

- Достық тек адамдар арасында ғана бола ма?
- Жануарлар мен жәндіктердің татулығы, ұйымшылдығы туралы не білесіңдер?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (21-аудио). Автордың көзқарасын білдіретін сөйлемдерді анықтаңдар.

Құмырскалар – ең ұйымшыл жәндіктер. Олар топтасып өмір сүреді. Құмырскалар үшін ең бастысы – еңбек. Дүниеге келген құмырскалар бір-бір кәсіпті иеленеді. Қысқа дән, дақыл таситын, әулет үшін қорек жиятын жұмысшы құмырскалар бар. Илеудің ұшар басында отырып, қауіп төнсе, хабар беретін күзетші құмырскалар және илеуді соғатын, құлаған жерін қалпына келтіретін құрылысшы құмырскалар болады. Әулетті жаудан қорғайтын жауынгер және жас құмырскаларды күтіп, тәрбиелейтін күтуші құмырскалар да кездеседі. Құмырскалар жылына бір рет қанат бітіп ұшады.

«Қоршаған орта» кітабынан




2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Құмырскалар қандай жәндіктер?
2. Құмырскалардың ұйымшылдығы неден көрінеді?
3. Құмырскалардың татулығы адамдарға үлгі бола ма?
4. Олар ынтымақтасып еңбек еткенде қандай жұмыстар атқарады?



3-тапсырма. Ұйымшыл, еңбекқор құмырсқалардың қызметтерін сызбаға түсіріңдер.



ЕТІСТІКТІҢ БҰЙРЫҚ РАЙЫ

Бұйрық рай іс-әрекеттің тыңдаушыға (II жақ) не бөгде біреуге (III жақ) немесе өзіне (I жақ) қаратылып, бұйыра, талап, ниет ету мағынасын білдіреді. Мысалы: *Мен сізге хат **жазайын** (I жақ). Ғылым таппай **мақтанба** (II жақ). Ол **оқып көрсін** (III жақ).*

Бұйрық райдың жіктелуі.

| | Жекеше | Көпше |
|-----|-------------------------------|--|
| I | қара-йын, ал-айын | қара-йық, ал-айық |
| II | қара, ал қара-ңыз, ал-ыңыз | қара-ңдар, ал-ыңдар қара-ңыздар, ал-ыңыздар |
| III | қара-сын, ал-сын | қара-сын, ал-сын |

Бұйрықтық мағына білдіруде мынадай ерекшеліктері бар:

1. I жақта бұйрықтық мағынадан гөрі ниет білдіру мағынасы басым.
2. II жақтың анайы түріндегі бұйрық рай сырттай етістіктің түбіріне ұқсас келеді.
3. Бұйрық райдың III жағы жекеше, көпше түрде де *-сын, -сін* жұрнағы арқылы жасалады.



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Алдыңғы сабақтағы оқылым мәтінімен салыстырып, иттің адамға достығын бағаландар.

Адам адаммен ғана дос болып қоймайды, адамға жануарлар да дос бола алады. Адам табиғатта енді-енді тіршілік ете бастағанда, жан-жануардың ішінде өзіне бірінші серік еткені ит екен. Ол – адамның досы, жанашыры, көмекшісі. Қазақ халқы асырайтын иттерін тұқымы жағынан *дүрегей* және *тазы* деп екіге бөлген.

Дүрегей иттер үй, мал күзетеді. Олардың ішінен қасқырмен алыса кетсе, алқымынан алатын бөрібасарлар, бөтен кісіні жүргізбейтін тайыншадай төбеттер шыққан.

«Ақшылық өнер» кітабынан



5-тапсырма. Жұптық жұмыс. Өмірден нақты деректер келтіріп, иттің адамға достығы жайында диалог құрыңдар. Сұрақты өздерің дайындаңдар.

Тірек сөздер: адам, ит, дос, болу, мал, үй, залал, күзету.



6-тапсырма. Адамдарға дос саналатын жануарларға күтім жасаудың нұсқаулығын жазыңдар. Етістіктер бұйрық рай формасында болсын.



7-тапсырма. «Ынтымақтастық, сыйластық – өміріміздің мәні» деген тақырыпта өз ойларыңды жазыңдар.

Талаптары :

- тақырыптан ауытқымау;
- замандас, ұйымшылдық, жанашыр, жақындық, ынтымақтастық сөздерін қолдану;
- етістіктің шартты рай және бұйрық рай формаларын қатыстыру;
- сөйлем ішіндегі тыныс белгілерін дұрыс қолдану.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

- Құмырсқалардың қандай қасиеттері ұнайды?
- Жануарлардың адамға дос бола алатыны жөнінде мысалдар келтіріңдер.
- Етістіктің шартты және бұйрық рай жұрнақтарын қызметіне қарай дұрыс қолдандыңдар ма?

7–8-сабақ

Т.Айбергенов. «Бір тойым бар»

Ойтүрткі

- Т.Айбергенов кім?
- Акынның «Бір тойым бар» өлеңі не туралы деп ойлайсыңдар?



1-тапсырма. Өлеңді тыңдаңдар (22-аудио). Өлең жолдарынан акынның қандай көңіл күйін байқауға болады?

Бір тойым бар

Бір тойым болатыны сөзсіз менің,
Дәл қай күні екенін айта алмаймын.
Бірақ... бірақ...
Ешкімді де билетпей қайтармаймын.
Онда ортаға тасталар ұран сондай:
Қайта алмайды қартың да бір ән салмай.

Жпырма бестің бәрін де сабылдыртам,
Кемпірлерге қыз күнін сағындыртам...
Сәбилерге ағаны үлгі етемін,
Женгейлердің толтырам гүлге етегін...

Т. Айбергенов



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Бір тойым бар» дегенде ақын не айтпақ болды?
2. «Бірақ... бірақ...» деген шылау не мақсатпен қолданылған?
3. Өлең жолдарындағы етістіктер неліктен бірінші жақта қолданылған?



3-тапсырма. Өлеңнің жалғасын оқыңдар. Қандай мәселелер көтерілген?

Менің жарым бұл түні кірпік ілмей,
Ақ көңілімен аққайың бүртігіндей,
Омырауынан бір тәуір шайқап есіп,
Ажырасқанды жүреді қайта қосып.
Мен өзім де ән салам түн ауғанша,
Менің жаным бұл күнге құмар қанша!
Бәйгі берем жығылған палуанға да,
Адалдығы сезіліп тұрар болса.
Қыз қуатын жігітке ат беремін,
Жанам деген жүрекке от беремін.
Мен, әйтеуір, бар жиған-тергенімді
Бір тамаша той қылып өткеремін.
Біздің үйді сол күні бетке ал, қауым,
Нысанаға ап қуаныш тоқталмауын.
Мен бұл тойдан тілеймін жылап тұрып,
Қазанымда бірасым ет қалмауын.
Мен сөйтіп бар шаңнан бір сілкінемін,
Мен сөйтіп рақаттанып бір күлемін.
Кім білсін, талай түнгі тілегім еді,
Мәңгілік тарқамау ы да мүмкін оның.

Т. Айбергенов



4-тапсырма. Өлеңдегі ақынның эмоционалды сөздерінен қандай көңіл күй сезіледі? Дәлелдер келтіріп талқылаңдар.



5-тапсырма. Топқа бөлініп рөлдік ойын ойнаңдар.

Ойын шарты :

- ойынға той несі, асаба, әнші, той қонақтары қатысады;
- қатысушыларға олардың ойнайтын кейіпкерлері аталып, мінездеме беріледі;
- әр кейіпкердің сөздері өлең мазмұны негізінде құрылады.



6-тапсырма. Өлеңде достық көңіл, татулық, ынтымақтастық көмек көріне ме? Өз ойларыңды жазыңдар.



7-тапсырма. Өлеңнің қарамен берілген шумағындағы ақынның тілегін бұйрық райдың I, II, III жағына қойып айтыңдар.



8-тапсырма. Ойтаразы: «ПОПС» формуласын қолданып, өлеңдегі «Бір тамаша той қылып өткеремін» деген ойға өз пікірлеріңді білдіріңдер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

9–10-сабақ

Отбасы – Отанның тірегі

Ойтүрткі

- Отбасындағы татулықтың ұйытқысы не?
- Қазақстанда ұлттардың татулығын сақтауда қандай шаралар жасалған?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (23-аудио). Тірек сөздерді анықтап, тақырыбын қойыңдар.

Отбасы – адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты, қызық дәурені осы отбасында, туыстардың арасында өтеді. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-анасы мен туыстарының сүйіспеншілігіне бөленеді. Отбасы мүшелерінің өзара дұрыс қарым-қатынасы, тіл табысып түсінісуі маңызды. Бірін-бірі тыңдап, ата-ананы, туған-туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуы – бақытты өмір сүрудің кілті.



2-тапсырма. «Отбасылық татулық неден құралады?» деген сұраққа мәтін мазмұны бойынша жауап беріңдер.



3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Тақырыпқа назар аударып, символ сөздерді анықтаңдар.

Қайғың – күл, қуанышың – от

Бөлтіріктің қартайған шағында ақыл сұрай келген бір жас жігіт:
– Ақ ата, келген бақ кімге қонады? Бала ыстық па, байлық ыстық па? – дейді. Сонда Бөлтірік:

– Қарағым, байлық қолға ұстаған мұзың емес пе, бақ ұшып-қонған құсың емес пе, балаң артта қалған ізің емес пе? Бәрінен жолдас-жораңмен, ағайын-туғаныңмен, ел-жұртыңмен сіз-біз десіп өмір сүргенге не жетсін! Осыларға жүрегің жылы болса, қайғың – күл, қуанышың – от, – дейді.

«Ел аузынан» кітабынан



4-тапсырма. Белтірік шешеннің сөзіндегі кейіптеу қандай ұғымдарды образды түрде жеткізген?



5-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген сөйлемдердегі авторлық көзқарасты талдаңдар.



6-тапсырма. Берілген сөздердің символды образын мәтіннен тауып жазыңдар.

| | |
|--------|--------|
| Қайғы | _____→ |
| Қуаныш | _____→ |
| Байлық | _____→ |
| Бақ | _____→ |



7-тапсырма. «Бақытты өмір сүрудің кілті...» деген тақырыпта ой бөлісіңдер.

Талаптары :

- тақырыптан ауытқымау;
- регламент сақтау;
- сөз әдебін сақтау;
- шартты, бұйрық райлы етістіктерді қолдану;
- өзіндік ойлары мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.



8-тапсырма. Ойтаразы. Тақырыптың мәнін түсініп айта алдыңдар ма? Өзіңді және жолдастарыңды бағалаңдар.

11–12-сабақ

Достықты сақтау – киелі іс

Ойтүрткі

- «Достық пен татулықты сақтау өз қолымызда» деген пікірмен келісесіңдер ме? Өз ойларыңды өмірмен байланыстырып, мысалдар келтіріңдер.



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (24-аудио). Автордың идеясын қандай көңіл күймен қабылдадыңдар?

Дәл бүгіннен бастап

Адам баласы өзінің айналасындағыларға, басқаларға деген көз-қарасын, ниетін өзгертсе, олардың да бұған деген көзқарасы өзгереді. Ойы мен ниетін жақсылыққа бағыттай алмайтын адамдар бақытсыз болады. Сондықтан дәл бүгіннен бастап барлық адамға достық ниетпен қарайық. Мүмкіндігінше адамдармен дауыс көтермей сөйлесіп, ешкімді сынамауға, ешкімге жөнсіз тиіспеуге, ешкімді басынбауға тырысайық.

Егер сіз бен біз осы қағидаларды ұстансақ, көптеген сәтсіздіктен арылып, өзімізбен және айналадағы адамдармен қарым-қатынасымыз ізгілікке, сүйіспеншілікке құрылатыны сөзсіз.

Джеймс Лейн Аллен



2-тапсырма. Мәтінді INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдаңдар. Төмендегі белгілермен әр бөлікті немесе сөйлемдерді белгілеңдер. Өз ойларыңды қорытындылап жазыңдар.

| «V» | «-» | «+» | «?» |
|------------------|----------------------------------|-----------------------|--------------------------------|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлағанымға қайшы, кереғар | Мен үшін жаңа ақпарат | Келісе алмаймын, білгім келеді |



3-тапсырма. «Отбасындағы татулықты сақтау үшін дәл бүгіннен бастап не істемекпін?» деген сұрақ бойынша нұсқаулық жазыңдар.



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Тақырыпқа қарап, қандай мәселе көтерілгенін анықтаңдар.



Ортақ үйімізде татулық пен келісім болсын

Қазір біздің ұрпағымызға жауапты міндеттер жүктеліп отыр. Яғни, балаларымыздың игілігін сақтау, қайта қалпына келген мемлекетімізді нығайту міндеті тұр. Біздің әрқайсысымыз және баршамыз туған еліміздің болашағына деген жауапкершілігімізді сезінуіміз керек. Ал мұның өзі өткенді есте сақтай отырып, болашаққа көз жүгіртуді, басқа халықтармен тату және жарасты өмір сүруді, олардың мәдениетін, дәстүрлерін, салттарын құрметтеуді білдіреді. Қазақтар «Береке басы – бірлікте» деп тегін айтпаса керек.

Елдегі татулық пен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Ассамблея делегаттары 120 ұлттың мүддесін білдіреді. Әрбір этностың және бүкіл Қазақстан халқының болашағы үшін орасан зор тарихи жауапкершілік жүктеліп отыр.

Н.Ә. Назарбаев



5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазіргі ұрпаққа қандай міндеттер жүктелген?
2. Тату өмір сүру үшін не істеуіміз керек?
3. Қазақстан халқы Ассамблеясына қанша ұлт кіреді?
4. «Береке басы – бірлікте» дегенді қалай түсінесіңдер?



6-тапсырма. Екі бағандағы сөздерді мағына жақындығына қарай сәйкестендіріп жазыңдар.

| | |
|--|---|
| Қазір біздің ұрпағымызға | нығайту міндеті тұр. |
| Қайта қалпына келген мемлекетімізді | жауапкершілігімізді сезінуіміз керек. |
| Әрқайсысымыз туған еліміздің болашағына деген | жауапты міндеттер жүктеліп отыр. |
| Мұның өзі басқа халықтармен тату және жарасты өмір сүруді. | деп тегін айтпаса керек. |
| Қазақтар «Береке басы – бірлікте» | олардың мәдениетін, дәстүрлерін, салттарын құрметтеуді білдіреді. |



7-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген сөйлемнің етістіктерін II жаққа қойып, бұйыра сөйлендер.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

- Бүгін не үйрендіңдер?
- Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

13–14-сабақ

Қазақстан халқы Ассамблеясы

Ойтүрткі

- Достық пен татулық кең мағынадағы сөздер екенін түсіндіңдер ме?
- Белгілі тұлғалардың достық, татулыққа қатысты пікірлерін білесіңдер ме?



1-тапсырма. Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Ю.Поминовтың пікірін тыңдаңдар (25-аудио). Қандай ой түйдіңдер?

Біз, республиканың барша халқы, бірігіп, бір мақсатты көздейміз. Қоғамдағы ішкі тұрақтылық, ұлтаралық татулық біздің әрқайсысымызға Ұлы Қазақстанның бөлшегі екенімізді айқын сезінуге мүмкіндік береді. Шын мәнінде, Қазақстан – біздің ортақ үйіміз, біздің біртұтас Отанымыз. Біздің әрқайсысымызға «Мен қазақстандықпын» деп зор мақтаныш сезіммен айтатын күн туды.



2-тапсырма. Мына сөздердің мағынасын сөйлем құрау арқылы түсіндіріңдер.

Ішкі тұрақтылық, ұлтаралық татулық, ортақ үйіміз, күн туды.



3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Автор қандай мәселелерді көтеріп отыр?

Бүгінде Қазақстан халқының «орыстілді» деп аталып жүрген басым бөлігі біздің республикамызға еркінен тыс күштердің әсерімен келген болатын: жер аудару, көшіру, жұмысқа жіберу, әскери бөлімдерде қызмет ету және т.б. Бұл жаңадан қоныс аударғандардың жергілікті жағдайға тез бейімделуіне және қазақстандық менталитетті қалыптастыруға ықпал етті. Қысқа уақыт ішінде Қазақстан олар үшін өз еліне айналды.

Адамдар жергілікті халықпен тез тіл табысты, қазақтың көптеген салты мен дәстүрін қабылдады. Олар қазақтармен өзара техника, білім беру, медицина, өнер, мәдениет салаларына қатысты мәселелерден тәжірибе алмасты. Қазақстанның қазіргі халқының осындай қалыптасуына өзара түсінушілік, құрметтеушілік негіз болды.

Н. Зинкевич, Қазақстан поляктары одағының төрағасы



4-тапсырма. Жұбыңмен ұлтаралық татулық жайында ой бөліс. Сұрақты өзің дайында.

Тірек сөздер: қоныс аударушылар, өз еліне айналды, қазақстандық менталитет, салт-дәстүрлерді қабылдау, тәжірибе алмасу.



5-тапсырма. Оқылым мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айтыңдар.

- *Пікір.* Оқыған мәтін бойынша өз пікірін 1 сөйлеммен жазу.
- *Дәлел.* Өз пікірін 1 сөйлеммен дәлелдеу.
- *Мысал.* Пікірін өмірмен байланыстырып мысал келтіру.
- *Қорытынды.* Тақырып бойынша қорытынды жазу.



6-тапсырма. Қазақстанда 1 наурыз – «Алғыс айту күні». Кімге рақмет айтқыларың келетіндеріңді хат түрінде жазыңдар (ата-анаңа, достарыңа, ұстаздарыңа т.б.).



7-тапсырма. «Барша ұлттың мәдениетін, салт-дәстүрін құрметтеу – біздің міндетіміз» деген тақырыпта эссе жазыңдар.

Таланттары :

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім мен қорытынды бөлімнің болуы;
- тақырыптан ауытқымау;
- өмірмен байланыстыру;
- өзіндік тың пікірлер келтіру;
- баяндау стилі I және III жақта болу;
- сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану;
- көлемі шамамен 120–150 сөзден тұру.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» толтырыңдар.

- Тақырып бойынша не үйрендіңдер?
- Сендер үшін тақырыптың құнды жақтары қандай болды?
- Достық пен татулықтың бұзылуына қандай жағдайлар себеп болады?
- Эссе жазуда қандай қиындықтарға тап болдыңдар?

5-тақырып

КӘСІП – БАҚЫТТЫҢ ШЫРАҒЫ,
ЕҢБЕК – ЫРЫСТЫҢ БҰЛАҒЫ

С.Мұқанов. «Саятшы Ораз»

Кәсіп, кәсіп түбі – нәсіп (нәсібе).

Мәтел

1–2-сабақ

Еңбек – байлық

Ой түрткі

- Шырақ, бұлақ деген сөздердің мағынасы нені білдіреді?
- Еңбекпен байлыққа қол жеткізу үшін қандай жолдардан өту керек?



1-тапсырма. Мақал-мәтелдерді тыңдап, тірек сөздерді анықтаңдар (26-аудио). Қандай тақырыпқа арналған?

1. Еңбегі аздың өнбегі аз. 2. Жатқанға жан жуымас, жалқауға мал құралмас. 3. Ерді еңбек жеткізер. 4. Ердің атын еңбек шығарады. 5. Еңбегіннен ел таныр. 6. Байлықтың атасы – еңбек, анасы – жер. 7. Қайратың барда мал тап. 8. Жан қиналмай жұмыс бітпес, талап қылмай мұратқа жетпес. 9. Жақсы жұмыс – жанға тыныс. 10. Жұмысы бардың жүйкесі тыныш. 11. Еңбексіз тапқан мал есепсіз кетеді.



2-тапсырма. Мақал-мәтелдердің құрамындағы жиі қолданылған сөздердің мағынасын талдаңдар. Мағынасы қандай түсінікке сәйкес келеді?

Үлгі : еңбек —————> жұмыс

еңбек
мал

ер
жан



3-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдерді аяқтаңдар.

1. Ердің атын
2. Жалқауға мал
3. Байлықтың атасы –
4. Талап қылмай



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Жұмысшы мамандығы туралы өз ойларыңды айтыңдар.

Жоғары білім – әрдайым тұрақты әрі тиімді қызметтің кепілі емес. Компаниялардың көпшілігі тек мимен ғана емес, қолмен де іске ікемді мамандарды жиі іздейді. Олардың қатарында дәнекерлеушілер, сырлаушылар, сантехниктер бар. Мамандық атауына қарағанда,

сырткөзге айлық ақысы аз болып көрінуі мүмкін. Расында, олай емес. Мәселен, тас қалаушылар (каменщик) 200 мың тенгеге дейін жалақы алады.

mir.kz сайтынан



5-тапсырма. Жоғарыда айтылған пікірге келісетін-келіспейтіндеріңді айтыңдар. Айналада жұмысшы болып еңбек етіп жүрген адамдарды мысалға келтіріңдер.



6-тапсырма. Топқа бөлініп рөлдік ойын ойнаңдар.

Ойын шарты :

Бірін – бағдарламашы (программист), екіншің – дәрігер, үшіншің – мұғалім, төртіншің сәулетші рөліне еніп, әрқайсыларың өз кәсіптеріңді қорғап шығыңдар. Спикерлер сөйлеу шеберліктеріңді бағалайды.



7-тапсырма. «Мамандықтың жаманы жоқ» деген тақырыпта 4-5 сөйлемнен тұратын шағын мәтін құраңдар. Мәтінде шартты райлы етістіктерді қолданыңдар.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып сұрақтарға жауап жазыңдар.

- Бүгін сабақта не білдіңдер? Бұрын не білетін едіңдер?
- Мақал-мәтелдердің мәнін қалай түсіндіңдер?
- Қай тапсырма қиындық келтірді? Неліктен?

3–4-сабақ

Еңбек адамы

Ойтүрткі

- Суретте кім бейнеленген?
- Қалай ойлайсыңдар, *саятшы* және *аңшы* сөздерінің айырмашылығы бар ма?





1-тапсырма. Әңгіме үзіндісін тыңдаңдар (27-аудио). Естерінде қалған ақпараттарды дәптерлеріңе жазыңдар.

Кездескен адамдардың ішінде менің сәбилік есімде апам да, жездем де, басқалар да сақталмаған. Тек қана елесі сақталған жалғыз адам – саятшы Ораз. Ол орта бойлы, кең жауырынды, кеуделі, ұзындығы кіндігіне түсетін қалың ақ сақалды, дөңес мұрынды, дөңгелек кара көзді, ұзын ақ қасты, кең маңдайлы, бетінде әжімі жоқ кісі болатын.

Ораз бен біздің үй сайдың күнгеі жағындағы қалың ағаштың қойнауында, өзге үйлерден оғаштау отырды. Біздің үйде ол жылы мал атаулыдан жалғыз-ақ сиыр болыпты. Оразда бір ат, бір сиырдан басқа мал жоқ. Сондықтан оның да, біздің де шымнан салынған үйіміз бен қамыспен қоршалған қорамыз шап-шағын, кіп-кішкене еді.

Ораз, ең алдымен, мылтықшы және жалғыз оқты шптімен ғана атады екен. Беріректе аспанда зырлап ұшып бара жатқан үйректі шптімен атып түсіргенін өзім де көзіммен көрдім. Ес біліп, қасына ерген кезімізде Ораздың атқан оғы тимеген кезді көрген емеспін. Өзгелер де «Ораздың қолы өмірде мүлт кеткен емес» деседі. Оның мергендігі елдің есінде ерекше сақталған...

С. Мұқанов, «Саятшы Ораз»



2-тапсырма. Мәтін бойынша Ораздың портретін сипаттаңдар.



3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, жеті қазынаны толықтырыңдар.

Қазақ халқы жеті қазынаны ер жігіттің өмірімен байланыстырып, оның ұғымына мыналарды жатқызады:

- ... ат;
- ... бүркіт;
- ... тазы;
- ... мылтық;
- ... ау;
- қақпан;
- ... кездік.

Тиісті сөздер: жүйрік, құмай, берен, қанды ауыз, қыран, өткір, майланғыш.



4-тапсырма. Жоғарыда берілген жігіттің жеті қазынасын саятшы Ораздан табуға бола ма? Ой бөлісіңдер.



5-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Қандай оқиға суреттелген? Ораздың мергендігін не дәлелдейді? Жұбыңа әңгімелеп бер.

Соның бірі мынау: бір жазда, ел жайлауда отырғанда той болды. Тойға жиналған жұрт көлдің жағасындағы көк майсаға отырып, алдарына табак тартылған кезде, аспанның биігінде бір бозторғайды қуып жүрген тұрымтайды көреді.

Бозторғайды аяған жұрт: «Бұл бейшара неге төмен қарай ұмтылмайды, неге жоғарылай береді?» – десе, біреу: «Төмендесе, тұрымтай қағып түспей ме, соны біліп жоғарылап барады», – дейді. Аздан кейін жұрт бозторғайдың екпіні бәсендеп, тұрымтайдың екпіні күшейе бастағанын көреді. «Апыр-ай, енді шалады-ау бейшараны!..» деп аяған жұрт шуласа бастаған кезде, жиынның арасынан мылтықтың даусы гүрс ете қалды. Сол кезде торғайды ілгелі жүрген биіктегі тұрымтай төмен қарай құлдырай құлайды.

Жұрт: «Не болды бұған?» – деп таңданса, тұрымтайды атып түсірген Ораз екен!..

Ораздың мергендігі осындай болса, құсбегілігі одан да бетер болған. Есін білгелі қыста бүркіт салудан, жазда қаршыға мен тұйғын салудан қол үзбеген.

– Менің малым көп, – деп қалжыңдайды екен Ораз.

– Қайдағы мал? – деп сұрағандарға:

– Көктің құсы, жердің аңы түгелімен менікі, олар барда мен аштан өлмеймін, көштен қалмаймын, – дейді екен...

С. Мұқанов. «Саятшы Ораз»



6-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, мәтіннің соңғы сөйлемінде айтылған ойды қалай түсінгендеріңді дәлелдеп айтыңдар.



7-тапсырма. Төмендегі күрделі етістіктер мен фразеологизмдерді қолданып сөйлемдер құрастырыңдар.

Қағып түседі, гүрс ете қалды, қол үзбеген, құлдырай құлады, көштен қалмайды.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Ортан терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?

5–6-сабақ

Аңшылық пен құсбегілік

Ойтүрткі

- Құсбегілік жөнінде не білесіңдер?
- Қалай ойлайсыңдар, аңшылық пен құсбегілік бірдей кәсіп пе?



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Оқиға қалай өрбіді? Әңгіменің композициялық құрылымын анықтаңдар (оқиғаның басталуы, оқиғаның өрбуі, оқиғаның аяқталуы).

Жазы-қысы құс салатын Ораз әр күні қоржынын толтыра құс, қанжығасын толтыра аң әкелмей қоймайды екен... Ораз атқан құстарын не ілдірген аңдарын соларға үлестіріп, өзі үйіне бірер күнге ғана азық әкеледі екен.

Ораз қысты күні күзен, тышқан, түлкі, қасқыр сияқты аңдарды да көп аулаған. Бірақ солардың да терісін сатып пайда қылмай, кім көрінгенге сауғаға бере берген.

Оның аса дос көретін тобы балалар еді. Жазда, қыста аңға шықса, қасында балалар қаптап жүретін. Сауғасын ол балалардан да аямай, күндік олжасын үлестіріп беретін. Бүгін құр қалған баланы ертең риза қылатын.

Ораздың аңға ерте шығатынын білетін балалар таңертең оның үйінің маңайына жиналады. Ораздың жалғыз ғана аты болатын. Қардың жұмсақ, жұқа кезінде ол аңға атпен шығады. Қар қалындаған кезде жаяу шығады.

Жасы сол кезде алпыстарды орталаған Ораздың денесі тіп-тік, жүрісі шапшаң. Ол ит терісінен істеген биялайын оң қолына кнеді де, томағалы бүркітін жұдырығына қондырып:

– Ал, кәне, жүріндер, балалар! – деп жөнеле береді. Қаптаған бала Ораздың сонынан ере тартады...

С. Мұқанов. «Саятшы Ораз»



2-тапсырма. Көп нүктеге назар аударып, мәтінді әрі қарай жалғастырып әңгімелеңдер. Ораз қандай адам екен? Кластер түзіп, мінездеме беріңдер.



3-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Екі бағандағы сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріңдер. Өздерің қалаған 2-3 сөзбен сөйлемдер құраңдар.

| | |
|--------------|------------|
| жазы-қысы | таратып |
| олжасын | тегін беру |
| үлестіріп | табысын |
| сауғаға беру | қолғап |
| биялай | үнемі |



4-тапсырма. Түсіндірме сөздіктің көмегімен аңшы мен құсбегіні салыстырып, «Не істейді?» деген сұраққа жауап беріңдер.

| Аңшы | Құсбегі |
|------|---------|
| | |



5-тапсырма. Мәтінді мұғалімнің оқуынан тыңдаңдар. Тірек сөздерді анықтап, мәтінге ат қойыңдар.

Ораз көбіне қоян аулайды. Ондай кезде бүркітінің томағасын алып, әзірленіп отырады. Аң аулап дағдыланып қалған бүркіт қашып шыққан қоянды көргенде, бірер рет шанқылдап шақырып жіберіп, талпына бастайды. Сол кезде Ораз бүркітін ұшырады.

Ол қашып бара жатқан қоянға тұра ұмтылмай, әуелі бойын жазып, биіктеп алады да, содан кейін қашып бара жатқан қоянға қарай құлдырай келіп құйылады.

Ораздың баулыған бүркіті несі жүгіріп жеткенше, қоянын тірі қалпында басады да отырады. Жасының қартаңдығына карамай, Ораз сол кезде балалардан жүйрік. Балалар қарға батпайды, ол батады. Солай бола тұра, жарыса жүгіргенде, ол балалардан озып кетеді. Егер қар қалың болса, аяғына шаңғы киіп алады. Шаңғы кигенде, ол қардың бетінде аққан жұлдыздай зымырайды.

С. Мұқанов. «Саятшы Ораз»



6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Бүркіттің томағасын алу» дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Бүркітті қай кезде ұшырады?
3. Бүркіт қашып бара жатқан қоянды қалай алады?
4. Ораз қай кезде жаяу жүреді, қай кезде шаңғы киеді?



7-тапсырма. Мәтіндегі қарама-қарсы ұғымдарды тірек сөз етіп алып, салыстырмалы сөйлемдер құраңдар.

Керекті сөздер: жас, кәрі, батады, батпайды, озып кетеді, қалып қояды, жаяу жүреді, шаңғы тебеді.



8-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, өз көзқарастарыңды білдіріңдер. Бір-біріңнің жауаптарыңды бағалаңдар.

- Саятшы Ораз саған несімен ұнады?
- Оның орнында болсаң, не істер едің?
- Кімнің жауабы ұнады? Неліктен?

7-8-сабақ

Аң аулау тәсілдері

Ойтүрткі

- Аң аулаудың тағы қандай тәсілдерін білесіңдер?



1-тапсырма. Мәтінді оқып, құрылымына назар аударыңдар. Әр азатжолда не жөнінде айтылғанын жұбыңа түсіндір.

Қазақ аңшылары тазы итті аң қағу өнеріне қатысты бірнеше топқа бөлген. *Бірінші топқа* қасқыр алатын тазыларды жатқызған. Ондай тазы күшті әрі жүйрік келеді. Ол қасқырды қылқындырып алады.

Екінші топқа жататындар: шағын тазылар. Бұлар қасқырды қуып жетіп, тістелеп, мысын басады.

Үшінші топқа жататындар: қоян, түлкі ұстайтын тазылар. Бұлардың күші әлсіз, бірақ жүйрік болады. Күніне 2–5 қоян алатын мүмкіндігі бар. Ал түлкіні кез келген тазы алады.



Тазымен аң қағу үшін қайткен күнде қар жауып, сонар басталуы шарт емес. Аңның жүні жетіліп, қажетке жарайтындай болса жетіп жатыр. Сондықтан да тазымен аң аулауды *қарасонар* деп те атайды.

Тазыларды жеке-жеке немесе топ-тобымен аңға салады. Аңшылар аңды жатқан жерінен үркітіп алып шығады. Сосын қашқан аңға тазыны жұмсайды.

Б. Қайратұлы



2-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, «Қарасонар» деген сөзге түсінік беріңдер. Бұл қай кезде болады?



3-тапсырма. Төмендегі сөз тіркестерінің сыңарын тауып жазыңдар.

аң ... ;

тазыларды ... салады

... тазы;

... салады

мысын ... ;

Керекті сөздер: жүйрік, аулау, басу, қоянға, топ-тобымен.



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Оқиға қалай өрбіді? Әңгіменің композициялық құрылымын анықтаңдар (оқиғаның басталуы, оқиғаның өрбуі, оқиғаның аяқталуы).

Ораздың қысқы соғымы – қоян ғана. Оның үйі қоянды көбінесе сорпа қылып емес, бәліш жасап жейді. Сол үйде үлкен қара таба болады. Ораздың әйелі бәлішті осы қара табаға толтыра жасайды. Үлкендігіне кісінің құлашы әрең жетерліктей зор бәліштің ішіне қоянның етіне араластыра картоп та салынады. Бір бәліш екі үйдің жанын лық тойғызады.

Ораз – әңгімешіл адам. Оның айтуынша, әкесі Қаша да аңшы екен. Ес білгелі әкесінің қасына еріп, аңшылықты кәсіп еткен. Оның аң аулауға қатысты әңгімелері көп. Оның әңгімелері балалар үшін қызық.

Ораз аннан қайтса, жұрт оның әңгіме-кенесін тыңдауға жиналады. Аңшылық туралы әңгімелерінің арты күнкөріске келіп соғады. Ауылда кім көп, кедей көп. Олардың бәрінің қолынан аңшылық келе бермейді...

– Жасағанның бергеніне шүкіршілік, – дейді Ораз, – маған байлық біткен жоқ. Бірақ аңшылықтың арқасында ешкімге телмірген жоқпын.

С. Мұқанов. «Саятшы Ораз»



5-тапсырма. Аңшылық туралы әңгімелер неліктен күнкөріске келіп соғады? Өз ойларыңды нақты деректермен дәлелдеп жеткізіңдер.



6-тапсырма. «Кім жылдам?» ойыны. Аңшылық пен саятшылыққа қатысты мақал-мәтелдер тауып жазыңдар.



7-тапсырма. Суреттерге қарап, құсбегілік, саятшылық туралы шағын әңгіме құраңдар. Әңгімеде етістіктің бұйрық, шартты райлы формаларын қолданыңдар.



8-тапсырма. Ойтаразы. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлеріңді жеткізіңдер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

9–10-сабақ

«Жылқышы» әңгімесі

Ойтүрткі

- Қалай ойлайсыңдар, жылқы өсіру ісі кәсіпке жата ма?
- Бүгінгі қоғамда жылқышы кәсібі не үшін керек?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (28-аудио). Мәтінде не туралы айтылған?

Бұл – менің тебіндегі жылқыны бірінші көруім. Жылқы деген жануар – мал атаулының ішіндегі ең қайраттысы. Өте бір түтеген боран соғып кетпесе, ызғарлы суықтарда желге маңдайын бере қарсы қарап, қар тебеді.

Жылқыларда аналық мейірім барын сол кезде байқайсың. Соңынан құлыны, тайы ерген мама биелер қар тепкенде, әуелі өзі оттамай, балаларына шөп ашып береді. Олар біраз қаужалап алғаннан кейін ғана өзі оттауға кіріседі.

Мың жарымға жақын жылқының тұяғы жер шыдата ма, қос тіккен төңіректің оты әп-сәтте бітеді. Сол кезде «тебін аудару» деген басталады, ол – жылқыны тың жерге көшіру деген сөз. Жылқының тыңға көшуі оңайлыққа түспейді. Бет алған жақта ойпаң кездесіп, қар қалындап кетсе, жылқы беттемей тұрып алады. Ондай кезде қалың жылқыны бастай жөнелетін көсемдері болады. Бұлайша бастауға аса бір қарулы айғырлар мен биелер ғана түседі.

Көсемсіген бір жылқы қалыңға түсе жөнелгенде, оның артынан тізбектелген жылқылар шұбыра бастайды. Тебін осылай аударылады...

С. Мұқанов. «Жылқышы»



2-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Төмендегі ұғым-түсініктердің мәтіндегі қандай сөздердің мағынасын ашып тұрғанын анықтаңдар.

Жылқы жайылатын жер; шөп жеу; әлденіп алу; тың жерге көшіру; кішкентай шаңыраққа айнала қадаған қазықтардың сыртынан киіз қоршалған үйшік.



3-тапсырма. Төмендегі жылқы атауларын қатыстырып сөйлемдер құраңдар.

| Жылқыға қатысты атаулар | Сөйлемдер |
|--|-----------|
| құлын (биенің жас төлі) жабағы (6 айдан асқан құлын) тай (1 жастан асқан жылқы) бие (ұрғашы жылқы) айғыр (еркек жылқы) | |



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Әңгімеде көтерілген мәселелерді рет-ретімен баяндаңдар.

Жылқы етінің өзге малдың етінен күштілігі туралы Мақан толып жатқан кеңестер айтады:

– Жылқышының асы дегеніміз – жылқының еті мен соның сорпасына езген құрт. Бұл екеуінен басқа тамақты жылқышы іздемейді де. Өзге тамақты жеген кісі бұндай суықта **жаурайды**.

– Осы суықта оттан түскен қазанды қостың іргесіне қоя қойшы. Жылқының майы үскірік суық болса да қатпай, **балқып тұрады**.

– Жылқының кымызы – құрт аурудың (туберкулездің) мың да бір емі. Жылқының еті өзге малдың етінен **күшті**.

– Ерте күнде, – дейді Мақан, – «Жасыл бағар» бойындағы нағашыма бардым. Ол арада жылан көп болады екен. Жылқы терісінің пісі шыққан маңайға жылан жоламайды екен. Жылан шаққан адамға аттың терін ішкізсе, мың да бір ем болады екен.

– Ендеше жылқының еті мен сүті ғана емес, терінің өзі де асыл болғаны ғой.

– Асыл болмай қойсын ба? – дейді Мақан, – жылқы жануары лай суды іше ме, сасыған суға жолай ма? Ол тұнық, таза судан жүзіп жүріп ішпей ме? Шөптің асылын теріп жемей ме? Асылмен тамақтандырған соң, оған қуат бітпей қоя ма?..

С. Мұқанов. «Жылқышы»



5-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің антонимдері мен синонимдерін тауып айтыңдар.



6-тапсырма. Тақырыбын өздерің таңдап, жылқышының әңгімесіндегі ақпараттардан кластер түзіңдер.



7-тапсырма. Соңғы азатжолдағы сұраулы сөйлемдерді хабарлы сөйлемдерге айналдырып жазыңдар.



8-тапсырма. Ойтаразы. 3-2-1 критерийі бойынша анықтаңдар.

- 3 маңызды ақпарат;
- қиындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.

11–12-сабақ

Мамандық пен кәсіп түрлері

Ойтүрткі

- Қазіргі қоғамда қандай кәсіп түрлері бар?
- Өздерің қандай кәсіппен айналысқыларың келеді?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (29-audio). Тірек сөздерді анықтап, тақырыбын қойыңдар.

Ең көп сұранысқа ие мамандар кімдер? Осы сұрақ кімді болса да қызықтырады.

Зангер және экономист – бұл соңғы онжылдықтағы Қазақстандағы ең «сәнді» мамандықтар. Жастар жағының әлі де аталмыш мамандық иесі болуға деген талпынысы басым. Ал ол мамандықтарға деген еліміздегі сұраныс қандай? Оқу орнын таңдамас бұрын, ең алдымен, елімізде, әлемде ең қажет болған мамандық түрлеріне көз жүгіртіп, саралап алған абзал. Бұл алдағы сіздің тұрақты жұмыспен қамтылуыңызға дәнекер болуы мүмкін. Ендеше, соңғы бес жылдықта ең көп сұранысқа ие болған



және алдағы жуық уақыттарда да аса қажет болып есептелетін маман пелері кімдер?

nur.kz сайтынан



2-тапсырма. «Ең көп сұранысқа ие мамандар кімдер?» деген тақырыпта диалог құрындар. Сұрақтарын өздерің дайындаңдар.



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Мамандық кәсіпке жата ма?
2. Жастардың көбі қандай кәсіпті «сәнді» деп есептейді?
3. Елімізде қандай мамандықтардың қажет екенін білу не үшін керек?
4. «Кәсіп, кәсіп түбі – нәсіп» дегенді қалай түсінесіңдер?



4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіннің жанрын (әңгіме, мақала, өсиет, баяндама) анықтаңдар.

IT мамандары

Бұл мамандарға деген сұраныс бүкіл әлем бойынша алдыңғы қатарларда. Мемлекет бүгінде IT технологиялар арқылы дамуда. Әрине, бұл сала мамандары біздің өмірімізге кең тамырын жайып үлгерді десек артық емес. Өйткені күнделікті өміріміз ақпараттық технологияларға барынша бейімделіп жатқандықтан, бұл мамандық пелері қаншалықты көп болғанымен, артықтық етпейді. Еліміздегі мемлекеттік қызметтің электронды құжаттамаларға өтетіндігін, мектептердегі роботты техникаға арналған жаңа зертханалардың ашылып жатқандығын ескерсек, IT мамандарының қажеттілігінің қаншалықты екендігін ұғамыз. Айта кетейік, әзірге елімізде бағдарламашылар (программист) тапшылығы басым. Жұмыс берушілер көп жағдайда жұмыс іздеушілердің компьютердегі «шеберлігіне» аса мән береді. Сондай-ақ бұл мамандықтың ең маңызды ерекшелігі – үйде отырып та еңбектенуге болады.

nur.kz сайтынан



5-тапсырма. IT мамандығын иемденген жастар қандай кәсіппен айналыса алады? Ойларыңды нақты деректермен дәлелдендер.



6-тапсырма. Диалогті толықтырыңдар.

- Қандай кәсіппен айналысқың келеді?
-
- Бұл кәсіпті неге таңдадың?
-

- Оны игеру үшін қайда оқу керек?
-
- Жақсы маман, кәсіпкер болу үшін не істеу керек?
-
- Кәсіпкердің бойында қандай қасиеттер болуы керек?
-



7-тапсырма. «1 тұжырым, 3 дәлел» әдісі бойынша нақты дәлелдермен ойды дамытыңдар.

| Тұжырым | 1-дәлел | 2-дәлел | 3-дәлел |
|--|---------|---------|---------|
| Сенімді серіктесін болса, қиналыс көрмей, шаруанды дөңгелетесін. | | | |



8-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға ауызша жауап беріңдер.

- Бүгін қандай жаңа сөздер үйрендіңдер?
- Кәсіптің қандай түрлерін білдіңдер?
- IT мамандары немен айналысады?
- Ең көп сұранысқа ие мамандар кімдер екен?

13–14-сабақ

Кәсіп – бақыттың шырағы

Ойтүрткі

- Әлемдік деңгейде жаналық ашып жүрген қандай отандық кәсіпкерлерді білесіңдер?
- Олар туралы мәліметтерді қайдан алуға болады?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (30-аудио). Бұл мәтіннің еңбек, кәсіп тақырыбына қатысы бар ма?

Монаконьң ЭКСПО-ға әкелген технологиялары жайлы айтар болсақ, олар коқыстың өзінен газ алып, «Формула-1» көліктерін зиянсыз отын түрімен жүргізбек. Сондай-ақ 2025 жылға дейін экоүйлер бой түзейді. Мамандар өзгелерге үлгі болатын ғимараттар тұрғызуды жоспарлауда. Әр үй күн батареяларымен жабдыкталады. Сонымен қатар бұл жерде жылу сораптары болады. Олар теңіз суының жылуынан энергия өндіреді.

Олардың бірі және бірегейі – экологиялық таза технологиялар. Бұл дегеніміз – жарысатын көліктер таза отынмен жүреді. Келесі бір жоба – коқыстан энергия өндіру. Монакодан шыққан коқыстың бәрі зауытқа әкелініп, жаңа қуатқа айналдырылады. Монако Астанаға әкелген тағы бір ерекше жоба – күн қуатымен жүретін велосипед. Ол, бір жағынан,

экологиялық өнім деуге болады. Себебі қаңқасы бамбуктен жасалған. Ол әдеттегі велосипед сияқты қозғалады. Тізгінде отырған адам шаршап жүрісін тоқтатқан бойда, күннен алынған қуат арқылы техника өз жүрісін жалғастыра береді. Жылдамдығы сағатына 37 шақырымға дейін жетеді.



2-тапсырма. «Мәтінде айтылған технологиямен қандай кәсіпқой мамандар айналысады? Қандай кәсіптің түрлері дамиды?» деген сұрақтар бойынша ой бөлісіңдер.



3-тапсырма. Қосымша ресурс көздерін пайдаланып, ЭКСПО-2017 көрмесіндегі технологиялар туралы мәлімет іздендер. Сендерді нелер қызықтырды? Мұны жеке адамдардың табысы деуге бола ма? Пікірлеріңді дәлелдендер.



4-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырыбын қойыңдар. Тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіннің қандай жанрда жазылғанын (мақала, сұхбат, жолдау, очерк) анықтаңдар.



отырғанын және бұл қондырғыны айтты.

«Айналып тұрған жел қондырғыларын ең алғаш рет 2005 жылы Калифорнияда көрдім. Сонда қондырғылар желдің барлық күшін пайдаланбай тұр-ау деп ойладым. Артық күш түсірмей, қалақшаларды ұзартудың жолын іздедім. Бес-алты жыл арнайы әдебиеттерді оқыдым. Үш жыл патенттік кітапханаға барып, жел қондырғысына қатысты шетелдік патенттермен таныстым», – дейді жаңалық авторы.

Инженер желқалақтарды ұзарту үшін қондырғының тірегі мен желқалағы арасына екі түтікшені қиғаш орналастырған. Қапшағай маңында екі түрлі қалақты сынақтан өткізген. Сынақ нәтижесінде қайқы желқалақ түзу желқалақтан екі-үш есе жылдам айналған және желден алынатын энергия көлемін еселеп арттырған.

«Бұл қуаттың өзіндік құнын едәуір арзандатуға мүмкіндік береді және халықаралық аренада Қазақстанның беделін арттырады», – дейді инженер р.

ЭКСПО-2017 көрмесінің үздік тәжірибелер павильонына қойылған жаңа өнертабыс «Қайқы желқалақ» деп аталады. Бұл жел энергиясын анағұрлым көбірек өндіруге мүмкіндік береді. Оның авторы – инженер Блок Шайкенов. Ол туындыны алғаш рет ЭКСПО-да таныстырып жасау үшін 12 жыл уақыты кеткенін

Egemen.kz сайтынан



5-тапсырма. Б.Шайкеновтің ойлап тапқан жаңалығы туралы жұбыңмен диалог құр.

- Блок Шайкеновтің мамандығы кім?
-
- Оның жаңа өнертабысы қалай аталады?
-
- Бұл қондырғыны жасауға қанша уақыты кеткен?
-
- Автор нәтижеге қол жеткізу үшін қалай еңбектенген?
-



6-тапсырма. Б.Шайкеновтің «Қайқы желқалақ» өнертабысының пайдасын баяндаңдар.



7-тапсырма. «Кәсіп – бақыттың шырағы, еңбек – ырыстың бұлағы» деген тақырыпта эссе жазыңдар.

Талаптары :

- эссенің негізгі бөлімі мен қорытындысы болуы;
- оқулық материалдарын дерек ретінде пайдалану;
- тақырыптан ауытқымау;
- көлемі 120–150 сөз шамасында болуы;
- сөйлем ішінде болжалдық және бөлшектік сан есімдерді қолдану;
- тыныс белгілерін – үтір, сызықшаны орнымен қолдану.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға ауызша жауап беріңдер.

- «Кәсіп – бақыттың шырағы, еңбек – ырыстың бұлағы» тақырыбы бойынша не үйрендіңдер?
- Сендер үшін тақырыптың құнды жақтары қандай болды?
- Бүгінгі күні қандай мамандықты табысты деп атауға болады?
- Неліктен уақыт өткен сайын мамандық пен кәсіп түрлері өзгеріп, жойылып отырады?

6-тақырып

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СУ РЕСУРСТАРЫ

Ә.Нұрпейісов. «Қан мен тер»

Су – тіршілік көзі.

1–2-сабақ

Сусыз тіршілік жоқ

Ойтүрткі

- «Сусыз тіршілік жоқ» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Судың қандай пайдасы бар?




1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (31-аудио). Не туралы айтылған? Судың құрамы жөнінде ме, әлде судың пайдасы туралы ма?

Өмірде сусыз тіршілік жоқ. Судың адам ағзасына пайдасын білу – міндет. Адам денесінің 70 пайызы судан тұрады. Кез келген адам күніне 1,5–2 литр су ішуі керек. Судың жетіспеушілігінен дененің кейбір функциялары баяулап, адам ауруға шалдығады. Су – негізгі энергия көзі. Су – электрлік энергия көзі. Су адам зейінін ашады. Су – жасушаларды бір-біріне байланыстыратын желім. Су – азық, дәрумен және минералдардың негізгі еріткіші. Азық құрамындағы керекті элементтердің ағзаға сіңуін арттырады. Ішектердің жұмысын реттейді, майлануын қамтамасыз етіп, іш қатудың алдын алады. Жүрек ауруы мен сал (паралич) ауруынан сақтайды. Тері жасушаларын ылғалдандырады және сауықтырады.

«Балалар әлемі» журналынан



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.



3-тапсырма. Судың адам ағзасына пайдасын кластер түзіп көрсетіңдер.



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Тірек сөздерді анықтап, тақырыбын қойыңдар.

Судың табиғаттағы және халықшаруашылығындағы маңызы зор. Қазақ халқы: «Сулы жер – нулы жер», – дейді. Су – табиғи байлық. Су болмаса, тірі ағза өледі. Су санитарлық және шаруашылық тұрмысқа да керек. «Тазалық – денсаулық кепілі», – дейміз. Су болмаса, тазалық та болмайды. Судың емдік қасиеті өте зор. Мысалы, белгілі Эссентуки суы құрамында ас тұзы және тағы да басқа минералды элементтер бар. Ақжайық суында гидрокарбонат: хлорид, магний, кальций, натрий элементтері бар.

Су еріткіш қасиетке ие. Егер минералды тұздарды ерітетін су болмаса, өсімдік тамыры соншама қажет заттарды өз бойына сіңіре алмас еді. Қазіргі кезде өндірістің бірде-бір саласы сусыз жұмыс істемейді және дами алмайды. Мысалы, 1 килограмм қағаз өндіруге 100 литр, 1 тонна цемент өндіруге 4500 килограмм су қажет. Электр энергиясын өндіруге, ауылшаруашылығында жайылымдарды суландыруға да су қажет. Суды әртүрлі жүк тасымалдауға, ағаш ағызуға пайдаланады.

Kazorta.org сайтынан



5-тапсырма. «Кім көп біледі?». Топқа бөлініп, судың табиғаттағы және халықшаруашылығындағы маңызын айтыңдар. Қай топ көбірек айтса, сол топ жеңеді.



6-тапсырма. Су туралы жұмбақтарды мағыналық жағынан сәйкестендіріп жазыңдар.

| | |
|------------------------|-----------------------|
| Жылт-жылт етеді | бірақ тыныш тұрмайды |
| Сылқ-сылқ күледі | барша тірлік қурайды |
| Еш тесікке тұрмайды. | жылгадан өтеді |
| Сақтамасаң – қорын тек | аяғы жоқ жүреді |
| Аяғы жоқ, қолы жоқ. | ол жоқта жер құрғайды |



7-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазыңдар.

1. Қолымыз кір ... ,
Мұрынға лас қонса,
Кім деп білеміз досты
Кетіретін кір-қоқысты?
2. Апамыз онсыз түк ... ,
Кір ... , ас
Онсыз төтесін айтайық.
Адам да күн
3. Аспаннан жауын құйсын,
Масақ дөнге толсын,
Кемелер жүзсін айдында –
Өмір жоқ онсыз, ол

Тиісті сөздер: су, болса, жумамайды, істемейді, көрмейді, пісірмейді.



8-тапсырма. Ойтаразы. Сусыз тіршілік жоқ екенін қандай мақал-мәтелдермен дәлелдей аласыңдар?

3–4-сабақ

Қазақстанның су қорлары

Ойтүрткі

- Қазақстандағы су қорлары туралы не білесіңдер?
- Өзен-көлдерді қар тадан таба аласыңдар ма?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (32-аудио). Мәтін мазмұнындағы суға қатысты атауларды атаңдар. Олардың мәнін ашыңдар.

Қазақстанның өзен-көлі аз жерлерінде еспе суы мен терең қабат-аралық жерасты суының үлкен маңызы бар. Халық еспе суын көне заманнан-ақ пайдаланып келеді. Далалық аймақтарда, негізінен, құдық суын пайдаланады. Шөл мен шөлейтті жерлерде құдық – бірден-бір ауызсу көзі. Бұл жерлерде құдық болса ғана малшаруашылығымен шұғылдануға болады. Бірақ халықшаруашылығының суға деген қажеттілігін еспе суы қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан судың жаңа мол көзін табу керек. Мұндай су көздері – терең қабатаралы қ жерасты суы.

Kazorta.org сайтынан



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәтінде судың қандай түрлері айтылған?
2. Халық ертеден қандай суды пайдаланған? (*Еспе судың суретін салыңдар.*)
3. Құдық қандай жерлерде ауызсу көзі болған? (*Құдықтың суретін салыңдар.*)
4. Жерасты суы деген қандай су?

КҮШЕЙТКІШ ҮСТЕУЛЕР

Заттың сындық қасиетін және қимыл-әрекеттің сапасын, мөлшерін, көлемін күшейтіп не солғындатып көрсетеді.

Ең, өте, аса, тым, орасан, нағыз, әбден, мүлдем, кілең, өңкей т.б.

Күшейткіш үстеулер сапалық сын есіммен тіркесіп қолданылады да, сын есімнің сапасын күшейтеді. Мысалы: *Ақылды ой, алғыр сөз – адамның ең жоғары қасиеті (Ғ. Мүсірепов).*

Күшейткіш үстеулер, негізінен, етістік алдында келіп, «қалай?» деген сұраққа жауап береді де, қимылдың сапасын не күшейтеді, не солғындатады. Мысалы: *Шешесі оны әбден таниды екен (М.Әуезов).*



3-тапсырма. Төмендегі сөздерді күшейтпелі үстеулермен тіркестіріп айтып көріңдер.

Үлкен, зор, кең, мол, бай, түсінді, маман, жүйрік.



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Судың қай түрі туралы ақпарат берілген? Бір-біріңе сұрақтар қою арқылы анықтаңдар.

Тірек сөздер:

*артезиан суы,
жерасты суы,
су алабы, суландыру,
қамтамасыз етілді*

Республика аумағында жетпістен аса артезиан алабы табылды. Мысалы, Мойынқұмда 300–500 метр тереңдікте 50 мың шаршы шақырым жерді алып жатқан тұтас жерасты «теңізінің» бар екені анықталды. Оның суы ішуге де, егін суғаруға да жарамды. Қызылқұмда 80–300 метр тереңдікте жатқан орасан зор жерасты су алабы табылды. Жерасты суы республиканың басқа да аудандарында бар. Алматы қаласы, облыстар, аудан орталықтары, өнеркәсіп және ауылшаруашылық кәсіпорындары мен елді мекендері қазірдің өзінде жерасты суымен қамтамасыз етілді. 100 миллион гектардай жайылымдарды суландыруға, 50 мың гектардай егістікті суғаруға мүмкіндік алды. Таяу жылдар ішінде жерасты суы бұдан да кең пайдаланылатын болады.

Kazorta.org сайтынан



5-тапсырма. Мәтіндегі сан есімдерді тіркесетін сөздерімен бірге жазып, сұрақтар қойыңдар. Сан есімдердің қайсысы болжалдық сан есім?



6-тапсырма. Мәтіннен күшейткіш үстеулерді табыңдар.



7-тапсырма. Топтық жұмыс. Өзендер, көлдер мен теңіздерді атап, картадан көрсетіңдер.

| Өзендер | Көлдер | Теңіздер |
|---------|--------|---------------|
| Есіл | Алакөл | Каспий теңізі |
| | | |



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

- Сөздік қорларыңды қанша жаңа сөзбен толықтырдыңдар?
- Күшейткіш үстеулердің атқаратын қызметін түсіндіңдер ме?
- Елімізде су тапшылығы қалай шешіlmек? «Kazorta.org» ресурсын пайдаланып, оқылым мәтіндегі ақпаратты толықтырыңдар.

5–6-сабақ**Экологиялық апатқа ұшыраған
өзен-көлдер****Ойтүрткі**

- Елімізде экологиялық апатқа ұшыраған қандай өзен-көлдер, теңіздерді білесіңдер?
- Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романында қандай теңіз суреттелетінін білесіңдер ме?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (33-аудио). Қандай мәселе көтерілген?

Арал теңізі неге тартылды? Соңғы ондаған жыл бойында халық санының көбеюі, суармалы жерлер аумағының 2-3 есе ұлғайтылуы, Арал алабында су тұтынудың едәуір артуы теңіз деңгейінің апатты түрде төмендеуінің негізгі себебі болды. Әмудария мен Сырдария сулары ағымының күрт азаюы салдарынан оның деңгейі 1960 жылғы 53 метрден 1987 жылы 40,3 метрге дейін және 1992 жылы 37,2 метрге дейін төмен деді.

bilim-all.kz



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Арал теңізінің тартылуына қандай себептер болды?
2. Аралға құятын қандай сулар күрт азайған?



3-тапсырма. 1–2-сабақта берілген оқылым мәтініндегі ақпараттарды пайдаланып, тыңдалым мәтінін өзгертіп оқып шығыңдар.

Пайдаланатын ақпараттар:

- Өндірістің бірде-бір саласы сусыз жұмыс істемейді.
- Суармалы жерлердің аумағы дами түсті.
- Электр энергиясын өндіруге, ауылшаруашылығында жайылымдарды суландыруға су қажет болды.
- Суды әртүрлі жүк тасымалдауға, ағаш ағызуға пайдаланды.



4-тапсырма. Романнан алынған үзіндіні оқыңдар. Не туралы айтылған? Бір-біріңе сұрақтар қойыңдар.

Бас тоқсан кіргелі әлдеқашан. Бірақ көптен бері күн жылымыктанып, ұлы теңіз әлі де ұстаса қойған жоқ-ты. Биылғы жел біртүрлі есірік. Арқадан шыққан қатты жел әлсіз мұзды бет ашыққа айдап, қуып әкетіп тұрған. Тек кешеден бері күн ызғары шұғыл қатайып, бір түннің ішінде Тұщыбас бұғазы көз ұшына дейін ұстасты.

Бірасымдық балық үшін бастарын қатерге тіккен Еламан, Мөнке, Дос, Рай мұз үстіне шығып жүр. Онда да теренге бармай, азғана ауын теңіздің тайыз басына салып, үй ішінің кешке қазан қайнатқанын нәпақа көріп жүрген-ді. Бұған Еламан дән риза. Аяғы ауыр әйеліне жас сорпа ішкізгенге мәз.

Ә. Нұрпейісов. «Қан мен тер» романынан



5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қалай ойлайсындар, бас тоқсан деп қай айларды айтып отыр?
2. Солтүстіктен сокқан есірік жел әлсіз мұзды не істеді?
3. Еламан, Мөнке, Дос, Рай мұз үстіне не үшін шығып жүр?
4. Олар балық аулайтын ауды қайда салып жүр?



6-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің мағынасын ашыңдар. Ол үшін сөздердің антонимдерін тауып айтыңдар.



7-тапсырма. Балықшылардың өмірі туралы шағын мәтін құраңдар. Сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді ықпалды ескеріңдер.

Керекті сөздер: текше, ауызсу, ау, ағын, терендік, ызғарлы, сергелдең.



8-тапсырма. Берілген сөздерге күшейтпелі үстеулерді тіркестіріп, «Қос жазба күнделігі» әдісі арқылы мағынасын ашыңдар.

| Сөздер | Мағынасы |
|--------------|----------|
| жылымыктанып | |
| қатайып | |
| ұстасты | |
| риза | |
| мәз | |

Күшейтпелі үстеулер: біршама, әбден, мүлдем, дән, өте.



9-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

- Арал маңындағы балықшылардың өмірі туралы не білдіңдер?
- Сендер үшін тақырыптың маңызы неде?
- Осы тақырып бойынша тағы не білгілерің келеді?
- Дыбыстардың үндестігін сақтап оқыдыңдар ма?

7–8-сабақ

Арал теңізі

Ойтүрткі

- Арал теңізі қай жерде орналасқан?
- Арал теңізінің бүгінгі жайы туралы не білесіңдер?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (34-аудио). Мәтін мазмұнындағы детальды ақпаратты анықтаңдар.

Ойхой, дүние! Теңіз жайында әңгіме шерткен қандай ғанибет! Мейлі, өзің сөйле! Мейлі, өзгені сөйлетіп қойып, жұртты тыңда! Өзің сөйлесен де сен, бәрібір, бір құлағыңды көптің әңгімесіне тігіп қоясың да, ойыңды ортаға саласың. Өзінің айтатынын да, өзгеден еститінің де баяғы бір ескі жыр: биылғы балық талабы. Балық неге тереңге кетті? Тайызға қашан соғады? Күн қызарып бұлтқа батты. Бұны неге жоруға болады? Ертең аспан ашық бола ма? Жел бола ма, жоқ па?

Райдың үйіне жиналған балықшылар бүгін де теңіз жайын, балық жайын, ауа райын әңгімелеп, әр саққа жүгіртіп жатыр.

Ә. Нұрпейісов. «Қан мен тер» романынан



2-тапсырма. Сөз арасындағы ілгерінді, кейінді ықпалға мән беріп, мәтінді қайта оқыңдар. Мәтінді оқу барысында дауыс мәнеріне көңіл бөліңдер.



3-тапсырма. Мәтіннен балықшылардың сөйлеу этикеті мен көңіл күйін білдіретін сөздерді тауып айтыңдар.



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Не туралы білдіңдер? Соңғы сөйлемді аяқтаңдар.

Теңіз үстінің дауылы, тіпті әлемет. Толқындар ірілене бастаған. Қаптай соққан қара дауыл Аралдың әушірім айқай желіне ұласты да, теңіз үсті түтігіп, уылдап-шуылдап, үйдей-үйдей толқындар су

бетіне ереуілдеп ойнап шығады. Жалмұраттың басы айналды. Көк запыран кілкілдеп кеңірдегінде тұрып алды. Қайда қараса да, кара жер көрінбеді. Табан асты **түпсіз құрдым**. Қайнаған теңіз көз алдында дөнгеленіп, үйіріліп бара жатқасын, бұл көзін жұма қойды.

Иә, Құдай... өзің... өзің сақта! Сақтай гөр! Үйдей толқындар енді ес жиғызбады. Үстінен баса қалатындай, бірінен кейін бірі гүрілдеп келіп, онсыз да бір батып, бір шығып **малтығып** келе жатқан қайықты сүзеген бұқадай қағып өтеді. Қайық...

Ә. Нұрпейісов. «Қан мен тер» романынан



5-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген бейнелі сөздер мен тіркестер қандай сөздердің мағынасына жақын келеді? Сәйкестендіріңдер.

| | |
|---------------|-------------------|
| қаптай соққан | күшейіп |
| ұласты | қатты соққан |
| түтігіп | өте терең |
| үйдей-үйдей | батып келе жатқан |
| түпсіз құрдым | жалғасты |
| малтығып | үлкен |



6-тапсырма. Рөлдік ойын (журналист пен эколог маман). Арал теңізінің бүгінгі жай-күйі туралы эколог маманнан сұхбат ал. Сұхбат сұрақтарын өзің дайында.



7-тапсырма. Болған оқиға жайында достарыңа хат жазыңдар. Хатта күшейткіш үстеулер болсын.



8-тапсырма. Ойтаразы. Қосымша ресурс көздерін пайдаланып, Арал теңізі туралы ақпараттарды толықтырыңдар. Өздерің сөйлеңдер және өзгені сөйлетіндер. Бір-бірінді бағаландар.

9–10-сабақ

Балықшылар өмірі

Ой түрткі

- Оқиға әрі қарай қалай өрбиді деп ойлайсыңдар?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (35-аудио). Мәтіннің мазмұны бойынша сурет салыңдар.

Мұзға шыққан осы ауылдың ер-азаматтары ту-ту көз ұшында қыбыр-қыбыр. Олардың ар жағы әлі қатпаған, шалқыған кара су. Сол беттен, сонау аңғардан зор гүріл талып естіледі. Ұлы теңіз бір кез күші бойына сыймай, гүрілдеп, сарылдап жатады да, сосын қаһарын қаптатып әуіріп кетеді.

«Тегін болса, жарар еді?». Үйден, түзден тағат таппаған әйел жүгіріп жағаға барды. Жел әлгіден гөрі қатая түсті. Мұз жиегін қызыл су қаптапты.

Ақбала бір жығылып, бір тұрып жағаға жетті. Аузына тығылған өкпесін әзер басып, мұз жаққа қарап еді. Шашы бұрқырап, көзін жауып кете берді. Шашын қайырып, мұз үстіне қайта қарап еді: осыған дейін зәресі қалмай қорыққан сұмдықты көрді:

– Ел-а-ман! – деп жаны ышқына шынғырды да, есінен танып құлап түсті.

Ә. Нұрпейісов. «Қан мен тер» романынан



2-тапсырма. Мәтінді қайталап тыңдаңдар. Қарамен берілген фразеологизмдердің мағынасын «Қос жазба күнделігі» әдісі арқылы түсіндіріңдер.

| Фразеологизмдер | Мағынасы |
|-----------------|----------|
| Көз ұшында | Алыста |
| | |



3-тапсырма. Ақбала тап болған жағдаятты өз жұбыңа әңгімелеп бер. Әңгімеңде еліктеуіш сөздер болсын.



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Тірек сөздерді анықтап, тақырыбын қойыңдар. Диалог кімдердің арасында өтті?

Бүгін жар басындағы балықшылар ауылы тіпті қарқ болды. Кәлен мен Райі кісі басына алты-алты қаптан астық әкеп, кіреберіске үйіп тастай салыпты. Кәленнің үйі кісіге лық толы. Көбін Кәлен танымайды. Жүзі сынық, іні ебіл-себіл мына кісілердің түріне қарап, қыста малы жұтқа ұшырап, тігерге тұяқ қалмаған соң, олар теңізді сағалап, қырдан көшіп келген келімсектер екенін іші сезіп отыр. Басқалардай емес, бұлар еңбекақы сұрамайды. Ау-құрал бергенге риза.

– «Талапты ерге нұр жауар» деген. Енді, міне, біржылдық азығыңды әкелдің, – деді Дос.

– Айналаң аузын ашып отырғанда, кісі қарны тойып ас іше алады ма? – деді Кәлен.

– Е, несі бар? Әркім тапқанын ішеді.

– Дос аға, жапан түзде жалғыз үй отырған жоқпын, халықтың арасындамын. Өле жегенше, бөле жеймін, – деп, Кәлен астықты бөліп берді.

Ә. Нұрпейісов. «Қан мен тер» романынан



5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Балықшылар ауылы не нәрсеге қарқ болды?
2. Ауыл адамдарына астық үлестірген кім?
3. Кәлен мен Достың арасындағы әңгіме не туралы болды?
4. Кәлен Досқа не деді?



6-тапсырма. Кәлен қандай адам? Кәленге жазбаша мінездеме беріңдер.



7-тапсырма. Адамдар арасындағы ынтымақтастық пен достықты кімнің әрекетінен көруге болады? Пікірлеріңді дәлелдеп айтыңдар.



8-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға ауызша жауап беріңдер.

- Бүгін қанша сөз үйрендіңдер?
- Қандай кәсіптің түрінен ақпарат алдыңдар?
- Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
- Сөйлеуде күшейтпелі үстеуді дұрыс қолдана алдыңдар ма?

11–12-сабақ

Судың тіршіліктегі пайдасы

Ойтүрткі

- Қазіргі кезде су ресурстары бойынша қандай мәселеге назар аударылып отыр?
- Суды қорғау, үнемдеу үшін не істеу керек?



1-тапсырма. Суретте қандай су қоры көрсетілген? Тұрған жерін суреттеп айтыңдар.





2-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұны бойынша сұрақтар дайындаңдар:

1990 жылдан бастап алынатын су көлемдерінің азаю тенденциясы байқалады. 2000 жылдардағы табиғи су көздерінен алынған судың көлемі 1990 жылдардағы су тұтынумен салыстырғанда, 918 текше метр азайды және 20,57 текше шақырымды құрады. Қазіргі кезде суландыруға 15 текше шақырым жуық көлемде су қолданылады. Соның өзінде суармалы егіншаруашылығы дамыған Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарындағы су тапшылығы сақталып отыр, оның ішінде өте ылғалтартқыш – күріштің өндірісі.

Экономика салаларының 85 пайызы жер беті суымен қамтамасыз етілсе, қалған бөлігі жер астындағы, теңіздегі және сарқынды сулармен іске асады. Ауылшаруашылық саласы – су қорларының негізгі су көлемін пайдаланатын сектор. Бұл жерде су суармалы егіншаруашылығына, одан кейін малдың жем-шөбін даярлау үшін жайылымды суландыруға, сонымен бірге ауыл тұрғындары мен малды сумен қамтуға жұмсалады. Жер беті суларымен жүйелі суландыру, негізінен, оңтүстікте және республиканың оңтүстік-шығысында – Сырдария, Іле, Шу, Талас, Ертіс және басқа өзендер бассейнінде өте жақсы дамыған. Жайылма суландыру, негізінен, Солтүстік және Батыс Қазақстанда көктемгі суды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Олар – Есіл, Торғай, Тобыл, Жайық тағы басқа өзендері.

Kazorta.org сайтынан



3-тапсырма. Мәтінде сан есімнің қандай түрлері кездеседі? Нақты деректермен дәлелдеңдер.



4-тапсырма. Мәтінде аталған су ресурстарын картаға түсіріңдер.



5-тапсырма. Рөлдік ойын (журналист пен география пәні мұғалімі). «Қазақстандағы су қорларының жайы қандай?» деген тақырыпта география пәнінің мұғалімінен сұхбат алыңдар. Сұрақтарды оқылым мәтіні бойынша құраңдар.



6-тапсырма. Оқылым мәтінінің мазмұны бойынша «Дербес пікір» жазу тәсілін қолданып, пікірлеріңді жазыңдар (уақыты 7-8 мин.).

- *өзіндік пікір (идея)* – 1 сөйлем;
- *дәлел* – 2 сөйлем;
- *өз пікірін айғақтайтын мысал* – 2 сөйлем;
- *өз пікіріне қарсы пікір* – 1 сөйлем;
- *қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал* – 2 сөйлем;
- *қорытынды* – 2 сөйлем.



7-тапсырма. «Судың тіршіліктегі пайдасы» деген тақырыпта эссе жазыңдар.

Талаптары :

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім мен қорытынды бөлімнің болуы;
- тақырыптан ауытқымау;
- өмірмен байланыстыру;
- өзіндік тың пікірлер келтіру;
- баяндау стилі нақты болу;
- мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді қолдану;
- көлемі шамамен 150–200 сөзден тұру.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға ауызша жауап беріңдер.

- «Қазақстанның су ресурстары » тақырыбы бойынша не үйрендіңдер?
- Көркем шығармадағы көркемдегіш сөздердің мағынасын түсіндіңдер ме?
- Әлемдік деңгейдегі су ресурстарының азаюының біздің елімізге әсері қаншалықты?
- Су қорларын сақтаудың қандай жолдарын ұсынар едіңдер?
- Өзінің және жолдастарының білімін бағалаңдар. (Өз жұмысына, жолдастарының топ ішіндегі әрекеттеріне көңілдерің тола ма?)

7-тақырып

ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫ

Т. Әлімқұлов. «Қараой»

Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла!

А. Құманбайұлы

1–2-сабақ

Тарихи тұлғалар

Ой түрткі

- «Тарихи тұлға» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Махамбет батырдың қандай тарихи істерін атар едіңдер?



1-тапсырма. Мәтінді оқып, бір-біріңмен диалог құрыңдар.




Махамбет Өтемісұлы (1804–1846) – қазақ халқының азаттығын көксеген күрескер ақын, Исатай батыр бастаған көтеріліс көсемдерінің бірі. Жастайынан шешендігімен, ақындығымен көзге түскен.

Махамбет Өтемісұлы патша өкіметінің отарлық саясатын жүзеге асырушы ақсүйек-сұлтандарға қарсы шықты. Өз өлеңдерінде бостандықты, әділдікті, батырлықты, елдікті жырлады. Өзін «сырлы жебеге» теңей отырып, тағылымы мол, өсиетке толы тарихи жырларын қалдырды. Алдына айқын мақсат қойып, елінің әлеуметтік жағдайын

нығайтқысы келді. Кеменгер қолбасшы, өршіл ақын ретінде тарихтан білік орын алады.




2-тапсырма. Махамбеттің тарихи тұлғасы жайында кластер түзіңдер.





3-тапсырма. Суреттер топтамасынан қандай ой түйдіңдер? Тірек сөздерді қолданыңдар.



Тірек сөздер: патша, ақсүйек, азаттық, шайқас, көсем, жалғыздық, өкініш.



4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

Махамбет Ықыластың кешіккенінен қобалжулы екенін енді-енді анық сезіне бастағандай. Кейінгі келгенінде: «Мака, сізді қалың ел қорғаштауда. Келер жолы сенімді кісілерді ерте келмекпін», – деген. Бұған иланған Махамбет жансыз жолаушының артынан сүйсіне қарап тұрғанда, оның күдірейген жауырынынан күдік алып қалып еді. «Мына сұңғыла мырс-мырс күліп бара жатқан жоқ па?» – деп сазарған. Енді ойласа, содан бері көңілінен көмескілік арылмаған екен. Бүгін түнде ұйқысының шала болуында дүдәмалдықтың дерті жатқандай...

Т. Әлімқұлов. «Қараой» әңгімесінен



5-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Берілген сөздердің мәнін ашыңдар. Ол үшін сол сөздердің синонимдерін табыңдар.

Қобалжулы, илану, күдік, көмескілік, дүдәмал.



6-тапсырма. Сұрақтарға жауап бере отырып, пікірлесіңдер.

1. Қалың ел Махамбетті неліктен қорғаштайды деп ойлайсыңдар?
2. Махамбет келіп кеткен кісіге неге сезікпен қарайды?
3. Батырдың түнгі ұйқысы неге шала болды?



7-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген сөйлемдердегі айтылған ойларға болжам жасаңдар.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңдер.

- Махамбет пен Исатай бастаған көтеріліске қандай баға беруге болады? (Қосымша ресурс көздерін пайдаланып, Махамбет пен Исатай көтерілісі туралы ақпарат жинаңдар.)
- Махамбет тұлғасын қандай тарихи тұлғалармен салыстыруға болады?
- Жолдастарының білімін бағаландар.

3–4-сабақ

Махамбеттің тарихи тұлғасы

Ойтүрткі

- Исатай мен Махамбет көтерілісінің жеңілу себебі неде деп ойлайсыңдар?
- Махамбеттің қандай өлеңін жатқа білесіңдер?



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар. Махамбет неліктен жалғыздыққа ұшырады? Жұбыңа әңгімелеп бер.

Исатайы келмеске кеткесін-ақ тағдыры ауытқуға ұшырағанын Махамбет пайымдайды. Хан-сұлтанның қарулы әскеріне қарсы соғыста Исатай оққа ұшып, Махамбеттің жалғыздық зарын шеккеніне – сегіз жыл да үш ай. Ұзақ уақыттың ішінде жасаған сансыз жорығы, шабуылы, қырғыны ойына орадды. Қапы қалған, қания кеткен жері көп екен. Қарулы қолға төтеп бере алмау шарасыздық болса, хан баласынан ұқсатып кек ала білмеу – өкініш. Өзек өртейтін, бармақ шайнататын өкініш.

Т. Әлімқұлов, «Қараой» әңгімесінен



2-тапсырма. «Қос жазба күнделігі» әдісі арқылы мәтіндегі қарамен берілген тіркестердің мағынасын ашып, түсіндіріңдер.

| Сөз тіркестері | Мағынасы |
|---------------------------|-------------------------|
| тағдыры ауытқуға ұшыраған | басына қиыншылық келген |
| | |

Керекті сөздер: жолдастарынан, Исатайдан айырылу; мақсатына жете алмай, өкінетін кездері; опық жеу, өкіну; қарсылық көрсете алмау.



3-тапсырма. Жұбыңмен диалог құр.

Таланттары :

- Махамбеттің іс-әрекеті туралы.
- Махамбет елден неге бөлінді?
- Махамбеттің әрі карайғы тағдырына болжам.
- Тәуелсіз Қазақ стан.



4-тапсырма. Өлеңді тыңдаңдар (36-аудио). Өлеңде Махамбеттің бейнесі қандай сөздермен берілген? Ақын алдына қандай мақсат қойған?

Мен, мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде
Еңіреп жүрген ер едім.
Ерегіскен дұшпанға
Қызыл сырлы жебе едім.
Жақсыларға еп едім,
Жамандарға көп едім...
Хан баласы ақсүйек,
Ата дұшпан сен едің,

Ата жауың мен едім.
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Етектен кесіп жең болмас!
Хан баласы ақсүйек,
Байеке, сұлтан сен болып,
Сендей нарқоспақтың баласы,
Қайсыбір жерде жолықсаң,
Қайраңнан алған шабақтай
Қия бір соғып ас етсем...

М. Өтемісұлы

ДЕМЕУЛІК ШЫЛАУЛАР

Демеулік шылаулар **демеуліктер** деп те аталады. Демеулік шылаулар өзі шылауында тұрған сөзге я сөйлемге күшейту, тежеу, шектеу, сұрау, болжалдық, күмән сияқты қосымша мағына үстейді. Бірақ септеулік пен жалғаулықтар сияқты сөздерді де, сөйлемдерді де байланыстыра алмайды.

Демеуліктер негізгі сөзге (сөйлемге) үстейтін мағынасына қарай бірнеше түрге бөлінеді.

СҰРАУЛЫҚ ЖӘНЕ КҮШЕЙТКІШ ДЕМЕУЛІК ШЫЛАУЛАР

Сұраулық демеуліктер: *ма (ме, ба, бе, па, пе), ше.* Мысалы: *Алдымда толған мақсат, толған таңдау. Алайын мынасын ба, анасын ба?* (С.Торайғыров.)

Күшейткіш демеуліктер: *-ақ, -ау, -ай, әсіресе, да (де, та, те).* *Да, (де, та, те)* шылауы күшейткіш мәнді білдіріп бірде демеулік болса, енді бірде бірыңғай мүшелерді, сөйлемдерді ыңғайластыра байланыстырып, жалғаулық шылау болып қызмет атқарады. Мысалы: *Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан (Абай).*



5-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Диалог кімдердің арасында өтті?

Соттан кейін ел ішінде екі-үш жыл бейбіт күн кешкенде, Махамбеттің түбіне ауылдың ұсақ әкімдері жетті. Қайда жүрсе ізін андыған

тыңшылығымен, қардай боратқан қара шағымымен жетті түбіне. Осыны есіне алғанда Махамбет қайта ширықты. Көкірегін долы күш кернеп бара жатты.

- Нұрсұлтан кешікті-ау! – деді Махамбет.
- Жалғыз өзін неге жібердің? – деді Әуес.
- Екеумізден туған бала болса, қолға түсе қоймас, – деді Махамбет.

Т. Әлімқұлов. «Қараой» әңгімесінен



6-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. «Қос жазба күнделігі» әдісі арқылы мәтіндегі қарамен берілген тіркестердің мағынасын ашыңдар.

| Сөз тіркестері | Мағынасы |
|-----------------|-----------------|
| бейбіт күн кешу | тыныш өмір сүру |
| | |

Керекті сөздер: ашуланды, арыз жазу, жамандық жасау, ызаланды, кектенді.



7-тапсырма. Шығарма үзінділерінен шылауларды тауып, өзі тіркескен сөздерімен жазыңдар. Олардың қандай мағына үстеп тұрғанын түсіндіріңдер.



8-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

- Махамбет бастаған күрес неліктен жеңіліске ұшырады?
- Әкімдер Махамбеттің ізін не үшін аңдыды?

5–6-сабақ

Тәуелсіздікті аңсаған тарландар

Ой түрткі

- Шығармадағы кейіпкерлер кімдер?
- Тарихтан тәуелсіздік жолында құрбан болған қандай тұлғаларды білесіңдер?



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар. Махамбетті қандай ойлар мазалайды? Қарамен берілген сөздердің түсіндірмесін пайдаланып, мәтінді өз сөздеріңмен жеткізіңдер.

Отбасының игілігінде, ошақ бұтының қызығында Махамбеттің Әуеске өкпесі жоқ, тағдырға өкпесі бар. Сақалы шығып жат болған тұңғыш ұлы Жәңгір ханмен соғыста оққа ұшты. Ортаншы ұлы Баймағамбет сұлтанмен шайқаста жарадар боп өлді. **Ніс алмасы** –

Нұрсұлтан. Түйе бағудан аса алмай жүрген ұланы. Әуестің отыз жеті жасында тапқан баласының кім болары әзір белгісіз. Махамбет бестегі бөбегінің ұйықтайтынынан ғана дәмтеді. Жалғыздықта өскен сәбидің мінезін өзге балалармен салыстырарлық заман Махамбеттің басында жоқ.

Махамбет ауыр күрсінді. **Арыстан ұлдарын** жоқтап, ішінен жыламсырады. **Жүрегі елжіреп**, көкірегі сары сағынышқа толды. Балаларының **Өтемістен туған ондай түгел атқа қонып** жасақты қолға айнала алмағаны – орны толмас өкініштей мазалады.

Түсіндірме сөздік

ошақ бұтының қызығында – өз отбасында

тағдырға өкпесі бар – қоғамдағы әділетсіздіктерге қарсы

сақалы шығып жат болған – ержеткен, ұзақ уақыт көрмеген

иіс алмас – бұл жерде: қолынан ештеңе келмейтін, шаруаға еңсіз

дәмету – үміт ету

арыстан ұлдарын – батыр ұлдарын

жүрегі елжіреп – мейірленіп

Өтемістен туған он – Махамбеттің бауырлары

атқа қону – шайқасқа аттану, күреске шығу

Т. Әлімқұлов. «Қараой» әңгімесінен



2-тапсырма. Оқыған мәтіндердің мазмұны бойынша пікір дайындаңдар. Пікірде сұраулық және күшейткіш демеулік шылаулар болсын.



3-тапсырма. Қарамен берілген сөздерге сұрақ қойыңдар. Өлеңді оқу барысында ақынның қандай көңіл күйін байқадыңдар?

Дулығалы бас кескен,
Ту түбінен ту алған,
Жауды көріп қуанған,
Мен – Өтемістің баласы
Махамбет атты батырмын !

М. Өтемісұлы



4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар. Оқиға қалай өрбіді? Әңгіменің композициялық құрылымын анықтаңдар (оқиғаның басталуы, оқиғаның шиеленісуі, оқиғаның шарықтауы).

Жанабергеннің қызыл күрең жүзі шамалы қуқыл тартты. Тісін аршамен шұқып жатып:

– Махамбет қарағым, енді не істемексің? – деді.

– Қару жию керек. Еркек кіндікті атқа қондыру керек. Сіз бастаңыз, мен қостайын.

Жанаберген Ықыластың бетіне қарады. Ықылас саусағын сыртылдатып: – Еркектерді Жайықтан өткізе алсақ... – дей бергенде, Махамбет:

– Серкесі болсаң, өтеді. Ал егер сасық текедей бакылдап, артқа шегінсең, құрдымға кім түседі?

Ықылас:

– Е, ... – деп Махамбеттің үстіне қона түсті.

Малдас құрып отырған Махамбет жығылмады. Осы уақытта Махамбетке төрт адам жабылып үлгерген. Екеуі екі қолын қайыра бастады. Олар Махамбетке жармасып, батырдың тынысын тарылтуға күш салды. Ықылас қазықтың қасында жатқан тоқпақпен Махамбеттің басына ұрды. Махамбет ақтық рет «Әуес!» деп, сылқ етіп сұлап түсті.

Т. Әлімқұлов. «Қараой» әңгімесінен



5-тапсырма. Сұрақтарға жауап бере отырып, өзара пікірлесіңдер.

1. Қалай ойлайсыңдар, Махамбеттің аман қалуы мүмкін бе еді?
2. Махамбетке тіл табысу керек пе еді?
3. Көрші елге өтіп кетсе, не болар еді?
4. *«Серкесі болсаң, өтеді. Ал егер сасық текедей бақылдап, артқа шегінсең, құрдымға кім түседі?»* дегенді қалай түсіндіңдер?



6-тапсырма. Мәтінді INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдаңдар. Төмендегі белгілермен әр бөлікті немесе сөйлемдерді белгілеңдер. Өз ойларыңды қорытындылап жазыңдар.

| «V» | «-» | «+» | «?» |
|------------------|---------------------------------|-----------------------|--------------------------------|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлағаныма қайшы, кереғар | Мен үшін жаңа ақпарат | Келісе алмаймын, білгім келеді |



7-тапсырма. Мәтіндер бойынша тірек сөздер қатарын жалғастырыңдар. Осы сөздерді қатыстырып сөйлемдер құраңдар.

Тағдыр, өкініш, ... , ... , ... ,



8-тапсырма. Мәтіннің мазмұнымен мұқият танысып, көріністің сценарийін дайындаңдар. Мәтіннің тілдік ерекшелігін сақтаңдар.



9-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңдер.

- Махамбет батырдың өмірі туралы не білдіңдер?
- Махамбеттің қандай қасиеттерін өздеріңе үлгі етер едіңдер?
- Ақын армандаған күн туды ма?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге назар аудару керек?

7–8-сабақ

Адамдық диқаншысы

Ойгүрткі

- Белгілі тұлғаларды білудің, зерттеудің қаншалықты маңызы бар деп ойлайсындар?
- Ы.Алтынсариннің қандай әңгімелерін білесіндер?



1-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқындар.

Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш

Атасы он жасар ұл баласымен далада келе жатып, баласынан сұрады:

- Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?
- Көремін, өрмек тоқып жүр.
- Анау құмырсқаны көремісің?
- Көремін, аузында бір нанның уалшығы бар, жүгіріп кетіп барады.
- Жоғары кара, аспанда не көрінеді?
- Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында кесе тістеген шөбі бар.

Сонда атасы айтты:

– Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған үлгі. Өрмекші маса, шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң, өзіне азық етерге. Құмырсқа бала-шағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшығын тапқан соң өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя жасауға шөп жиып жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де Құдай Тағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс істеуге әдеттену керек, – деді.



Ы. Алтынсарин



2-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айтындар.

- *Пікір.* Оқыған мәтін бойынша өз пікірін бір сөйлеммен айту.
- *Дәлел.* Өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдеу.
- *Мысал.* Пікірін өмірмен байланыстырып мысал келтіру.
- *Қорытынды.* Тақырып бойынша қорытынды жасау.



3-тапсырма. Оқу, еңбек тақырыбындағы нақыл сөздерді қолдана отырып, әңгіменің идеясына талдау жасаңдар.



4-тапсырма. Әңгіменің мазмұны бойынша постер дайындаңдар.



5-тапсырма. Ы.Алтынсариннің әңгімесін өлеңдерімен салыстырыңдар.



6-тапсырма. Әңгімедегі оқиға желісін пайдаланып, шағын мәтін жазыңдар.

Талаптары :

- эсседе символ мен кейіптеу үлгілерін;
- өсиет, тағылым, айқын сөздерін қолдану.



7-тапсырма. Жазушы шығармашылығынан алған әсерлерің туралы хат жазыңдар. Демеулік шылауларды қызметіне қарай дұрыс қолданыңдар.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

- Оқу, еңбек тақырыбындағы нақыл сөздерді әңгіменің идеясымен байланыстыра алдыңдар ма?
- Оқылым мәтінінің негізгі идеясы қай сөйлемде берілген?
- Кімнің жұмысы көңіліңнен шықты?

9–10-сабақ

Алаш арыстары

Ойтүрткі

- Алаш арыстарынан кімдерді білесіңдер?
- Олардың қандай тарихи істерін атар едіңдер?



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Тілдік ерекшеліктеріне және қарамен берілген сөздердің ықпал түрлеріне мән беріңдер.



Бұл кезде жпырма төртке толған Әлихан оны мен солын танып қалған азамат еді.

Саясатқа қатысты әдебиеттермен қоса, орыс жазушыларының, әсіресе Л.Н.Толстойдың шығармаларын оқу оның күнделікті үйреншікті ісіне айналады.

1894 жылы Петербордағы оқуын бітіріп, Омбыға оралғанда, Әлихан жоғары білімді орманшы ғалым ғана емес, сонымен қатар қоғамдық өмірдегі ұстанымы айқын жас жігіт болатын. Оның белсенді саяси қызметке араласа баста-

ғанын сол мезгілдегі танымал «Степной край» газетіне жақын атсалысуы байқатады.

Алашорданың көсемі болған Әлихан Бөкейханов ел ішінде аса беделді еді. Сұңғыла саясаткер, іскер басшы, ірі ағартушы ретінде сол кездегі ішкі-сыртқы жағдайды айқын бағамдап, кеменгерлігімен тағылымы мол іс атқарды.

«Алаштану мәселелері» кітабынан



2-тапсырма. Мәтінді жалғастырып, өз болжамдарыңды ұсыныңдар.

Керекті сөздер мен тіркестер : алаш, ұлт тағдыры, іскерлік, білім-ғылым, ағартушылық қызмет, заман.



3-тапсырма. Жақша ішіндегі керекті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырыңдар.

Ә.Бөкейханов – (ақсүйек , беделді , көрнекті) тұлға, қазақ халқының тарихында үлкен орын алады. Алаш арыстары (ағартушы , саясаткер , қалбасшы) ретінде үлкен идеяларды жүзеге асырды. Ол кездің саясаты (айыпқа , бұрмалаушылыққа) толы еді. Біз Алаш қайраткерлерінің істерінен (өсиет , айып , тағылым) алуға тиіспіз. Олар – (айдалу , айып , бұрмалаушылық) тағылып жатса да, мойымаған кеменгерлер.



4-тапсырма. Алаш арыстары айтқан нақыл сөздерді тындандар (37-аудио). Қандай ой айтылған?

- Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздер болар.
- Бірліктен айырылған ел қаңғып қалады. (Ә. Бөкейханұлы.)
- Басқадан кем болмас үшін білімді, бай әрі күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек, бай болуға – кәсіп керек, күшті болуға бірлік керек.
- Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін – өнер-білім. Сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік. (А. Байтұрсынұлы.)



5-тапсырма. Мысал өлеңді оқыңдар. Автор не айтқысы келді? Болжам жасаңдар.

Екі шыбын

Бір өгіз күні бойы тартып сабан,
Қайтты елге сабанымен кешке таман.
Мүйізінде Қара шыбын отыр еді,
Кез болды бір танысы жолда оған.



Танысы мұны көріп келе жатқан,
Астында өгізі бар сабан тартқан.
«Көзіме күні бойы көрінбеп ең,
Келесің, сөйле, – дейді, – сен қай жақтан?»

Сонда бұл мұрнын көкке көтереді,
Адамсып, маңызданып, жөтеледі:
«Жер жыртып күні бойы шаршап келем,
Мазалап, сұрап саған не керегі?»

* * *

Адамды кейбір түрлі алып еске,
Қарасак, ғибрат бар бұл кеңесте.
Біреудің я қайратын, я дәулетін
Өзімсіп жүретіндер бар емес пе?

Кейбіреу көтереді мұрнын көкке,
Өз әлін өзі білген адам көп пе?
Мақтанып, бәрін де өзім еттім дейді,
Біреудің шылауында жүріп текке .

А. Бәйтұрсынұлы



6-тапсырма. Мысал өлеңдегі кейіпкерлердің мінез-құлқын іс-әрекеттері арқылы ашып, мінездеме беріңдер.

| Кейіпкерлер | Қандай? | Не істеді? | Қандай ой түйдің? |
|-------------|---------|------------|-------------------|
| Өгіз | | | |
| Қара шыбын | | | |



7-тапсырма. Бүгінгі өмірден мысалдар келтіріп, ақын идеясын жалғастыратын «Мақтаншақтық – жаман әдет» деген тақырыпта ой бөлісіңдер.



8-тапсырма. Сұраулық және күшейткіш демеулік шылауларды қызметіне қарай қолдана отырып, «Алаш ардақтыларының үміті ақталды» тақырыбына шағын мәтін дайындаңдар.

Тірек сөздер: көрнекті, алаш, бұрмалаушылық, танылу, тәуелсіздік, ішкі, сыртқы, саясат, нығайту.



9-тапсырма. Ғалымдардың арманы мен еңбегі жайлы не біледі екенсіңдер? Өзіңнің және бір-біріңнің жұмысыңа баға беріңдер.

11–12-сабақ

Ер бақыты – ел қолында

Ой түрткі

- Құрманғазының күйлерін білесіңдер ме?
- Б.Момышұлының қандай нақыл сөздерін білесіңдер?



1-тапсырма. Мәтінді оқып, тірек сөздерді анықтаңдар.

Құрманғазы

Құрманғазының күйлері казак елі өмірінің әлеуметтік жыр-сыры, азаткерлік рух ұраншысы іспетті. Күйші шығармашылығындағы өзекті мәселелер – халықтың азаттығы мен жекетұлға бостандығы. Ол өз туындыларында XIX ғасырдың 30-жылдары Исатай Тайманұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске ерекше назар аударған. Құрманғазы бұл көтеріліске өзінің алғашқы туындыларының бірі «Кішкентай» күйін арнаған. Одан кейінгі «Ақбай», «Ақсақ киік», «Түрмеден қашқан», «Адай» күйлерінде ол халықтың азаттықты көксеген арманын, әділетсіздікке қарсылықты білдіреді.



Massaget.kz сайтынан



2-тапсырма. «Адай» немесе «Сарыарқа» күйін ұнтаспадан тыңдап, мазмұнына болжам жасап, өз жұптарыңа сұхбат сұрақтарын дайындаңдар. Өз болжамдарыңмен салыстырыңдар.



3-тапсырма. Мағынасына қарай тиісті сұраулық күшейткіш демеулік шылауларды қойып, сөйлемдерді толықтырыңдар.

1. Өршіл ақын Махамбет (*де, те*) домбырада ән салып, күй тарта білген. 2. (*әсіресе, -ай*) күй өнерінің негізін қалаған Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет аталарымыздың шеберліктерін мақтанышпен айтамыз. 3. Бұлт көрдің (*ме, бе, не*) таулардан мамырлаған? 4. Сол күүді менің де естігім (*-ау, -ақ, -ды*) келетін. 5. Менің жағдайымды түсінген бір адам табылды (*-ақ, -ау*).



4-тапсырма. Б.Момышұлының нақыл сөздерін бірнеше рет тыңдаңдар (*38-аудио*). Қандай ой айтылған?

- Ердің туы – намыс.
- Сен жаудан қашсаң, өмір сенен қашады.
- Жаныңнан күдер үзе соғыспасаң, Жауды күйрете алмайсың.
- Ерлік – ердің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті.

- Ерді ел үшін, жігітті жұрт үшін макта.
- Ежелден ел тілегі – ер тірегі,
Адал ұл ер боп туса – ел тілегі.
- Сабырлылық алдында дұшпан сасады,
Сабырсыздан береке қашады.
- Ер бақыты – ел қолында,
Ел бақыты – ерлер қолында.
- Өз қадірін білмеген – ер қадірін білмейді,
Ер қадірін білмеген – ел қадірін білмейді.



5-тапсырма. Жазушының қанатты сөздерінің мәнін ашатын постер дайындап, өз пікірлеріңді дәлелдеп жеткізіндер.



6-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Қандай жанрда жазылған? Мәтіннің құрылымындағы ерекшелікті анықтаңдар.



Мен 25 жыл әскерде болдым. Біле білген кісіге бұл – үлкен университет. Осы 25 жыл ішінде мен талай колбасшымен кездестім, сабақ алдым. Талай генералдың қол астында қызмет істедім, тәрбие көрдім...

Осы 25 жыл ішінде қарамағымда болған, үстеріне шинель киген солдаттар арқылы барлық халықтың жанын ұқтым деп ойлаймын. Өйткені олардың жүректері, іштерінен шыққан балалары менің алақанымда болды. Отан үшін өз басымды өлімге байлай отырып, мен оларды ажалмен алысуға жұмсадым. Олардың өлмеуі үшін, өз ұрпақтарын, өз халқының намысын, оның өздері сүйетін асыл қасиеттерін аман сақтап қалу үшін жұмсадым. Өзім де «жаным – арымның садағасы, халқым үшін қасықтай қаным пида» деп, жанып тұрған отқа талай түстім.

Мен соғыс кезінде «Красная звезда» газетіне былай жазғанмын: «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз адам»... Өз елінің бағасын білген адам ғана басқа елді қадірлей алады. Өйткені халықтардың туыстығы, алдымен, адамдардың өз халқына сүйіспеншілігі арқылы ғана келеді. Мен өзге ұлттарды құрм еттеуші, өз ұлтын сүйуші адаммын.

Б. Мамышұлы



7-тапсырма. Қарамен берілген бөлікте автор не айтқысы келді? Өз жұбыңа сұхбат сұрақтарын дайындап, пікірін біліңдер.



8-тапсырма. Жазушының қанатты сөздерінің бірін таңдап, батылдық, өжеттілік жайында шағын эссе дайындаңдар.

Таланттары :

- жазушының нақыл сөздерінің мазмұнын барынша сақтау;
- күшейткіш, сұраулық шылауларды қызметіне қарай қолдану.

13–14-сабақ

Өнердің өрен жүйріктері

Ой түрткі

- Әнұранның музыкасын жазған кім?
- Б.Төлегенованың кім екенін білеміз бе?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (39-аудио). Қандай ақпарат естеріңде қалды?

Халық ішінде әншілер де, сазгерлер де көп. Алайда бір сазгердің әнін бүкіл халық – қарты да, жасы да сүйіп айтуы сирек құбылыс. Сондай сазгерлердің бірі – Шәмші Қалдаяқов.

Шәмші Қалдаяқов – осы заманғы қазақ эстрадасының негізін салушылардың бірі. Қазақстанның халық артисі. Ол жас кезінен-ақ тамаша әндер шығара бастайды. Шәмшінің әндері ерекше жұмсақ, жылы сазымен ел назарын бірден аударады. Ұлы жазушы М.Әуезов Шәмші саздарын Ақан, Біржан өнерпаздығынан кейінгі үздік құбылыс ретінде бағалағаны мәлім. Жұрт аузында «бүкіл қазақ еліне ән салдырған Шәмші» атануының сыры сонда.

Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» туындысы 2006 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны болып бекітілді.



«Тарихи тұлғалар» кітабынан.



2-тапсырма. М.Әуезов неліктен «Шәмші саздары Ақан, Біржандардан кейінгі үздік құбылыс» деп баға берген? Пікіріңде күшейткіш демеулік шылаулар болсын.



3-тапсырма. Ш.Қалдаяқовтың қандай әндерін білесіңдер? Әнұран жөнінде өз ойларыңмен бөлісіп, алған әсерлеріңді жазыңдар.



4-тапсырма. Қосымша ресурс көздерін пайдаланып, өз өңірлеріңдегі өнер адамдары туралы таныстырылым жасаңдар.



5-тапсырма. Б.Төлегенованың орындауындағы «Ана» өлеңінің мәтінін оқыңдар. Әнін білеміз бе? Бірге шырқап көрейік.

Ана

Сөзі Ж. Молдағалиевтікі
Әні А. Зацепиндікі

Солғанша гүлім күзде тоңып,
Ана деп ән салам.
Жүрейін мейлі жүзге толып,
Бөбекпін мен саған.

Қайырмасы :
Ана, ана, ана!
Мәңгі дос сен ғана.
Абзал ана, ана!
Көңілің кең дала.
Дарасың сен маған,
Данасың сен маған,
Мақтанатын, мархабатым, махаббатым.

Сол үшін ана есіміңмен
Ел-ана деп адам.
Тербеледі бесігіңмен
Жер-Ана деп адам.

Қайырмасы :
Қарызбын әжім, ақ шашына,
Көзіннің жасына.
Өзіңсің бақыт бақшасы да,
Өмірдің басы да.



6-тапсырма. Әннен алған әсерлеріңді жеткізу үшін тақырыпқа сай тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды пайдаланыңдар.



7-тапсырма. Кім тез тауып оқиды? Ауысқан сөздерді ретімен орналастырыңдар.

1. Дүниежүзіне, әнші, танымал, Б.Төлегенова.
2. Қазақтың, «бұлбұл», атаңды, қызы.
3. Репертуарында, әншінің, да, шығармалары, халық, бірге, әндерімен, композиторларының, қазақ, бар.
4. Қандай, ол, орындаса да, ұйып, әнді, тыңдайсың.
5. Қазақ, Б.Төлегенова, мақтанышы, халқының.



8-тапсырма. Ана туралы мақал-мәтел, нақыл сөздер, өлең айтып жарысыңдар.



9-тапсырма. «Ана қадірі» тақырыбына эссе жазыңдар.

Талаттары :

- эсседе үш дәйек келтіру;
- демеулік шылауларды қызметіне қарай пайдалану;
- көркемдегіш құралдар мен символдарды қолдану.

15–16-сабақ

Еліміздің тарландары

Ойтүрткі

- Белгілі көркемөнер шеберлерінен кімдерді білесіңдер?
- Олимпиададан тұңғыш медаль иеленген қазақ баласы кім екенін білеміз бе?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (40-аудио). Бір-біріңе сұрақтар қойып, түсінгендеріңді жеткізіңдер.

Әбілхан Қастеев – қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаған ұлттық сурет шеберлерінің бірі.

Әбілхан Қастеев сурет салуды далада үйренген. Сегіз жасында қойын бағып жүрген бала кең далаға көз тастай жүріп, «Шіркін, осы бір көріністерді салатын қабілетім, сиқырлығым болса», – деп армандаған екен.

Оның «Амангелді», «Қыз ұзату», «Қыз Жібек», «Абай киіз үй жанында» туындылары халықтың сүйіспеншілігіне бөленді.

Қалай дегенде де, ол – Қазақстанның халық суретшісі деген жоғары атаққа ие болған адам. Ол өмірді терең таныған тума талант еді. Кәсіпқой суретші атағына өнерге деген құштарлығы, табандылығы мен еңбекқорлығы арқасында жетті.

«Тұңғыштар» кітабынан.



2-тапсырма. Жұптасып, «Өнер мұражайында» деген тақырыпта сұхбат құрыңдар. Сұхбат сұрақтарын өздерің дайындаңдар.



3-тапсырма. Қосымша ресурс көздерін пайдаланып, Қазақстанның қазіргі жас суретшілерінің туындыларымен сыныптастарыңды таныстырыңдар.



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіннің жанрын анықтаңдар.

1980 жыл. Мәскеу. Әлемдік спорт тарихындағы елеулі оқиға – Олимпиада ойындары. Бұл ойында қазақ намысын қорғау үшін бірталай спортшыларымыз ат басын Мәскеуге бұрды. Солардың арасында Жақсылық Үшкөмпіров те болды. Қазақ балуанының жеңіске жететініне тек оның жаттықтырушысы Вадим Александрович Писарев сенгенімен, қалғандары күмәнмен қарады. Міне, айқасатын сәт те келіп қалды.



Олимпиаданың жеребе тастау рәсімінің қорытындысы бойынша қазақ балуаны бірінші белдесуде әлемнің екі дүркін чемпионы Александрумен айқасатын болды. Үшкөмпіров секілді чемпиондыққа үміткерлердің қатарында: румын Александру, поляк Керпач, болгар Христов, венгр Шерештер болған. Бірақ қарсыласынан айласын асырған қазақ балуаны Ж.Үшкөмпіров чемпион атанып, осы жарыста күллі әлемге ел атын асқақтатып қайтты.

Massaget.kz сайтынан



5-тапсырма. Мәтінде кім туралы айтылған? Қосымша ресурс көздерін пайдаланып, балуанның өмір жолын кластер түзіп көрсетіңдер.



6-тапсырма. Мына мақал-мәтелдерді өзара сәйкестендіріп, мағынасын түсіндіріңдер.

| | |
|------------------------|--------------------|
| Күш | шауып көр. |
| Шын ер жеңсе, тасымас, | Мыңнан тұлпар. |
| Жүзден жүйрік, | Женілсе, жасымас, |
| Жүйрік болсаң, | мұратсыз келмейді. |
| Мықтылық | атасын танымас. |



7-тапсырма. «Мен спортқа жанкүйермін» тақырыбына шағын мәтін жазыңдар.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға ауызша жауап беріңдер.

- Тақырып бойынша не үйрендіңдер?
- Сендер үшін тақырыптың құнды жақтары қандай болды?
- Тарихи тұлғалардың елдің саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайына қатысы қандай?
- Алаш арыстары неліктен жастарға білім мен кәсіпті терең менгеріңдер дейді?
- Сөздерді үндестік заңына сәйкес айта алдыңдар ма?

8-тақырып

ҚЫЗЫМ – ЖАҒАДАҒЫ ҚҰНДЫЗЫМ,
ҰЛЫМ – АСПАНДАҒЫ ЖҰЛДЫЗЫМ

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры

Сен туғанда, жас отауға жаз қонған,
Күн құшақтап, әжен елтіп, мәз болған.

М. Әлімбаев

1–2-сабақ

Ұрпақ тәрбиесі – ұлағатты іс

Ойтүрткі

- Ұрпақ тәрбиесіне қатысты қандай нақыл сөздер білесіңдер?
- Жастар алдында қандай міндеттер тұр?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (41-аудио). Ойға тірек болып тұрған сөздерді атаңдар.

Қазақта «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деген мақал бар. Яғни бала жақсы-жаман әдеттерді отбасында үйренеді. Осыны жақсы түсінген қазақ халқы жастарды отбасында кішіпейілділікке, ізеттілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуді бірінші міндет етіп қойған. Ер балаларға ауылдың үлкендеріне қос қолдап сәлем беруді, қыз балаларға ибалық жасап, үлкендерге жол беруді, олардың алдынан кесіп өтпеуді уағыздаған. Баланың тәрбиелі болып өсуіне құрбы-құрдасының, өнегелі адаммен жолдас болуының да әсері күшті. Жастарға «адамдықтың белгісі – иіліп сәлем бергені», «кішіпейілділіктен кішіреймейсің» деген қағидаларды үнемі айтып отырған. Үлкенді сыйлауды, кішіге ізет көрсетуді уағыздай отырып, адамды аздыратын өтірік, өсек, мақтаншақ сияқты жат мінездерден сақтанды рады.

Б. Майтанов



2-тапсырма. Берілген сөздердің синонимдерін табыңдар. Осы қасиеттер құрбы-құрдастарыңның бойынан табыла ма? Ой бөлісіңдер.

Үлгі:

| Сөздер | Синонимдері |
|--------|------------------|
| ибалы | инабатты, әдепті |
| | |

Ибалы, қайратты, ержүрек, қылықты, сабырлы, иманды, намысқой.



3-тапсырма. «Біздің сыныптың мақтаныштары» тақырыбында өз сыныптарындағы білімді, өнерпаз оқушылардың портретін дайындап, топқа ұсыныңдар.

Ақылды, еңбексүйгіш, сабырлы, алғыр, ұқыпты, әдепті, өнерлі.



4-тапсырма. Берілген тұжырымдарға келісетін, келіспейтіндеріңді айтып, алдымен өз жұбыңмен, кейін топта дәйектер келтіріп талқылаңдар.

| Тұжырымдар | Келісемін | Келіспеймін |
|---|-----------|-------------|
| Өтірік айтқан бала ұрлық та жасайды. | | |
| Кімнің ынтасы болса, соның жолы болады. | | |
| Білім алған сайын өзгеруін мүмкін. | | |



5-тапсырма. Топтық жұмыс. «Ұл бала мен қыз бала тәрбиесінің ерекшеліктері» тақырыбында пікірталас өткізіндер. Тағы қандай тақырыптар ұсынар едіңдер?

ШЕКТІК ЖӘНЕ БОЛЖАЛДЫҚ ДЕМЕУЛІК ШЫЛАУЛАР

Шектік (шектеу) демеуліктері: *ғана, қана, тек, кейде -ақ.* Шектік демеуліктер дара да, бір-бірімен қабаттасып та жұмсалады. Олар өздері тіркескен сөздерге шек қойып, тежеу мағынасын үстейді. Мысалы: *Абайлар үй ішімен **ақырын ғана** амандасты (М.Әуезов). Мен тентек пе, түбінде кім жазалы, Қайғыны жіберуші **өзі-ақ** жазар (А.Құнанбайұлы).*

Сөйлемде *-ақ* демеулігі тежеу мағынасымен қоса, күшейту мағынасын да береді. Ол өзі тіркескен сөзден дефис арқылы жазылады.

Болжалдық демеуліктер: *-мыс, -міс және кейде -ау* шылаулары. Сөйлемде *-мыс, -міс* демеулігі сөйлеушінің айтылған ойға күмәндануын, сенімсіздікті білдіру үшін қолданылады. Мысалы: *Жанынан өте берсе, жаңағы қарайған нәрсе ит болып **ұлыған-мыс** (Ж.Нәжімеденов).*

Сөйлемде *-ау* демеулігі болжалдық келер шақ есімше, етістіктерге тіркесіп, сол мағынаны басымдау, артықтау етіп көрсету үшін қолданылады. Мысалы: *Жиналған халық осыны **тілейді-ау** деймін (М.Әуезов).*

Болжалдық демеуліктер дефис арқылы жазылады.



6-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақтар қойыңдар.

Қазақ халқы «Он үште отау несі» деп бекерге айтпаған. Он үш деген – адамның бірінші мүшелі, есеюдің алғашқы сатысы. Яғни,

адам баласы он үшінде ақыл-ойы жетіліп, оң-солын танытын қабілетке ие болған. Ата-әжелеріміз баласы он үшке толғанда, сенім артып, үлкен міндет жүктеген. Өз перзентінің арман-мұратын болжап, дұрыс бағыт беру ата-анаға да сын. Олар отбасы шежіресінде жарқын, үлгілі істердің орын алғанын калайды. Сондықтан перзентінің болашағына бейжай карамай, оның өз алдына отау құрып, өмірге қадам басуына ерекше мән берген. Бұрындары ұлына қызды әкесі мен шешесі, ағасы мен жемгесі, үлкендер жағы таңдаған. Тіпті балалар дүниеге келмей жатып-ақ атастыру рәсімі болған. Қалыңдық таңдағанда, бойжеткеннің көркіне емес, оның ибалы, тәрбиелі, текті болуына назар аударған. Ататек шежіресін мұқият зерделеген. Қазақтың жеті атаны бекерден-бекерге сұрамайтыны сондықтан.

«Айқын» газетінен



7-тапсырма. Берілген тұжырымдардың дұрыс-бұрысын анықтаңдар.

| Тұжырымдар | Дұрыс | Дұрыс емес |
|--|-------|------------|
| Отау – жас отбасының көтерген шаңырағы. | | |
| Мүшел – 15 жылдан тұратын жас өлшемі. | | |
| Перзент – қыз балаға ғана қатысты ұғым. | | |
| Тектілік – ар-ұятты және тәрбиелі болу. | | |
| Атастыру – ұлы мен қызы бар ата-ананың өз балаларын үйлендіру жайында күнібұрын уәделесуі. | | |
| Жемге – ер мен әйел адамның інісінің әйелі. | | |
| Шежіре – ел мен жердің тарихи баяны. | | |
| Қалыңдық – жаңа түскен келін. | | |



8-тапсырма. Болжалдық шектік демеулік шылаулардың тиістісін қойып, сөйлемдерді толықтырыңдар.

- ... шынайы қарым-қатынас достықты көркейтеді.
- Тәлім-тәрбие ... адамды парасатқа жеткізеді.
- Оның айтуына қарағанда, келесі жылы мүшелге толады-...
- Көркем мінез, еңбексүйгіштік ... ардақты адам атандырады.
- Ақылды перзент ... ата-анасына сөз келтірмейді.



9-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңдер.

- Бүгін сабақта не білдіңдер? Бұрын не білетін едіңдер?
- Пікірталасқа түсе алдыңдар ма?
- Тәртіпті ұл, тәрбиелі қыз болып өсу үшін не істеу керек?

3–4-сабақ

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры

Ойтүрткі

- Суретте не бейнеленген? Болжам жасаңдар.



1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тірек сөздерді анықтаңдар (42-аудио). Не туралы айтылған? Кесене сөзінің синонимін табыңдар.

Шығыс Қазақстан жеріндегі Қозы Көрпеш-Баян сұлу кесенесі – бізге жеткен мәдени мұралардың бірі. Бұл кесенеді ауыз әдебиеті бойынша, бір-бірін шын сүйген екі жас – Қозы мен Баян жерленген. Кесененің қабырғасы тас тақталар мен сабан аралас балшықтан қаланған. Табаны төртбұрышты: таған түрінде, жоғары қарай сүйірленіп, күмбезделі өрілген. Жалпы биіктігі он екі метрге жетеді. Ғимарат қабырғасында бет пішіндері граниттен жасалған азиялық кейіптегі жансыз мүсіндер сүйеулі тұр. Олардың омырауында алқасы бар және әлдене бір кесек ұстаған қос қолдарын кеудеден төмен ұстап тұр. Күмбездің іші бейне бір қашалған тастан салынғандай жақсы жиналған. Күмбезге кіретін бір есік, екі қабырғасында бір-бірден терезе бар. Құрылысы ежелгі азиялық әдіспен салынған.

Халқымыздың мұрасы, шынайы достық пен махаббаттың символы болған Қозы Көрпеш-Баян сұлу мазары – біздің мақтанышымыз. Аягөз қаласының мәдениет үйі осы ғашықтардың атымен аталады.

El.kz сайтынан



2-тапсырма. Күмбезге қарап, кесенені салған мүсіншілердің шеберлігін баяндаңдар.



Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданындағы
Қозы Көрпеш-Баян сұлу кесенесі



3-тапсырма. Қозы Көрпеш-Баян сұлу мазарының бейнетаспасын көріп, алған әсерлерің туралы шағын мәтін құраңдар.



4-тапсырма. Жырдың қысқаша мазмұнымен таныс болыңдар. Мәтінде қандай жыр баяндалған?

Жыр Сарыбай мен Қарабайдың аң аулап жүріп құда болып, Қозы мен Баянды күнібұрын атастыруынан басталады. Сол кезде аң аулап жүріп, ұлды болғанын естіген Сарыбай баласын көре алмай қаза табады. Атастырылып қойған Қозы мен Баян жүздерін көрмегенімен, бір-біріне ғашық болады. Уақыт өте келе, сараң Қарабай қызын жетім ұлға бергісі келмей, бір кезде отарын жұттан құтқарған, жергілікті палуан Қодарға ұзатпақшы болады. Қос ғашықтың арасына тосқауыл болған Қодар айласын асырып, зұлымдықпен Қозыны өлтіреді. Қайғыдан қабырғасы қайысқан Баян өш алу үшін қулыққа көшеді. Ол Қодарға өзіне құдықтан су алып берсе, күйеуге шығатынын айтады. Алданған Қодар Баянның шашынан ұстап, құдықтың түбіне түсе бергенде, айлакер қыз бұрымын кесіп тастайды. Қодар түпсіз тұңғыққа құлап қаза табады. Сөйтіп, Қозының кегі қайтарылады ...



5-тапсырма. Жоспарды жырдың мазмұнына сай ретімен орналастырып, мазмұнын өз сөздеріңмен жеткізіндер.

- Қарабайдың уәдесінде тұрмай, қызын Қодарға ұзатпақ болуы.
- Сарыбай мен Қарабайдың ұлы мен қызын күнібұрын атастыруы.
- Баянның Қодардан кек алуы.
- Қозының өлімі.
- Қодардың екі ғашықтың арасына тосқауыл болуы.



6-тапсырма. Жырдың негізгі кейіпкерлері кімдер? Өз ойларыңды дәлелдеп жеткізіндер.



7-тапсырма. Болжалдық және шектік мәнді шылауларды қатыстырып, сөйлемдерді толықтырыңдар.

- «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры қазақ халқында ... емес, түркі-тектес халықтарда да жырланады.
- Қозы мен Баянды дүниеге келмей жатып-... атастырған.
- Қарабай уәдесінде тұрмай, қызын Қодарға беруді жөн көріпті-...
- Алыстан көрінген кесенені жолаушылар Қозы мен Баянның бейіті болар-... деп ойлады.
- Қозы мен Баян сұлудың ізі жырда ... қалған жоқ, оларға арнап тұрғызылған мазар да бар.



8-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлеріңді білдіріңдер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



9-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

- Оқылым мәтінінің мазмұнын кім жақсы түсінді? Не туралы айтылған екен?
- Сөздік қорларыңды қанша жаңа сөзбен толықтырдыңдар?

5–6-сабақ

Махаббат дастаны

Ойтүрткі

- «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры сендерге ұнады ма?
- Махаббат туралы тағы қандай жыр-дастандарды білесіңдер?



1-тапсырма. Халық әнін ұнтаспадан тыңдаңдар.

1. Енді есен бол, Баянның қалған елі,
 Сен де есен бол, Арканың қоңыр желі-ай.
 Ақбаян,
 Ақ жүрегің көпке аян.

2. Қаз қаңқылдап жататын, қу сұңқылдап,
Құмық меруерт ақ қайран шалқар көлі-ай.
Ақбаян,
Ақ жүрегің көпке аян.
3. Баян көлі айнадай мөлдір бұлақ,
Жататұғын сарқырап, ағын құлап-ай.
Ақбаян,
Ақ жүрегің көпке аян.
4. Көк пісті майсаны жарып құлап,
Қызығына тоймайсың, жатсаң сұлап-ай.
Ақбаян,
Ақ жүрегің көпке аян.



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Ән ұнады ма? Несімен ұнады?
2. Әнде не туралы айтылған?
3. Бұл әнді бұрын естідіңдер ме?
4. Әннен қандай әсер алдыңдар?



3-тапсырма. Жыр үзіндісін түсініп оқыңдар. Жыр жолдарында не жөнінде айтылғанын өз жұбыңа түсіндір.

Баян бір бекінеді ойға келіп,
Зиратын жасатпаққа көзбен көріп.
Бекініп, белін буып түрегеліп,
Сөйлесті әкесіне сәлемге еніп...

Бір күмбез жасатқызсын мұнара қып,
Тілегім бай әкеме болса қолай.
Дүнпеден ер Қозыке не көріпті,
Алты аршын бөз бұйырып жатыр сұлай.

Сарыбай Сағынбайға біліндірді,
Баянжан тілек қылған шынын білді.
«Баянжан өз еркінше жасатсын», – деп,
Сарыкең рұқсат етіп ділін білді.

Аймақтағы шебердің бәрін жнып,
Тас тасып, ағаш кесіп бүліндірді.
Тұс-тұстан тасын өртеп, кірпіш құйып,
Көп шығын Сарыбайға іліндірді.

Қырық күнде моланы болды жасап,
Сойыс, ақы көп пұлды кетіпті асап.
Сол заманда болмаған ондай күмбез,
Мақтау емес, расы, жаза салсаң.

Түсіндірме сөздік

ойға бекіну – іске ниеттену
белін буып – іске кірісу
әкеме болса қолай – әкем келісім берсе
дүниеден не көріпті – өмірден жастай кетті
ділін білді – ойын білді
сойыс – көпшілікке сойылатын мал
пұл – ақша

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» деп ат жаздырды,
Кейінгілер көрмекке хат жаздырды.
Қырқында ат шаптырып, нәзір берді,
Естіген ел жылып түгел келді...

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырынан



4-тапсырма. Жырдың осы бөліміндегі оқиғаның барысын басқаша болжап көріңдер.



5-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айтыңдар.

- *Пікір.* Оқыған мәтін бойынша өз пікірін бір сөйлеммен айту.
- *Дәлел.* Өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдеу.
- *Мысал.* Пікірін өмірмен байланыстырып мысал келтіру.
- *Қорытынды.* Тақырып бойынша қорытынды жасау.



6-тапсырма. Жырдағы Баян сұлудың әрекетін қалай бағалар едіңдер?



7-тапсырма. Төмендегі мәтінді жалғастырып, Баянға мінездеме жазыңдар. Жазбаңда болжалдық, шектік демеулік шылаулар болсын.

Баян алдынан қанша қиындықтар кездесе де, өз сезіміне адал болып, шынайы махаббаттың бар екенін дәлелдейді...



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

- Қозы Көрпеш-Баян сұлу бейіті қай жерде орналасқан?
- Жырдың мазмұны бойынша қандай сұрақтарың бар?
- Болжалдық, шектік демеулік шылауларды қолдана алдыңдар ма?

7–8-сабақ

Ғашықтар күні мерекесі жайында

Ой түрткі

- «Қызым – жағадағы құндызым» деген символ сөзді кімнің аузынан естідіңдер?
- Елімізде махаббат күнін мерекелейтін мейрам бар ма?



1-тапсырма. Жырдан үзінді тыңдаңдар (43-аудио). Үзінді қай жырдан берілген? Жырлаған тақырыбы не?

Баянға айтқан бір сөзінде Көрпеш:
Дүниеде ғашық қатты екен,
Көңілді бұған бұрғызды.
Бере ме, Тәңірім, бермей ме,

Ынтық болған бір қызды?
 Қосылғанша мен соған,
 Ішіме қайғы толғызды.
 Жарым Баян дегенде,
 Жүрегімді жанғызды.
 Тазша кебін кигізіп,
 Кемшілігін қылғызды.

* * *

Баян сұлу он төртке келген екен,
 Тал шыбықтай бұралған ол бір керім.
 Беті аппақ, ұшы қызыл, кара көзді,
 Қиғаш кара қасы бар сондай көрім.
 Аппақ, көрік маңдайлы, қолаң шашты,
 Шашының ұзындығы тізе басты.
 Аузы гүлдің шашағындай, тісі меруерт,
 Мұндай сұлу жаһанда жаралмас-ты...



2-тапсырма. Жыр үзіндісінен көркемдегіш құралдарды тауып, Баянның сұлулығын өз сөздеріңмен жеткізіңдер.



3-тапсырма. Жыр мәтініне сүйеніп екі жастың бақытты болашағына болжам жасаңдар.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында екі ғашықтың бір-біріне деген адал, пәк, кіршіксіз таза сезімдері суреттеледі...



4-тапсырма. Мәтінмен танысып, мазмұнын түсініңдер.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» ғашықтар күні

15 сәуір күні еліміздің бірқатар өңірлерінде жастар арасында «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», яғни «Ғашықтар күні» аталып өтеді. «Махаббат мейрамы» жобасының авторы – Серік Абас-шах. «Ғашықтар күні» туралы идея, негізінен, 90-жылдардан басталады. 1990 жылдары қазақ тілді БАҚ «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» секілді махаббат символдарының құрметіне белгілі бір күнді мереке ретінде тойлау туралы бастама көтерді. Ол көпшілік тарапынан қолдау тапты. Алматыда Ғ.Мүсірепов атындағы Жастар театрында арнайы кештер ұйымдастырылды. Сонымен 15 сәуір – көптен күткен мереке! Ғашықтар мерекесі! Ал махаббат – барша сезімнің жынтығы.



Adebiportal сайтынан



5-тапсырма. Берілген тірек сөздер қатарын жалғастырыңдар. Осы сөздерді кейіптеу үлгілері мен символға айналдырып, сөйлемдер құраңдар.

Махаббат, адалдық, ... , ... ,



6-тапсырма. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, Қозы мен Баян өмір сүрген дәуірдің жастарына мінездеме беріңдер.

Бойжеткен, бозбала, тектілік, ержүрек, намысты, адалдық, шынайы махаббат, ардақтау.



7-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Ондағы негізгі ойды жырдың мазмұнымен байланыстырыңдар. «Махаббат» сөзінің мағынасын ашып постер дайындаңдар.

Өмірдің тұтқасы – осы ұлы махаббат сезімінде. Ғашық болсаң, саған күн де, гүл де, жан-жағындағы адамдар да күліп, қызыға қарап тұрған секілді. «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырларын оқи отырып, махаббатты жоқ деп айтуға да қорқасың. Махаббат бар, ол адаммен бірге жүреді. Тек оны аялай білу керек. Әрбір адам – өз махаббатының бағбаны. Солып қалмау үшін қай гүлге қанша су құю керек екендігін білетін бағбан тәрізді, адам да өз махаббатының үнемі жайқалып тұруына жағдай жасап отыруы тиіс. Махаббат – дүниедегі барлық күштің, барлық қуаттың бастауы. Онсыз еш жерде жеңіс жоқ.

Ә. Нұршайықов



8-тапсырма. Ойтаразы. 3-2-1 критерийі бойынша анықтаңдар.

- 3 маңызды ақпарат;
- қиындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.

9–10-сабақ

Мен елімнің ертеңімін

Ойтүрткі

- Әдепті бала деп кімдерді айтамыз?
- Қоғамдағы сендер үлгі тұтатын жас дарындар кімдер?



1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, диалогтің құрылымына назар аударыңдар. Үзіндіні стильдің қай түріне жатқызуға болады?

Рингке кіммен шықсам да, мен дайынмын

Кәсіпқой бокста қазақ елін бүкіл әлемге танытып жүрген отандасымыз Қанат Ислам WBA рейтингісінің үздік бестігіне шықты. Әлемдік

аренада көк туымызды желбіретіп жүрген батырымыз елімізге ат басын тіреді. Осы сәтті пайдаланып, Қанат Исламды әңгімеге тартқан едік.

– Қанат, елге қош келісіз!

– Қош көрдік! Рақмет!

– Әлеуметтік желілерден ел ағаларының сізге арнау айтып, тұлпар мінгізіп жатқанын байқадық...

– Мақсатым – кәсіби бокстан Қазақстанды мықты ел екенін мойындату. Соған бар күш-жігерімді салып та жатырмын. Өздеріңіз куә болғандай, елім, ағаларым құрмет көрсетіп жатыр. Бұдан артық бақыт жоқ қой! «Ерім дейтін елің болса, ердің бағы жанғаны» деген сөз бар.

– Геннадий Головкинмен қарым-қатынасыңыз қалай?

– Өте жақсы. Мен Генаны досым ретінде, чемпион ретінде, ағам ретінде қатты сыйлаймын. Әуесқой бокста жүрген кезде басталған таныстығымыз кәсіпқой бокста да жалғасын табуда. Генаның ізімен келемін. Оған деген құрметім ерекше.

– Әңгімеңізге рақмет!



«Оңтүстік Рабат» газетінен



2-тапсырма. Өз жұбыңа оның арман-мақсаттары туралы сұхбат сұрақтарын дайындап, бір-біріңмен диалог құрыңдар.

| | |
|--------------|--------------------------------|
| Не? | Өмірдегі арманың, мақсатың не? |
| Қандай? | |
| Қалай? | |
| Не істейсің? | |



3-тапсырма. Топтық жұмыс. «Мен үлгі тұтатын жас дарын» (Қ.Ислам, Г.Головкин, Д.Құдайбергенов т.б.) тақырыбында ой бөлісіңдер.



4-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдерді аяқтаңдар. Қандай ой айтылған?

- Атанның баласы болма,
- Болатын елдің баласы
- Талапты бала – талпынған құстай,
... ..
- ... талмас қанат.

Керекті сөздер: бірін-бірі батыр дер, адамның баласы бол, талап, құмары қанбас – аспанға ұшпай.



5-тапсырма. Топтық жұмыс. «Кім жылдам?» ойыны. Тәлім-тәрбие жайында мақал-мәтелдер айтып жарысыңдар.



6-тапсырма. «Ұрпақ тәрбиесі – ұлағатты іс» тақырыбына эссе жазыңдар.

Таланттары:

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім мен қорытынды бөлімнің болуы;
- тақырыптан ауытқымау;
- өмірмен байланыстыру;
- өзіндік тың пікірлер келтіру;
- баяндау стилі нақты болу;
- мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді;
- болжалдық, шектік мәнді шылауларды қолдану;
- көлемі 120–150 сөзден тұру.



7-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

- Тақырып бойынша не үйрендіңдер?
- Халық не үшін адал махаббат өкілдерін ардақтап, жырға қосады?
- Неліктен қазақ халқы ұл мен қыз тәрбиесіне баса көңіл бөледі?
- Жырдағы көркемдегіш сөздер мен тұрақты тіркестерді қолдана алдыңдар ма? Мысал келтіріңдер.

9-тақырып

БИОАУАНТУРПІЛІК. ЖОЙЫЛЫП БАРА ЖАТҚАН
ЖАНУАРЛАР МЕН ӨСІМДІКТЕР

М.Әуезов. «Көксерек»

Табиғат – тал бөсігім.

1–2-сабақ

М.Әуезов. «Көксерек»

Ойтүрткі

- Адам мен қоршаған ортаның байланысы жайында ойланып көрдік пе?
- Суретте қандай фильм бейнеленген? Бұл фильмді көрдіңдер ме?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар (44-аудио).

Қараадырдың қарағанды сайы елсіз. Айналада қабат-қабат шұбар адырлар. Жақын төбелердің барлығын аласа бозқараған, тобылғы басқан... Маңайы қасқырдың ойнағы. Жас шөптер басылып, тапталып қалған. Жақындағы қарағандарда қасқырдың ақ жүндері көрінеді. Қыстан қалған түбіті қазір де әр жерде сөйтіп жұлынып қалып жүр. Індердің орта жерінде екі қалың сасыр жайқалып өсіпті. Қазір соның түбінде қысқы жүні әбден түлеп болмаған ақ қасқыр жатыр. Бауырында кішкентай көк күшіктері қыбырлайды. Жарқыраған қызулы күн бойын ерітеді. Көзі бір сығырайып ашылып, бір жұмылып қалғуға кетеді. Төбесінде сасыр шайқалып ырғалады. Маңайдағы қараған мен итмұрын бастары қозғалақтайды...

М. Әуезов. «Көксерек» әңгімесінен



2-тапсырма. Мәтінді мұқият қайта тыңдап, берілген мәліметтердің дұрыс-бұрысын анықтаңдар.

| Сөйлемдер | Дұрыс | Дұрыс емес |
|---|-------|------------|
| Айналада шұбар төбелер. | | |
| Манайы қасқырдың ойнағы. | | |
| Іннің түбінде қысқы жүні әбден түлеген ақ қасқыр жатыр. | | |
| Бауырында кішкентай көк күшіктері қыбырлайды. | | |
| Манайында сасыр мен итжидек бұталары көп. | | |



3-тапсырма. Мәтіннен берілген тіркестердің мағынасын табындар.

Тобылғы қалың өскен, қасқырдың мекені, қысқы жүні, қалың өскен шөп тербеледі, ұйқыға кетеді.



4-тапсырма. Мәтіннен өсімдіктер атауын табындар. Сол атауларды қатыстырып, табиғатты суреттеп жазындар. Күшейткіш үстеулерді қолданындар.



5-тапсырма. Мәтінді түсініп оқындар. Оқиға қалай өрбіді? Әңгіменің композициялық құрылымын анықтаңдар (оқиғаның басталуы, оқиғаның шиеленісуі, оқиғаның шарықтауы).

Ертеңіне түсте жат иіс шықты, алыстан әлдеқандай дабырлаған дауыстар естіліп, жақындап келе жатты. Күшіктерді жоталарынан тістелеп, індерге тығып-тығып тастап, ақ қасқыр қараған ішіне кірді.

Ін үстіне мүйіз тұяқтар тасырлап дүбірлетіп келді, айқай-дабыр молайды. Бірі үстіне бірі келіп, жыны көбейді. Жерге ат үстінен тастаған ағаштар сарт-сарт түсіп жатты. Ін аузына екіаяқтылар жыбырлады. Көргіш көздер ін түбіне қадалды. Күшіктер бірі үстіне бірі үйіліп, бауырын көтеріп қыбырлай алмай, жақын жерде жатыр еді.

Жып-жылы мықты тұсаулар мойнынан, жотадан ұстап, бар күшікті сыртқа алып шықты. Жеті күшіктің бесеуін көздеріне қарап отырып өлтірді де, екі кішкенесін тірі қалдырды. Кетерде бұның біреуінің тірсегін қып қалдырды да, екінші біреуін – ең кенжесін алып жүріп кетті. Қалған жалғыз күшікті тістелеп алып, екі қасқыр жоқ болды. Ін қаңырап қалды.

Осыдан соң бір жұма бойы манайдағы ел күндіз-түні у-шу болып жатты. Қой жараланды. Қозы алып қашылды. Бұзаулар өлтірілді. Далада құлындаған биелердің бірнеше құлындары желінді.

Тұтқын болып кеткен көк күшік ауыл тұрғыны болды...

М. Әуезов. «Көксерек» әңгімесінен



6-тапсырма. Мәтінді қайталап оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріндер.

1. Ақ қасқырдың күшіктерді жоталарынан тістеп, індерге тығып тастауының себебі неде?

- а) қасқырларды көріп қалды;
- ә) тамақтандыратын уақыт болды;
- б) адамдардың келе жатқанын аңдады;
- в) жағымсыз иіс әсер етті.

2. «*Ін аузына екіаяқтылар жыбырлады. Көргіш көздер ін түбіне қадалды*» деген жолдар кімдер жайында?

- а) ат жайында;
- б) құстар жайында;
- ә) адамдар жайында;
- в) иттер жайында.

3. «*Қой жараланды. Қозы алып қашылды. Бұзаулар өлтірілді. Далада құлындаған биелердің бірнеше құлындары желінді*». Осы жағдай не себептен болды?

- а) малға ауру тиді;
- ә) ақ қасқырдың әрекеті (кек алуы);
- б) қыс қатты болды;
- в) адамның әрекеті.



7-тапсырма. Мәтін үзінділерінен үстеулерді тауып, қандай қызмет атқарып тұрғанын түсіндіріңдер.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

- Мәтіндегі «Қасқырдың ойнағы» деген тіркесті қалай түсіндіңдер?
- Оқылым мәтінінің мазмұнын кім жақсы түсінді? Не туралы айтылған екен?
- Сөздік қорларыңды қанша жана сөзбен толықтырдыңдар?

3–4-сабақ

Құрмаштың күшігі

Ойтүрткі

- Оқиға одан әрі қалай өрбиді деп ойлайсыңдар?
- Қасқыр мен иттің дос болуы мүмкін бе?



1-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырыбын қойыңдар. Неліктен олай атағандарыңды түсіндіріңдер.

Күшік көзін ауылға келгесін екі күннен соң ашты. Жұрт асырауға көнеді десті. Кішкене Құрмаш Көксерек деп ат қойып алды. Ертеңдікеш айналасынан шықпайды. Өзіне жеке асқұйғыш – итаяқ әзір болды. Бауырын көтеріп, тырбанып жүруге айналған соң, мойнына жіп тағылды.



Үй ішінен шықпайды. Түн бала-сында Құрмаш қасына алып жатады. Сол үшін кәрі әжесінің қойнынан да шығып кетті. Бөлек жатады. Қасында, не аяқ жағында, көрпенің астында Көксерек жатады.

Жаз ортасына жақындаған кез болды. Көксерек үлкейді. Семіріп жонданғандай да болды. Бірақ үлкейісі

даладағыдай емес, бәсендеу. Ауылдағы өзі құрбы күшіктерден сонша үлкен емес.

Бұл уақытқа шейін Көксерек ауыл итінен көресіні көрді. Бірде-бір ит мұны дос көрмейді, маңына жақындатпайды. Қасқырға шабатын батыл төбеттер бұны талап та тастайды. Өзге көп ит те ырылдап үріп, кейде тап беріп, әр жерінен тістеп тартып кетеді...

М. Әуезов. «Көксерек» әңгімесінен



2-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша берілген мәліметтердің дұрыс-бұрысын анықтаңдар.

| Сөйлемдер | Дұрыс | Дұрыс емес |
|--|-------|------------|
| Күшік көзін ауылға келгесін екі күннен соң ашты. | | |
| Жұрт асырауға көнбейді десті. | | |
| Түнде әжесі қасына алып жатады. | | |
| Көксерек ауыл күшіктерінен үлкен емес. | | |
| Қасқырға шабатын батыл төбеттер Көксеректен қорқады. | | |



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Құрмаш күшікке қандай ат қойды?
2. Ауыл иттері күшікті неліктен дос көрмейді?
3. *Итаяқ әзір болды, көресіні көрді* тіркестерін қалай түсіндіңдер?



4-тапсырма. Тұрақты тіркестерді толықтырып жазыңдар. Өздерің қалаған бір тұрақты тіркестен 3-4 сөйлемнен тұратын мәтін жазыңдар.

1. Айбаты ... ұқсау. 2. ... айбатты. 3. ... білекті. 4. ... ақыру. 5. ... жалындай. 6. ... жосылу. 7. ... жүректі. 8. ... жүрегіндей. 9. Жас ... жалындау. 10. Жараланған 11. Қойға шапқан 12. ... жағы қарысу. 13. Қарға аунаған 14. ... құлпыру. 15. ... лағындай.

Теңеулер : арыстанға, жолбарыстай, барыстай, жылқының, бөрідей, арыстандай, жолбарыстың, аюдай, түлкідей, құндыздай, еліктің, ақбөкен.

БОЛЫМСЫЗДЫҚ ЖӘНЕ НАҚТЫЛАУ МӘНДІ ДЕМЕУЛІК ШЫЛАУЛАР

Болымсыздық демеуліктерге *түгіл, тұрсын, тұрмақ* шылау сөздері жатады. *Түгіл, тұрсын, тұрмақ* демеуліктері есім сөз, үстеу, етістіктермен тіркесіп, болжалдық, қарсы қою мағынасын білдіреді. Мысалы: *Байтал түгіл, бас қайғы* (мақал). *Бұл шырақ өшпес түгіл, лаулап жанар* (С.Дөнентаев).

Нақтылау мәнді демеуліктер: *қой, ғой, -ды, -ді, -ты, -ті.*

Қой, ғой демеуліктері тіркескен сөздеріне нақтылап тұжырымдау мағынасын үстейді. Мысалы: *Сүйемін сені туған ел – атамекен, Абзал анам сенсің ғой құшағың кең* (Қ.Аманжолов).

Сөйлемде *-ды, -ді, -ты, -ті* демеуліктері баяндауыш болып тұрған сөзге тіркесіп, оның мағынасын нақтылай түсу үшін қолданылады. Мысалы: *Кешегі Ұзақ аулында болған тінту осы сөздің салдарынан туған-ды* (М.Әуезов). *Ақылсыз достан ақылды дұшпан артық-ты* (Шалкиіз).



5-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Көксерек пен төбеттің төбелесі немен аяқталды? Өз жұбыңа әңгімелеп бер.

Бір күні түсте Құрмаш Көксеректі тысқа алып шығып, ас құйып жалатып тұрғанда, анадайдан шылапшынның салдырын естіген қара ала төбет үйдің көлеңкесінен шығып, адымды қойып еді.

Екпіндеген бетімен, жолында жасқап тұрған Құрмашқа қарамастан, келе – Көксеректі бүйір жағынан келіп арс етіп қауып түсті.

Бұрынырақ кезде бұндайда асын тастап, кісіге қарап жалтақтап шығып кететін Көксерек енді зор дауыспен «гүрр» етіп, қара ала төбетті алқымынан ала түсті. Ұстаған жері құлақ-шекеге жақын еді. Төбеттің мойнын тістеп, жұлқып-жұлқып жібергенде, үлкен төбет бұлғаң-бұлғаң етіп, Көксеректің жанына дүрс етіп сұлап түсті.

Манайдан жұрт дабырлап жиылып қалып еді. Көксерек қара аланы тамағынан қысып қоя берді де, жотасы үдірейіп топтан шыға берді.

Жеңген жаудың сығымынан зорға құтылған қара ала қаңсылап, жүні жығылып, бір жаққа кетті...

М. Әуезов. «Көксерек» әңгімесінен



6-тапсырма. Мәтінді қайталап оқып, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Көксеректі қабуға ұмтылған төбет:

а) қызыл ала ит;

в) құмай тазы;

ә) қара ала төбет;

г) қара ала тазы.

б) қара ала күшік;

2. Көксерек төбетті қай тұсынан тістеді?
- | | |
|----------------|--------------------------------|
| а) құйрығынан; | в) тамағынан; |
| ә) аяғынан; | г) құлақ-шекеге жақын жерінен. |
| б) құлағынан; | |
3. Көксеректен жеңілген төбеттің әрекеті:
- | | |
|------------------------------|--------------------------|
| а) топтан шығып кетті; | в) қыңсылап жатып қалды; |
| ә) қаңсылап бір жаққа кетті; | г) қайта жүгірді. |
| б) топқа барып қосылды; | |



7-тапсырма. «Көксерек қара аланы тамағынан қысып қоя берді де, жотасы үдірейіп топтан шыға берді» деген сөйлемді 2-3 сөйлеммен жалғастырыңдар.



8-тапсырма. Болымсыздық және нақтылау мәнді демеуліктерді қатыстырып сөйлемдерді толықтырыңдар.

- Құрмаштың Көксеректі асырауына ағасы ... , бүкіл ауыл тұрғындары қарсы болды.
- Құрмаш ауыл иттерімен Көксеректі дос болып кетер деп ойлаған-... .
- Қуғыншыларды адастырып, құтылып кеткен-... .
- Ауыл балаларынан қарсылық көрем ... деп ойлаған жоқ.
- Көксерек ... мұның ешбіріне қаймықпады.



9-тапсырма. Шығармадағы басты ойды ашып тұрған негізгі оқиға қайсы деп ойлайсыңдар?

5–6-сабақ

Аң-құстардың адам тіршілігіне әсері

Ой түрткі

- Аң-құстардың адам баласына кек қайтаруы мүмкін бе?
- Өмірден қандай мысалдар келтіруге болады?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (45-аудио). Қандай ақпарат естерінде қалды?

Аздан соң серігі қайта қосылды. Көп ұзап шықпайды. Сонда да талай жерге еретін болды.

Бір күні екеуі бір козыны жеп келе жатыр еді. Индерінің үстінен көп үлкен жаулар кетіп барады екен. Қамыс арасына бұқты. Жау озған соң інге келді. Бір-ақ қана күшік қалған, бұралып тұра алмайды, арт жағын баса алмайды. Ақ қасқыр тістеп әкеліп, қамысқа тықты. Екеуі қайтадан Қараадырға бет қойды. Жарысып кезек-кезек озысып отырып келіп, даладағы қойға тиді. Түн баласында құлын жеді, тай жеді.

Тыным алмай баяғы іздерімен баяғы елді қайта қан қақсатты.
Бұрынғыдан жаман құтырды...

М. Әуезов. «Көксерек» әңгімесінен



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бере отырып, пікірлесіндер.

1. «Индерінің үстіне н көп үлкен жаулар кетіп барады екен» деген сөйлемдегі «үлкен жаулар» кімдер деп ойлайсыңдар?
2. Үлкен жаулардың қандай әрекетін байқадыңдар?
3. Екеуі Қараадырға неліктен бет қойды?
4. *Қан қақсатты, бұрынғыдан жаман құтырды* деген тұрақты тіркестердің мәнін ашыңдар.



3-тапсырма. «Тыным алмай баяғы іздерімен баяғы елді қайта қан қақсатты. Бұрынғыдан жаман құтырды...» деген сөйлемді жалғастырып, болжам жазыңдар. Өз ойларыңды дәлелдендер.



4-тапсырма. Мәтіннің баяндауыштарына мән беріңдер. Үзінді неге қысқа сөйлемдермен берілген?



5-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар. Әр азатжолда не жайында айтылғанын өз жұбыңа түсіндір.

Бір күні зор қуғын болды. Үш үлкен жау Қараадырдың ойында тобылғылы шұбардан шығарып алып, екі қасқырды сатырлатып, бастырмалатып қуып берді. Екі айырыла қашты. Ақ қасқырдың желіні түгел қатқан жоқ екен. Бәрі бірдей соның соңына қарай үнілді.

Көксерек еріксіз ойысып келіп, үшеуінің алдына өзі түсті. Екеуі қатар қашты. Беттері Қараадыр еді. Ерікке қоймай, жандай шауып, тауға жібермей қайырып алды. Ақ қасқыр ойға қарай қашты. Көксерек ерегісіп, тауға қарай тартып еді.

Мұның біреуі ғана қуып, екеуі ананың соңынан кетті. Ықтиярсыз айырылып кетті. Артында жерді дүрс-дүрс басқан қатты тұяқтар бұны енді ақ қасқырға қоспады. Сонан соң бұл адырға кіріп, бір-екі бел асқан соң қуғыншыны адастырып, құтылып кетті. Бірақ серігі жоқ.

Сонымен қуғын күні Көксерек түні бойы ақ қасқырдың ізіне түсіп жорытып еді. Бір төбенің ойына келгенде ііс те, із де бітті. Серігінің іісі жоқ, оның орнына ат, адам іісі мол білінеді. Ағып ұйып қалған қан көрінді. Азғана ііскелеп, бір рет жалап дәмін де көрді.

Түні бойы көп-көп ұлыды, таң атқанша жер тарпып, шаң боратты, ыңырсыды, аунады. Ай астында әрлі-берлі сенделіп, көп аяндап жүрді. Қасында көлеңкесі ғана жүреді. Тағы да жалғыз жортуылға түсті...

М. Әуезов. «Көксерек» әңгімесінен

7–8-сабақ

Жабайы жануарлар ортасы

Ойтүрткі

- Жабайы жануарлардың шаруашылыққа пайда келтіруі мүмкін бе?
- Жабайы жануарлар мүлде болмаса не болады деп ойлайсыңдар?



1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдаңдар (46-аудио).

Жаз бойы жалғыз тіршілік етті. Ашыкөлдің солтүстік жағын жайлаған бес-алты ауыл Көксеректен тағы да көресіні көрді. Күндіз келіп, көл жағасындағы камыста жатады.

Түн баласында бір ауылдың шуын бір ауылдікіне қосып, быкпырт тпгендей қылады. Жаздай жеген козы, бұзауының саны елу-алпысқа жетті.

Екі рет қуғын болды. Бірақ екеуінде де көлге түсіп кетіп, судың тап ортасына барып, дүңкиіп жатып алды. Саяз сулы, айналасы зор батпак, батпакты Ашыкөл бұған үлкен қорған болып алды. Әсіресе жаңбырлы, желді түндерде, ай қараңғыда, ақ жауындарда Көксерек қатты құтырады.

Түнгі ауылдың қорасына шапқанда, күзетшінің айтағы, иттердің үріп тұрғаны – барлығы да бұған бөгет емес. Кей-кейде ара-түнде жарқ етіп, күрс беріп мылтық та атылады. Дауысынан ғана біраз сескенеді. Азғантай ұзап кетеді де, ел тыныштала бергенде қайта соқтығады.

М. Әуезов. «Көксерек» әңгімесінен



2-тапсырма. Мәтінде не туралы айтылды? Өз ойларыңды дәлелдендер.

1. Ашыкөл маңы.
2. Адамдардың шабуылы.
3. Көксеректің жойқын күшке айналуы.
4. Қасқырдың мекені.
5. Көксеректің өз үйіріне қосылуы.



3-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Берілген сөз тіркестерінің мағынасын мәтіннен тауып оқыңдар.

Өмір сүрді, мекендеді; малға шабады, қозғалыссыз жатты, ызаланады, қорқады, қайта тиіседі.



4-тапсырма. Мәтінді оқып, әңгіменің қалай аяқталғанын айтыңдар. Әңгіме қалай басталып еді?

Түске жақын мезгіл еді. Көксерек жота-жотадан қарауылдап, маңайды кезді.

Қойшы үлкен адам емес, бала дауысы оны шошытпайды. Қой дүркіреп үркіп, қойшыға қарай қашты. Қасқыр жақындап бір қызыл қойға ауызды салғалы ентелеп келіп қалып еді, бағанадан айғайлап келе жатқан қойшы қасына кеп қалыпты.

Сол-ақ екен, қарсы бұрылып алып, аттыға қарай «Арс!» етіп шапшып қалды. Арандай ашылған Көксеректің аузына баланың тонының өңірі ілінді. Соны бөксеріп жұлып түскенде, боз ат оскырып атқып кетті.

Баланың шошыған айғайы шықты. Қасқыр артына айналып тап бергенде, мөңкіп жүрген боз аттан бала аударылып құлап түсті. Көксеректе қазір бұрын ешқашан білінбеген долылық бар еді. Көксерек жығылып домалап жатқан балаға тап берді. Оқыс секіргенде, санының жарасы ашылып, тыз етіп ашып қалып еді. Ол бұрынғыдан жаман ызаландырып, құтыртқандай. Боз ат ұзап қашып кетті. Қой да жоқ. Көксерек екпіндеп секіріп, ырылдап келіп баланы бас салды.

Бұл бала Құрмаш еді. Қойшы ауырып қалып, әкесі бір күнге қойға жіберген еді. Астына мінгені өзінің жүйрік боз дөнені болатын. Үстіне гүрілдеп қасқыр төніп келгенде, көзі бір ашылып, бір жұмылады. Содан әрі баланың үні өшті...

М. Әуезов. «Көксерек» әңгімесінен



5-тапсырма. Берілген сөйлемдердің мәтінге сай нұсқаларын табындар.

1. Бұл бала Құрмаш еді. // Бұл бала Құрмаш емес еді.
2. Әкесі Құрмашты күнде қой бағуға жіберетін. // Әкесі Құрмашты бір күнге қойға жіберген.
3. Содан әрі баланың үні өшті. // Содан бері баланың үні өшкен жоқ.



6-тапсырма. «Кім жылдам?» ойыны. Мәтіндер мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Оқиға болған жердің аты –
2. Иттің ас ішетін ыдысы –
3. Күшіктің аты –
4. Көксеректің песі –
5. Көксеректің жаз бойы жалғыз тіршілік еткен мекені –

Керекті сөздер: Көксерек, Қараадыр, Құрмаш, Ащыкөл, итаяқ.



7-тапсырма. «Адамдардың іс-әрекеті дұрыс па? Табиғат заңдылығына қарсы шығуға бола ма?» деген сұрақтар бойынша ой бөлісіңдер. Нақтылау және болымсыздық демеулік шылауларды орынды қолданыңдар.



8-тапсырма. Мәтін үзінділерінен сан есімдер, үстеулер мен демеулік шылауларды өзі тіркескен сөздерімен жазып, кестені толтырыңдар. Олардың жасалу жолдарын түсіндіріңдер.

| Сан есім | Үстеулер | Демеулік шылаулар |
|----------|----------|-------------------|
| | | |



9-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

- Өңгімені бір мақалмен қалай түйіндер едіңдер?
- Шығармадағы көркемдегіш сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын қалай түсіндіңдер? Дәлелдендер.

9–10-сабақ

Қазақстандағы жануарлар әлемі

Ойтүрткі

- Жойылып бара жатқан қандай жануарларды білесіңдер?
- Олардың жойылуына не себеп болды деп ойлайсыңдар?



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мазмұны бойынша жұбына сұрақтар қойып, жауабын бағала.

Ақбөкен – Қазақстан табиғатының белгісі, шөл мен шөлейт ландшафтысының жануары. Жүздеген жыл бұрын Қазақстан жерінен Қара теңізге дейінгі қуаң далаларды мекендеген. 60–70-жылдары ақбөкеннің саны кенеттен өсіп, бір миллионға жеткен. Дегенмен ХХ ғасырдың басында оның саны мен мекен ететін жері күрт азайып, Қазақстандағы Каспий маңының қуаң аймақтарында (100 мыңнан аз) сақталған. Төлдеу орны – Орталық Қазақстан. Ақбөкендер қыстау үшін Бетпақдала шөлінен Арыскүм, Қаракүм, Үстірт және Еділ-Жайық өзенаралық оңтүстік аймақтарына кетеді. Үйір болып тіршілік етеді. Ақбөкен үшін жұт өте қауіпті, себебі қалың қар мен көк мұздың әсерінен қорексіз қалады. Ақбөкен үшін қауіпті жау – қасқыр, оның саны Қазақстан шөлінде әлсін-әлсін өсіп отырады. Дегенмен ақбөкен санының күрт төмендеуіне адамның әсері өте көп. Ақбөкен 2006 жылы Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілді.



«Қазақстандағы жануарлар әлемі» кітабынан



2-тапсырма. Мәтінді INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдаңдар. Төмендегі белгілермен әр бөлікті немесе сөйлемдерді белгілеңдер. Өз ойларыңды қорытындылап жазыңдар.

| «V» | «-» | «+» | «?» |
|------------------|---------------------------------|-----------------------|--------------------------------|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлағаныма қайшы, кереғар | Мен үшін жана ақпарат | Келісе алмаймын. білгім келеді |



3-тапсырма. А. Сөйлемдердегі ойды аяқтаңдар.

- Ақбөкен үшін жұт өте қауіпті, себебі
- Қыстау үшін Бетпақдала шөлінен не Қарақұм, Үстіртке кетеді, не болмаса
- Жүздеген жыл бұрын қуаң далаларды мекендеген, яки
- Ақбөкен жеке жүріп тіршілік ете алмайды, себебі
- Ақбөкендер саны күрт азайды, оның себебі

3. Ә. Мәтіндегі сан есімдердің жасалу жолын түсіндіріңдер.



4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазақ халқы ақбөкенді тағы қалай атайды?

| | |
|----------------|-----------------|
| а) ешкі; | в) тауешкі; |
| ә) киік; | г) жабайы ешкі. |
| б) қарақұйрық; | |
2. Ақбөкеннің мүйізін кейбіреулер қандай іске жұмсайды?

| | |
|--------------------------|----------------------|
| а) алтынға айырбастайды; | в) дәрі жасайды; |
| ә) малға айырбастайды; | г) ермек үшін алады. |
| б) шетелге сатады; | |



5-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын бір-біріңе айтып беріңдер. Мазмұнды жеткізудегі қателіктерді анықтаңдар.



топ болып жүреді. Күзге ген бас болып жиналады.

Қарақұйрық – сымбатты жінішке аяқтары бар, әсем жұп тұяқты жануар. Аталығының басында ұзындығы 40 сантиметр жінішке мүйізі болады, аналығы – мүйізсіз. Шөл өміріне жақсы бейімделген және ұзақ уақыт бойы су ішпей жүре береді, бірақ түйемен салыстыруға болмайды. Көктемде және жаздың бірінші жартысында аздаған жақын, қыста үлкен үйір бірнеше жүзде-

Қаракүйіріктің жаулары – қасқыр, түлкі. Төлдерін кейде қыран, бүркіттер алады, бірақ ең үлкен қауіп – мылтықты адам.


Құлан – ат пен есектің жабайы туысы, еліміздегі тақтұяқты сүтқоректілер отрядының жалғыз өкілі. Бұл – мықты, кішілеу келген ат. Ашық сарғыш сұр түсті, жотасын бойлай қара жолағы, үлкен басында ұзын құлақтары және қысқа тіке тұратын жалы бар. Құлан осыдан 100 жыл бұрын Қазақстан мен Орталық Азияның барлық шөл-шөлейтті жерінде, Каспийден Ертіске дейін мекендеген және де ең үлкен аумақты Қазақстан құланы алып жатқан.



«Қазақст андағы жануарлар әлемі» кітабынан



6-тапсырма. Мәтіндегі жануарлардың ұқсастығы мен ерекшеліктерін Венн диаграммасы арқылы салыстырыңдар.



7-тапсырма. Берілген тұжырымдарға келісетін, келіспейтіндеріңді айтып, алдымен өз жұбыңмен, кейін топта талқылаңдар.

| Тұжырымдар | Келісемін | Келіспеймін |
|--|-----------|-------------|
| Жануарларды қорғауға алу керек. | | |
| Оларды қорғай алмайсың, оларға еркін өмір керек. | | |
| Мен де жануарлардың өміріне жауаптымын. | | |
| Аң-құстарға қиянат жасағандарды жазалау керек. | | |



8-тапсырма. Сұраулы, болымсыздық, нақты демеулік шылаулардың тиістісін қойып, сөйлемдерді толықтырыңдар.

- Жануарларға қиянат жасамаған дұрыс (гой, қой).
- Қорықта қоқиқаз (тұрмақ, гана) сарышұнақ та жоқ екен.
- Атам бұл қыста құндыз да, борсық та ұстаған (-ді, -ды, -ты).
- Менің көріп тұрғаным бұлан (қой, гой) деймін.
- Әкем бұл өңірде құланның да болғанын айтқан (гой, қой, -ды, -ді).



9-тапсырма. «Жануарларды қорғаудың маңызы» деген тақырыпта эссе жазындар.

Тал аттары :

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім мен қорытынды бөлімнің болуы;
- тақырыптан ауытқымау;
- өмірмен байланыстыру;
- өзіндік тың пікірлер келтіру;
- баяндау стилі нақты болу;
- мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді орынды қолдану;
- көлемі 120–150 сөзден тұру.

11–12-сабақ

Өсімдіктердің маңызы

Ойтүрткі

- Өсімдік түрлеріне байланысты қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?
- Ауызекі тілде өсімдіктер дүниесіне қатысты қандай сөздер қолданамыз?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (47-аудио). Қандай ақпарат естерінде қалды?

Адамзат тіршілігінде өсімдіктердің маңызы өте зор. Ерте заманнан-ақ ата-бабаларымыз өсімдіктерді танып біліп, жеміс-жидектерін азыққа, тамырларын дәрі-дәрмекке, тері илеуге, түрлі нәрселерді бояуға пайдаланған. Өсімдіктер – оттек бөлуші, табиғат көркі, дәрілік шикізат, малазық, тағамдық өнім.

Республика аумағында өсімдіктердің 5600 түрі кездеседі, оның ішінде 758 түрі қазақ топырағында ғана өсетін өсімдіктер. Сонымен қатар өлкемізде сонау ертедегі дәуірлерден бері жойылып кетпей, бізге жеткен өсімдіктердің көптеген түрі де өседі. Мысалы, Шарын шатқалындағы шаған тоғайын, Қаратаудағы тобылғыларды айтуға болады.

Қазақстан флорасының 312 түрі ағаштар мен бұталар, олар жинақталып, тоғайлар мен орман алқаптарын құрайды. Малазыққа жарамды шалғынды жайылымдықтар мен шабындықтар да баршылық.

Қазіргі кезде жерімізде толып жатқан себептерге байланысты өсімдік түрлері сиреп бара жатыр. Мәселен, ізен, жусан, сексеуіл, караған, тобылғы, жусан, бәйшешек, қызғалдақ секілді өсімдіктер қазір жойылып бара жатқан өсімдіктердің қатарында.

Уикипедиядан



2-тапсырма. Өз өңірлеріндегі жойылып бара жатқан өсімдіктердің түрлерін анықтаңдар. Оларды қорғаудың жолдары туралы ұсыныс дайындаңдар.



3-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдердің тиісті сөздерін тауып айтыңдар.

1. Арпа, бидай ... екен (*ас, жас*),
Алтын, күміс ... екен (*лас, тас*).
2. Жабайы шөп ... аздырар (*егінді, шалғынды*).
3. Сулы жер – ... жер (*саялы, нулы*),
Бұлақты жер – ... жер (*тұрақсыз, тұрақты*).
4. Көлдің көркі – ... (*балық, құрақ*),
Таудың көркі – ... (*өзен, бұлақ*).



4-тапсырма. Берілген тұрақты теңеулерді пайдаланып сөйлемдер құраңдар.

Қызғалдақтай жайнап
Қыр гүліндей жайнаған
Ерте піскен бүлдіргендей
Ақ мақтадай аппақ

Қызыл гүлдей құпырып
Тал шыбықтай бұралған
Раушан бағындай
Емендей мықты



5-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар. Автор қандай мәселе көтеріп отыр?

Бүгінде грейг қызғалдағы немесе таудың жабайы қызғалдағы Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген. Табиғат жанашырлары қызғалдақтың жойылып кету қаупі төнгенін айтып жүр. Жылына бір-ақ рет небәрі 10–15 күн ғана гүлдейді. Грейг қызғалдағын «жауқазындар падишасы» деп те атайды. Бұл гүлдер Қаратау, Алатаумен шектесіп жатқан өңірлердің таулы аймақтарында жиі кездеседі. Бокал тәрізді гүлінің ұзындығы 8 сантиметрге дейін жетеді әрі жапырақтары да өте ірі. Қызғалдақтың бұл түрі тек өзінің әсемдігімен ғана емес, емдік қасиеттерімен де ерекшеленеді. Мәселен, оның кей бөліктері бас ауруы, бауыр ауруларына ем.



Қызғалдақтың негізгі отаны Қазақстан екенін әлем ғалымдары мойындап отыр. Ғалымдардың айтуынша, қызғалдақтың тұқымы Ұлы Жібек жолы арқылы Қазақстаннан Түркияға, одан әрі қарай Голландияға жеткен. Мамандар қызғалдақтарды түбімен қазып алып, сатып, пайда таппақ болғандардың кесірінен гүл падишасы мүлдем жойылып кете ме деп қауіптенеді.

«Айқын» газетінен



6-тапсырма. Мәтінді INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдаңдар. Төмендегі белгілермен әр бөлікті немесе сөйлемдерді белгілеңдер. Өз ойларыңды қорытындылап жазыңдар.

| «V» | «-» | «+» | «?» |
|------------------|----------------------------------|-----------------------|-------------------------------|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлағанымда қайшы, кереғар | Мен үшін жана ақпарат | Келісе алмаймын, білім келеді |



7-тапсырма. Сұраулы, болымсыздық, нақты демеулік шылаулардың тиістісін қойып, берілген диалогті толықтырыңдар.

- Сәлем, Айдана?
- !
- Тауға шыққалы жатыр екенсің (*қой, зой, мыс*)!
- Иә, қызғалдақтар
- Қызғалдақты жұлмау керек екенін білетін (*ба, бе, ма*) едің?
-
- Өйткені Оның өсіп-жетілуі үшін 2-3 жыл (*зой, тұрмақ*) 10 жыл керек. Сен оны білмеп (*па, пе*) едің?



8-тапсырма. Өздерің тұратын аймақтағы өсімдіктер әлеміне таныстырылым дайындаңдар. Қандай өсімдіктің пайдасын жарнамалар едіңдер?

13-14-сабақ

Құстар – табиғаттың бір бөлшегі

Ой түрткі

- Құстарды неліктен қорғауға алуымыз керек?
- Қызыл кітапқа енген құстарды білесіңдер ме?



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Үзінді қандай стильде жазылған?

Құстар – табиғаттың бір бөлшегі. Олар табиғатқа сән беріп, аспанға көрік сыйлайды. Қазақ даласы жазықтыққа да, тау-тасқа да, өзен-көлге де бай. Мұндай аймақта құстардың бірнеше түрі мекендейтіні сөзсіз. Ғалымдардың айтуынша, елімізде құстардың жалпы саны 600-ден асады екен. Жыртқыш құстардан бастап көл құстары, жыл құстары, тау құстары, үй құстарына дейін табиғат тепе-теңдігін сақтап, жарасымды тіршілік етеді. Мысалы, торғай тектес құстар егістікті, бау-бақшаны шегіртке, құрт-құмырсқа, қоныздар сияқты зиянкестерден қорғаса, жыртқыш құстар кеміргіштер тасымалдайтын көптеген ауруды таратуға бөгет болады. Сондықтан қазақ халқында «құс атып алу, құсқа қиянат жасау» деген ұғым мүлдем болмаған.

Өкінішке қарай, қоршаған табиғи ортаның ластануы, улы химиялық заттарды пайдалану секілді теріс әрекеттердің салдарынан құстардың қоры кеміп барады ...

«Ана тілі» газетінен



2-тапсырма. Мәтінді жалғастырып айтыңдар. «Құстарды сақтап қалу үшін қандай жағдай жасау керек?» Демеулік шылауларды орынды қолданыңдар.



3-тапсырма. Өздерің тұратын аймақтағы қандай жыртқыш құстарды білесіңдер? Олардың адамдар үшін қандай пайдасы бар екендігіне жарнама жасаңдар.

Біз тұратын аймақтың құстар әлемімен мақтануға болады. Әйтсе де біз олардың пайдалы жағына мән бере бермейміз. Осы жайында менің өз түйгенім бар...



4-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (48-аудио). Бүркіттің қандай қасиеттері туралы айтылған?

Жыртқыш құстар тауда да, далада да тіршілік етеді. Олар тұмсықты, өткір тырнақты, кең қанатты болып келеді. Жыртқыш құстардың ең ірісі – бүркіт.

Бүркіт – тамаша аңшы. Оның негізгі олжасы – сарышұнақтар, қояндар, суырлар және басқа ірі кемірушілер, сондай-ақ кекілік, ұлар сияқты құстар.

Бүркіттің тамаша аңшылық дағдысы біздің елде де ежелден пайдаланылды. Бұл күшті әрі тәкаппар құстарды үйрететін адамдардың – бүркітшілердің бірқатар мектептері бар. Бүркітпен, негізінен, қоян және түлкі аулайды, дегенмен жақсы үйретілген бүркіт қасқырды да ала алады.

Бүркіт – күшті және әдемі құс, оның бейнесі мемлекеттік рәмізде бейнеленген. Бүркіт Қазақстанның Қызыл кітабына тіркелген.

«Мектеп» энциклопедиясынан



5-тапсырма. Мемлекеттік туды бейнеленген қыран құс қандай символдық мәнге ие? Ой бөлісіңдер.



6-тапсырма. Берілген сөздерді тиісті бағанға толтырыңдар. *Тым, ең, мүлдем, нағыз, керемет, орасан, аса, әрең* күшейткіш үстеулерін қолданып, сөйлемдер құраңдар.

Борсық, шіркей, елік, сарышұнақ, шегіртке, саңырауқұлақ, құлан, тобылғы, бұлан, сілеусін, құндыз.

| Жануарлар | Жәндіктер | Өсімдіктер |
|-----------|-----------|------------|
| | | |




7-тапсырма. Берілген ойды дамытып, шағын мәтін құраңдар.

Үкінің адамның тіршілігіне пайдасы бар деп есептеймін. Егін-шаруашылығына өте керекті құстың түрі. Мысалы, зиянкес кеміргіштерді, жәндіктерді аулайды...



8-тапсырма. Сөзжұмбақты шешіңдер.



1. Қазақстанда мекендейтін дала жануары.
2. Ауру тарататын зиянкес кеміргіштердің бірі.
3. Суда тіршілік ететін бағалы аң.
4. Терісі бағалы аң.
5. Орманды мекендейтін ірі жануар.
6. Тоғай жануары.
7. Егістікке зиянды жәндік.
8. Жыл құсы.
9. Жыртқыш аң.
10. Алып жануар.

(Жауаптары : елік, құндыз, құлан, сарышұнақ, шегіртке, бұлан, піл, тырна, жолбарыс, борсық.)



9-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

- «Биоалуантүрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер» тақырыбы бойынша не үйрендіңдер?
- Жануарлар дүниесінің байлығын сақтаудың маңызы қандай?
- Неліктен жойылып бара жатқан аң-құс түрлерін әлемдік деңгейде сақтау қажет?
- Жазба жұмыстарында демеулік шылауларды пайдалана алдыңдар ма?

10-тақырып

НАУРЫЗ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОНЫ ҚАРСЫ АЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Б.Ж.Бонайұлы. «Қазақы наурызнама»

Ұлымы он болсын,
Ақ мол болсын!

1-2-сабақ

Наурыз – Ұлыстың ұлы күні

Ой түрткі

- Наурыз мейрамы туралы не білесіңдер ?
- Наурыз мейрамын қандай халықтар тойлайды?



1-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырыбын қойындар.

22 Наурыз мерекесі – әлемнің ең көне мерекелерінің бірі. Орталық Азия халықтарында бес мың жыл бойы аталып келеді. «Наурыз» сөзі парсы тілінен аударғанда, «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Бұл мереке Ислам дәуіріне дейін тойланып, халық арасында ерекше қолдауға ие болып келеді. Ежелгі жыл санағы бойынша 22 наурызда күн мен түн теңеседі. Жер үстінде шаттық салтанат құрады, табиғат пен адамның үндестігі орнайды. Наурыз – жылдың бірінші күні, жыл басы, көктемнің алғашқы айы. Наурыз мерекесін қазақ халқы «Армысың, әз Наурыз!», «Әз болмай, мәз болмас» деп қарсы алған. Наурыз мейрамы діни мереке емес. Бұл – қалың қыстан аман-есен шығып, күн нұрына бөленіп, жаңа жылды қарсы алу мерекесі. Наурыз мерекесінде көріскен жандар бір-бірін құшақ жая қарсы алады, араларында араздық болса, бір-бірін кешіреді, игі тілектер айтады. Наурыз мейрамы Қазақстанда ресми түрде 1988 жылдан бері тойлануда.

Massaget.kz сайтынан



2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар дайындап, диалог құрындар.

| | |
|---------|--|
| Қандай? | |
| Қанша? | Наурыз мейрамы қанша жыл бойы аталып келеді? |
| Кімдер? | |
| Нені? | |
| Қалай? | |



3-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты бүгінгі күні тойланып жүрген Наурыз мерекесімен салыстырыңдар. Өз ойларыңды деректер келтіріп дәлелдендер.

СЕБЕП-САЛДАР САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Наурыз мейрамы басқа елдерде қалай тойланады екен?


Өзбекстан халқы «Наурыз» мейрамына 15–20 күн алдын ала дайындала бастайды. Яғни, арықтарды қоқыстан тазартып, ағаштардың түбін әктейді. Әр махалла (көше, ауыл) Наурыз мерекесін өз көшесінде тойлайды. Мейрам қарсаңында Наурызкөжеге ұқсас «сумалык» немесе ханпалау әзірлейді. Бұл – бидай қайнатылып, мақтаның майын қосу арқылы дайындалатын тағам. «Сумалык» өмірді, молшылықты білдіреді.

Түрікменстанда «Новруз» мейрамы ресми түрде 1992 жылдан бері аталып келеді. Бұл елде дастарқан басына бидайдан жасалған тағам түрлері, халва және ұннан жасалған ас түрлері қойылады. Дегенмен түрікмендер үшін ең басты тағам бидай сабағынан дайындалған «семене» болып есептеледі.

К. Сүлейменова



5-тапсырма. Мәтіндегі әр халықтың Наурыз мерекесін тойлаудағы ұқсастықтары мен ерекшеліктерін Венн диаграммасы бойынша салыстырыңдар.



6-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Наурызды қалай өткізбексің?» тақырыбында өз жұбыңнан шағын сұхбат ал.



7-тапсырма. Берілген жай сөйлемдерді мағына жақындығына қарай сәйкестендіріп, себеп-салдар салаласқа айналдырыңдар.

| | |
|--|---|
| 22 наурызда күн мен түн теңеседі. | мейрамды жоғары деңгейде тойлау – бүкіл түркітілдес халықтың міндеті. |
| 2010 жылы БҰҰ 21 наурызды «Халықаралық Наурыз күні» деп белгіледі. | Жер бетіндегі тіршілік жанданады, төрт түлік мал төлдейді. |
| Наурызда барша халық мол ырыздық күтеді. | бұл күнді Жана жыл деп атаған. |



8-тапсырма. Ойтаразы: «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

- Наурыз мейрамы қандай мереке?
- Әлем халықтары Наурыз мерекесін қалай тойлайды?
- Қосымша ресурс көздерін пайдаланып, Наурыз туралы ақпаратты толықтырыңдар.

3–4-сабақ



Наурыз бата-тілектері

Ой түрткі

- Наурыз күні берілетін бата-тілектердің қандай мәні бар деп ойлайсыңдар?
- Наурыз мейрамында дайындалатын қандай тағам түрлерін білесіңдер?



1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдаңдар (49-аудио). Не туралы айтылған? Бата өлеңнің түсіп қалған сөздерін толықтырыңдар.

Қазақ халқындағы Наурыз күнінің тағы бір басты ерекшелігі – сол күні бір-біріне жолыққан адамдар ерекше жылы жүзбен сәлем береді, төс қағыстырып амандасады. Бір-біріне Жаңа жыл тілегін білдіріседі. Мәселен:

Ассалаумағалайкүм!
 Ұлыс күн оң болсын,
 Ақ мол болсын,
 Қайда барсаң, жол болсын!
 Алдынан шығып Қызыр, Ілияс,
 Құрметтеп саған _____ берсін!
 Бала-шағаң бақытты болсын,
 Төрт түлік _____ болсын!
 Ұлыс береке берсін,
 Бәле-жала _____ енсін!

Жылың есен болсын,
 Айың _____ болсын,
 Күнің көңілді өтсін!
 Жамандық _____ жылда қалсын,
 Бақыт _____ енсін!
 Бағың баста қалсын,
 Дұшпаның _____ астында қалсын!
 Жаңа жылда _____ ;
 Ескі жылда _____ !

Керекті сөздер: аман, жарылқа, қол, есірке, табан, ескі, ақты, есіктен, жерге.

Б.Ж. Бопайұлы. «Қазақы наурызнама»



2-тапсырма. Мәтінде сендер үшін қандай жаңа сөздер мен сөз тіркестері кездесті? «Қос жазба күнделігі» әдісі арқылы мағынасын ашыңдар.



3-тапсырма. Топқа бөлініп, Наурыз күні айтылатын бата-тілектер айтудан жарыс ұйымдастырыңдар. Кім жаңылыспай айтады?



4-тапсырма. Баталарды жаттап алыңдар. Батаны кімдер және қай уақытта береді? Бата алып көрдіңдер ме? Ой бөлісіңдер.

- Өркенің өссін!
- Әр күнің Наурыз күніндей берекелі болсын!
- Ұлың – оңға, қызың қырға қонсын!
- Еліне елеулі, халқына қалаулы бол!
- Айың тусын оныңнан, жұлдызың тусын солыңнан!
- Бақ берсін, қыдыр дарысын!
- Пәле-жала жерге енсін!
- Төрт түлік ақты болсын!
- Өрісің малға, үйің жанға толсын!



5-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Тыңдалым және оқылым мәтіндеріндегі ортақ идеяны анықтаңдар.

Қазак соғымынан қалған сүр ет, қатық, тары, бидай сияқты жеті тағамды қосып, қазан толы Наурызкөже немесе Тілеукөже жасайды. Ақ дастарқанға «Ақ ырыстан» – қатық, құрт, ірімшік, қаймақ, кілегей; «Көк ырыстан» – жүзім, алма; «Қызыл ырыстан» – қойдың басы, жамбас, ортан жілік, кәрі жілік, жал-жая, қазы-қарта; «Дақыл ырысынан» – бидай, тары, күріш, арпа сияқты тағамдардан жасалған жеті түрлі тағам қояды. Дастарқанды молынан жаяды. Соған орай қазақтарда мынадай сөз тіркестері бар: «Дастарқан аш болса, қонақтың көңілі жарым болады», «Жыл басында дастарқан

тоқ болса, жыл аяғына дейін уайым жоқ болады, үйге ай сайын ырыздық оралады». Міне, осы сөздер ежелгі ата-бабаларымыздың наным-сенімдерін, әдет-ғұрыптарын одан әрі айқындай түседі.

Б.Ж. Бонайұлы. «Қазақы наурызнама»



6-тапсырма. Мәтін бойынша ақпараттарды сәйкестендіріңдер.

| | |
|---------------|---|
| «Ақ ырыс» | жүзім, алма |
| «Көк ырыс» | қойдың басы, жамбас, ортан жілік, кәрі жілік, жал-жая, қазы-қарта |
| «Қызыл ырыс» | бидай, тары, күріш, арпа |
| «Дақыл ырысы» | қатық, күрт, ірімшік, қаймақ, кілегей |



7-тапсырма. Наурыzkөже қалай жасалады? Нұсқаулығын жазыңдар. Нұсқаулықта себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемдер болсын.



8-тапсырма. Наурыз күні орындалатын жоралғылар мен айтылатын тілектерге арналған шағын көрініс ұйымдастырыңдар. Ұлттық сөз әдебі мен сөз этикетін қолданыңдар.



9-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

- Бүгінгі сабақта қандай бата-тілектерді үйрендіңдер?
- Сөздік қорларыңды қанша сөзбен толықтырдыңдар?
- Сабақ бойынша тапсырмаларды қалай орындадыңдар?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

5–6-сабақ



Наурыз той салты туралы ұғым

Ойтүрткі

- Наурыз тойында орындалатын қандай салт-дәстүрлерді білесіңдер?
- Наурыз тойындағы шараларда жас айырмашылығы сақтала ма?



1-тапсырма. Мәтінді оқып, автордың көзқарасын анықтаңдар.

Қазақ халқының басқа да той салттарына ұқсас, Наурыз тойының да өзіне тән той рәсімдері бар. Бұл тойдың саналы салтқа, қордалы ғұрыпқа, әдемі дәстүрге, әсем әнге, күмбірлі күйге, сынғырлы күлкіге толы тұстары тіптен көп. Қазақ халқы өзінің ұзақ ғұмырлы тарихында малшаруашылығымен айналысты. Сол себепті мол да бай тәжірибелерді жинады.

Түсіндірме сөздік

рәсімдері – дәстүрлері
қордалы ғұрып – бай дәстүр
жұдырықтай жұмылу – бірігу

ат сабылту – әуреге түсу
әшекей – ою-өрнек
жамбы – мергендер атып түсіру үшін тігілетін күміс не қымбат металл

Қазақ халқы Наурыз тойына үлкен-кіші, кәрі-жас демей, түгел атсалысады. Осы тойда тұтасып, туысып жұдырықтай жұмылады. Береке, бірлікті арттырады. Наурыз тойына адам шақырып ат сабылтып жүрмейді. Оны жалпы халықтың ортақ қуанышы, ортақ той мерекесі деп біледі.

Наурыз тойы қазақ жастарының таптырмайтын мерекесі мен берекесі

болып табылады. Олар қазақы өрнектелген әдемі әшекейлі киім кнеді, үкілі домбыра алады. Ақындар айтысады. Тапқыштар жұмбақ шешіседі. Балуандар күреседі. Мергендер жамбы атады. Қол-аударыспақ кайырысады. Алтыбақан аясында күміс қоныраулы ән шырқайды.

Б.Ж. Бопайұлы. «Қазақы наурызнама»



2-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айтындар.

- *Пікір*. Оқыған мәтін бойынша өз пікірін бір сөйлеммен айту.
- *Дәлел*. Өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдеу.
- *Мысал*. Пікірін өмірмен байланыстырып мысал келтіру.
- *Қорытынды*. Тақырып бойынша қорытынды жасау.



3-тапсырма. Суреттер бойынша қазақ жастарының Наурыз тойын мерекелеудегі дәстүрлері жайында шағын мәтін құраңдар.



4-тапсырма. Мектепте өтетін Наурыз мерекесі туралы хабарлама дайындаңдар. Хабарламада төмендегілер қамтылсын.

- тақырыбы, күні мен уақытын;
- іс-шараға бүкіл сыныптың атсалысқанын жазу.



5-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Әр азатжолда не жөнінде айтылғанын жұбына түсіндір.

Әзірбайжандықтар үшін Наурыз мейрамы – көктемді тойлаудың ең ежелгі және құрметті мейрамы. Оны табиғаттың жандануының белгісі деп те қабылдайды. Әзірбайжанда наурыз мерекесіне дайындық ерте басталады. Үйлер көркейтіліп, ағаштар отырғызылады, жаңа киім тігіледі, жұмыртқалар боялады, тәтті-дәмділер мен ұлттық тағамдар дайындалады. Әрбір үйде міндетті түрде үстел үстінде бидай тұқымынан әдейі өсірілген жасыл өскіндер тұрады. Мейрамға дейін төрт апта бойы сейсенбі сайын от жағылып, олардың үстінен балалар секіріп ойнайды, майшамдар жағылады.

Тәжіктер Наурызды достықтың кілті және тіршіліктің оянуы деп санайды. Оны «Хадирайнам», яғни «үлкен мереке» деп атайды. Тәжікстанда да Наурыз дайындығы басқа түркітілдес елдердегідей Жаңа жылдан бірнеше апта бұрын басталады. Наурыздан бір апта бұрын балалар көктемнің келе жатқанын «Гол гардани» рәсімін өлендетіп орындау арқылы білдіреді. Бұл рәсімде балалар таныстарының үйлеріне көктем гүлдерін апарып, үй иесі оларға сыйлық беріп, сый-сипат көрсетеді.

К. Сүлейменова



6-тапсырма. Жұптық жұмыс. Мәтін бойынша Әзірбайжанда және Тәжікстанда өткізілетін шаралар жайында диалог құрыңдар.

| Әзірбайжан халқында орындалатын шаралар | Тәжік халқында орындалатын шаралар |
|---|------------------------------------|
| | |



7-тапсырма. Сөйлемдердегі ойды аяқтаңдар.

- Наурыз тойына үлкені де, кішісі де түгел қатысады, өйткені
- Наурыз тойына адам шақырмайды, себебі
- Әзірбайжандықтар Наурызды табиғаттың жандануының белгісі деп қарайды, оның себебі
- Тәжік халқы да Наурызға ерте дайындық жасайды, өйткені
- Наурыз мерекесінде әсіресе балалар ерекше шаттанады, сол себепті



8-тапсырма. Ойтаразы. «ПОПС» формуласын қолданып, сабақтағы ақпараттар бойынша өз пікірлеріңді білдіріңдер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

7–8-сабақ

Наурыздағы қазақы ырымдар

Ойтүрткі

- Қандай ырымдарды білесіңдер?
- Ырымдарға сенуге бола ма?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (50-аудио). Ырымдардың қандай мәні бар?

Наурыздағы қазақы ырымдар

Түсіндірме сөздік

күрқол – қолын бос қайтармау
 ауыз тию – дәм тату
 кетік ыдыс – шытынаған ыдыс
 дуалы адам – құрметті адам
 баянды болады – орындалады, мақсатқа жетеді
 жын-жыбыр – жын-шайтан, қара күштер

Қазақ Наурыз күні үйіне қыдырып келген баланы күрқол шығармайды. Бала – бақыт, бала – бал, баламен бірге үйге бақыт кіреді, бала үйден өкпелеп шықса, бақыт баламен ілесіп кетіп қалады деп ырым етеді.

Қазақ Наурыз күні алыс сапарға кеткен жолаушыға сыбаға сақтайды. Онысы жолаушы аман келсін, мереке дәмі – береке, осы берекелі астан ауыз тиісін дегені.

Қазақ Наурыз күні кетік ыдыстарды пайдаланбайды, одан ас ішпейді. Олай

етсе, өмірдегі барлық ісіміз шала болады, жұмысымыз бітпейді деп ырым етеді.

Қазақ Наурыз күні үйіне дуалы адамды шақырып, батасын алады, даналық, тағылымды сөздерін тыңдайды. Барлық іс батадан басталса, баянды болады деп сенеді.

Қазақ Наурыз күні босағасына не төріне сары ала сапты камшы, не садақ сынды құралдарды іледі. Сөйтсе, бұл үйге жын-жыбыр жуымайды деп сенеді.

Б.Ж. Бонайұлы. «Қазақы наурызнама»



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Наурыз күні келген қонақ баланы күрқол шығармаудың қандай мәні бар?
2. Сапарға кеткен жолаушыға не үшін сыбаға сақталады?
3. Наурыз күні берілетін бата-тілектердің мақсаты қандай? Ауыз дуалы деп қандай адамдарды айтамыз?

4. Кетік ыдысты пайдаланбаудың қазақ халқы үшін қандай сыры бар?
5. Ұлттық этикеттің бұдан басқа қандай үлгілерін білесіңдер?



3-тапсырма. Топқа бөлініп, төмендегі жұмбақтарды шешіңдер.

1. Салмағым бар өлшесем,
Көрінбеймін көзге мен.

| | | |
|---|--|---|
| А | | в |
|---|--|---|
2. Қанаты жоқ, ұшады,
Аяғы жоқ, желеді,
Аузы жоқ, ұлиды.

| | | | | |
|---|--|--|--|---|
| Б | | | | н |
|---|--|--|--|---|
3. Көтеріліп теңізден,
Аспанға биік барамын.
Биіктен қайта түскенде,
Өні кірер даланың.

| | | | | | |
|---|--|--|--|--|---|
| Ж | | | | | р |
|---|--|--|--|--|---|
4. Жазда болмайды, қыста болады,
Терезеге қонады,
Әсем ою салады.

| | | | | |
|---|--|--|--|---|
| Қ | | | | у |
|---|--|--|--|---|
5. От басында құмған,
Екі көзін жұмған.

| | | | | |
|---|--|--|--|---|
| М | | | | к |
|---|--|--|--|---|
6. Үй үстінде ұсақ тас.

| | | | | | |
|---|--|--|--|--|---|
| Ж | | | | | з |
|---|--|--|--|--|---|



4-тапсырма. Төмендегі тірек сөздерді пайдаланып, «Біздің ауылда/ қалада өткен Наурыз мерекесі» тақырыбына шағын мақала жазыңдар. Мақалада себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемдер болсын.

Тірек сөздер: көңіл күй, шаттық, түрлі, өзіндік, барынша, тойлау.



5-тапсырма. Мәтінді оқып, алдыңғы сабақтағы оқылым мәтіндерімен салыстырыңдар. Қандай ортақ ой айтылған?

Наурыз – ирандықтардың ежелгі мейрамы. Олар Наурызды көктемнің алғашқы күні деп біліп, оның келуін егжей-тегжейлі символикалық рәсіммен тойлайды. Осы көзқарас бойынша, табиғаттың өмірі ирандықтар үшін ерекше маңызға ие болған. Ирандықтар «хафтсин» әзірлейді. Бұл кейбір елде «хафт шин» деп те аталады. Бұл тағамды сарымсақ (медицина белгісі), алма (әдемілік пен денсаулықтың белгісі), аскөк (табиғаттың жаңаруы), зәйтүн (махаббат белгісі), сіркесу (қайырымдылық пен төзімділік), нан (жетістік пен табыс) және жемістің бір түрі – сумахты қосу арқылы дайындайды.

Наурыз – Ауғанстан тарихы мен мәдениетінде тамыры теренге кеткен мереке. Осы күнді ұлықтау үшін ауғандықтар үстеріне жаңа ақ түстен тігілген киім киеді. Олар дастарқандарын тәтті-дәмді тағамдарға толтырып, «Һафтсин» дастарқанын жаяды. Қаланың сыртындағы арнайы алаңдарда табиғат аясында көңіл көтеріп, шаттыққа бөленеді. Күрес, ән айту, халық билерін орындау сияқты көңіл көтеретін шаралар осы күні орындалатын рәсімдердің қатарына жатады.

К. Сүлейменова



6-тапсырма. Топтық жұмыс. Әр халықтың тағам дайындау дәстүрлері жайында айтыңдар.



7-тапсырма. «Кім жылдам?» ойыны. Наурыз мейрамы туралы 5 дерек жазыңдар.

Үлгі :

1. Наурыз – халықаралық мереке. Оны Азияның көптеген елдері тойлайды.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

- Қазақ халқының қандай ұлттық этикетін меңгердіңдер?
- Наурызды неліктен тіршіліктің оянуы деп санайды?

9–10-сабақ

Наурыз жырлары

Ойтүрткі

- «Самарқанның көктасы» дегенді бұрын-соңды естідіңдер ме?
- Наурыз күні айтылатын жырлардың қандай мәні бар?



1-тапсырма. Мәтіннің құрылымына назар аударыңдар. Бұған дейінгі Наурыз тақырыбындағы мәтіндерден қандай айырмашылығы немесе ұқсастығы бар? Салыстырыңдар.

Самарқанның көктасы

Бұл да Наурыз күніне байланысты сөз. Оның бірнеше мәні бар. Бірінші, аңызда әйгілі астроном Ұлықбек (1394–1449 жж.) обсерваториясындағы көктасқа дәл 22 наурыз күні күн сәулесі түсетін болған. Сол сәуледен түскен жылу тасты жібітеді-міс.

Екінші, бұл күні әр адам қателігі болса, кешірім сұрауға және ол кешірім беруге тиіс. Кешірмесе, «бұл күні Самарқанның да көктасы

жібиді, сен тастан қаттысың ба?» деп тоқтатады екен. Сол сияқты бұл күннің әлемге жылулық әкелетін сәтін де бейнелеп айтқан.

Келгенінше құттықтап бірін-бірі,
Қуанышта көрісіп көрі-жасы.
Көңілі түгел адамның сен келген соң,
Самарқанның елжіреп түскен тасы.

(А. Байтұрсынұлы.)

Үшінші, ертеде Наурыз күнінде өз қатесін түсініп, кешірім сұраған қылмыскерлер мен жазаға ұшырағандарға да кешірім жасалатын болған. Осыдан әз Наурыздың қасиеті – ізгілік пен жақсылыққа бастайтын ерекше күн екенін білеміз.

С. Кенжеахметов



2-тапсырма. «Самарқанның көктасы жібиді» деген түсінік нені білдіреді? Өз ойларыңды дәлелдеп жеткізіндер.



3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Наурыз мерекесін тойлаудың жоспарын құрыңдар. Қандай өзгерістер енгізер едіңдер?



4-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (51-аудио). Өлеңмен және қарасөзбен айтылатын тілектің ерекшелігін ажыратыңдар.

Саумалық

Наурыз айында жаңа жыл еніп, жер бусанып, күн күркіреп, жаңбыр жауып, көк дүркірегенде, ауыл адамдары далаға шығып, саумалық айтып, қуанышты көңілмен жақсы тілек тілейді. Оны өлеңмен айтады:

Саумалық, саумалық,
Наурызымның көк құсы
Ұйқыдан көзін ашты ма?
Саумалық, саумалық,
Самарқанның көктасы
Жібиді ме, көрдің бе?
Саумалық, саумалық,
Ескі жыл кетіп, жаңа жыл келді,
Ескі жыл есіркей кет,
Жаңа жыл, жарылқай кел! –

Түсіндірме сөздік

саумалық – Наурызда айтылатын өлең
жер бусанып – қар еріп,
топырақтың жібуі
көк дүркіреу – шөп шығып,
ағаштың бүршік жаруы

деп, ескі ыдысты сындырып, «жамандық кетсін» деп ырым жасайды.

С. Кенжеахметов



5-тапсырма. Өз жұбыңнан бастап сыныптастарыңның Наурыз күніне айтылған тілектерін жинап шығыңдар. Кімнің айтар тілегі көркем шығады екен? «Біздің тілек» арнайы бұрышын ұйымдастырыңдар.



6-тапсырма. Биылғы Наурыз мерекесін отбасыларыңмен қалай өткізгендерің жайлы ой бөлісіндер. Пікірінде себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемдер болсын.



7-тапсырма. Төмендегі пікірді кіріспе етіп алып, эссе жазыңдар. Тақырыбын өздерің таңдаңдар.

Наурыз мейрамы – ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мерекесі...

Талаптары :

- эссенің негізгі бөлімі мен қорытындысы болуы;
- оқулық материалдарын дерек ретінде пайдалану;
- тақырыптан ауытқымау;
- эссенің көлемі 120–150 сөз шамасында болу;
- сөйлем ішіндегі тыныс белгілерін – үтір, сызықшаны орнымен қолдану;
- себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемді қолдану.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

- Неліктен Шығыс халықтары Наурыз мерекесін табиғаттың жандануымен байланыстырады?
- Көктем мерекесінің қазақ халқының шаруашылығына тигізер маңызы қандай?
- Наурызға қатысты туған жырлардың идеясы неде?
- Өзінің және жолдастарыңның білімін бағалаңдар. (Өз жұмысыңа, жолдастарыңның топ ішіндегі әрекеттеріне көңілдерің тола ма?)

11-тақырып

«МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ НҰРЛЫ ЖОЛЫ!»

Н.Назарбаев. «Қазақстан жолы»

Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші,
ешқашан тәусылмас қуат көзі.

Н.Ә. Назарбаев

1–2-сабақ

Мәңгілік Ел

Ойтүрткі

- «Мәңгілік Ел» ұғымын қалай түсінесіңдер?
- Бұл ұғым ең алғаш қайда қолданылған?



1-тапсырма. Әнді ұнтаспадан тыңдаңдар. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар. Топқа бөлініп, әннен алған әсерлеріңді дәйектер келтіріп бөлісіңдер.

Елім менің

Сөзі Н.Назарбаевтікі
Әні Б.Тілеухандікі

1. Арайлап таңым, асқақтап тауым,
Ән ойнап көгім, күй тартты елім.
Қол жетті, міне, аңсаған күнге,
Жасай бер, жаса, қазағым менің!

Қазақстаным – жасыл орманым,
Қуанышымды жасыра алмадым.
Аңсаған бабам, аңсаған елім,
Бостандық еді-ау асыл арманың.

Қайырмасы :

Елім менің аңсаған,
Тас бұғаудан босаған.
Құтты болсын отауың,
Берік болсын-оу босаған!

2. Бабамның қаны, анамның жасы,
Сінген бұл далам, қымбатсың маған.
Береке, бірлік – қамалдың басы,
Ұрпаққа мәңгі тіл қатшы, далам!

Күйінсін жауың, сүйінсін досың,
Жнылсын қауым, құйылсын көшің.

Ертең үшін аянба, елім,
Ояншы елім, жылсын есің.

Қайырма сы:
Ұрпақ үшін, ел үшін,
Атамекен жер үшін.
Берекең мен бірлігін,
Тасп берсін -оу ырысың.



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. *Атамекен, береке, ұрпақ, бостандық* сөздерінің мағынасын қалай түсіндіңдер?
2. Ұрпаққа айтылатын аманат қандай?

ТАЛҒАУЛЫ САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Талғаулы
салалас
құрмалас
сөйлем

Құрамындағы жай сөйлемнің біреуіндегі ғана іс-әрекет, қимылдың жүзеге асатындығына болжам жасауды білдіретін салаластың түрі.

Сөйлемнің арасына келетін шылаулар: *не, немесе, не болмаса, яки, әйтпесе, әлде.*



3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар. Қандай жанрда жазылған? Тілдік ерекшелігін анықтаңдар. *Дағдарыс* сөзінің синонимін табыңдар.

Тәуелсіздік стратегиясы

Егемен Қазақстанның дүнге келуі қарсаңындағы кезеңді аса ірі мемлекеттік құрылым – КСРО-ның құлдыраған жағдайымен салыстыруға болатын.

Әлемнің бірде-бір елі қалыптасу кезеңінде, ең алдымен, мемлекеттің экономикалық негізін қозғайтын дағдарыс құбылыстарынан қашып құтылмаған. Үлкен күйзелістер мен құлдырауларды Америка, Франция, Англия, Түркия, Германия, Үндістан және басқа да елдер бастан өткерді. Тек осы сілкіністердің күші ғана әртүрлі болды.

Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан жолы»



4-тапсырма. Мәтінді INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдаңдар. Төмендегі белгілермен әр бөлікті немесе сөйлемдерді белгілеңдер. Өз ойларыңды қорытындылап жазыңдар.

| «V» | «-» | «+» | «?» |
|------------------|------------------------------------|-----------------------|--------------------------------|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлағанымға қайшы, керісінше | Мен үшін жаңа ақпарат | Келісе алмаймын, білгім келеді |



5-тапсырма. Берілген сөйлемдерді мағына жақындығына қарай сәйкестендіріп, талғаулы салалас құрмалас сөйлемдер жасаңдар.

| | |
|---|--|
| Қазақстанның дамуы үшін мен өз үлесімді кәсіпкерлікпен айналысу арқылы қосамын. | кұлақпен естіген айтар. |
| Экономикасын тұрақтандыра алмаған ел құрдымға кетеді. | күн көзі энергиясын пайдаланудың жолдарын іздеу керек. |
| Тәуелсіз елдің қол жеткізген жетістіктерін көзбен көрген айтар. | көштен калып қояды. |
| Біздің елімізде баламалы энергия көздерін желден алуды бастау керек. | биотехнологиядан жаңалықтар ашуға тырысамын. |



6-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, тақырыбын қойыңдар. Неліктен олай атағандарыңды түсіндіріңдер.

Қымбатты отандастар! Біздер, қазақстандықтар – бір халықпыз! Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпықазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. Егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды. Олар көктен түскен жоқ. Бұл құндылықтар – уақыт сынынан өткен қазақстандық жол тәжірибесі. Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы. Екіншіден, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Үшіншіден, бұл – зайырлы қоғам және жоғары руханият. Төртіншіден, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім. Бесіншіден, бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы. Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы. Жетіншіден, бұл – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Түсіндірме сөздік

құндылықтар – құнды, бағалы дүниелер
зайырлы қоғам – толерантты, ашық қоғам
руханият – рухани байлық мазмұны

Елбасы Жолдауына и



7-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер. Сөз ішіндегі және сөз аралығындағы дыбыстардың үндестігін ескеріңдер.

1. Ата-бабаларымыздың арманы не?
2. Егемендік алғаннан кейін еліміз қандай жетістіктерге жетті?
3. Сендер «Мәңгілік Елді» қалай елестетесіңдер?



8-тапсырма. Мына сөзбе бойынша Қазақстанның қол жеткізген зор табыстарын санамалап, қайта айтып шығыңдар.

1. Қазақстан – тәуелсіз ел, бас қаласы – Астана. →
2. Біздің қоғамда бірлік, өзара келісім орнаған. →
3. Елімізде рухани байлыққа басты орын беріледі. →
4. Жаңа технологияларға негізделгендіктен, экономикамыз дамып келеді. →
5. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы дегеніміз – адал еңбекке, шынайылыққа негізделген қоғам. →
6. Тарих, мәдениет пен тіл – ортақ мұрамыз. →
7. Әлемдік деңгейдегі және өңірлік қауіпсіздік мәселелеріне Қазақстан бейжай қарамай, үнемі үн қатып келеді. →



9-тапсырма. Ойтаразы, «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

- Бүгінгі сабақта қандай тапсырма қиындық келтірді? Неліктен?
- Сыныптастарың дыбыстардың үндестігін дұрыс сақтап оқи алды ма? Бағалаңдар.

3–4-сабақ

Қазақстан – әлемдік аренада

Ой түрткі

- Қазақстан жер көлемі жөнінен әлемде нешінші орында?
- Конституцияның ел өміріндегі маңызы қандай?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (52-аудио). Автордың көзқарасын білдіретін сөйлемдерді анықтаңдар.

Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақтар ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек. «Қазақстан-2050» – Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық, қадірлі халқым!

Елбасы Жолдауынан



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Елбасы неден сақтандырады?
2. Елбасының сенімін қаншалықты орындап жүрсіңдер?
3. «Мәңгілік Ел» болу үшін сендер қандай үлес қосар едіңдер?



3-тапсырма. Мына тіркестерді қолданып сыныптастарыңа жолдау жазыңдар. Етістіктер бұйрық райлы формада болсын.

Жасампаз ел, нұрлы болашақ, мақсат қою, алға ұмтылу, бәсекеге қабілетті болу, құрметтеу.



4-тапсырма. Мәтінді оқып, құрылымына назар аударыңдар. Әр азатжолда не жөнінде айтылғанын жұбыңа түсіндір.

Әлемнің бірде-бір елі өзінің алдына дәл осындай қысқа мерзімде мұндай өршіл міндет қойған емес. Алайда күндердің күнінде дәл осының біздің жол деп атайтынына мен сенемін.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан әртүрлі қиын жағдайларға қарамастан, тау асуларымен тайсалмай жүріп келе жатқан жолаушының жағдайын көзге елестететін.

Алғашқы кадам – өте күрделі. Жаңа мемлекетімізді құруға кіріскенде, ең алдымен, біздің үйіміздің мықты іргетасы, негіздердің негізі – жаңа Конституция керек екенін түсіндік.

Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан жолы»



5-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын өз сөздеріңмен жеткізіңдер. Ол үшін мына тіркестерді мағынасына қарай сәйкестендіріп жазыңдар.

| | |
|-------------------------------------|---------------------------------|
| Бірде-бір ел аз уақыт ішінде | белестерді бағындыруымыз керек. |
| Әртүрлі қиын жағдайларға қарамастан | Ата Заң керек екенін түсіндік. |
| Алғашқы кадам | білік мақсат қойған емес. |
| Жаңа мемлекет құру үшін, алдымен, | өте күрделі. |



6-тапсырма. Әнді бірге шырқайық. Әнінен қандай әсер алдыңдар? Әнде қандай сөз тіркесі жиі айтылады?

Өз елім

Әні Н.Тілендиевтікі
Сөзі К. Мырза Әлінікі

1. Келгенде көктемі
Көңілін гүл басқан.
Шырағы көктегі
Жұлдызбен сырласқан.

Қайырмасы :

Өз елім менің!
Өзегім менің!
Жырыма қосып жүремін.
«Төрім» деп менің,
«Жерім» деп менің.



Соғады мәңгі жүрегім!
Түлегі сендер,
Тілегі сендер,
Тірегі сендер сол елдің!
Назары сендер,
Базары сендер,
Ажары сендер сол елдің!


2. Ақ күмбез астығы
Асқар боп өрлеген.
Жалынды жастығы
Жүлдені бермеген.

Қайырмасы:

3. Бұзылмас қамалың
Батыры уақыттың.
Тербеген самалы
Бесігін бақыттың.



7-тапсырма. Өлеңнің мазмұны бойынша кластер түзіңдер.



8-тапсырма. Берілген сөздерді қатыстырып, «Мен – Мәңгілік Елдің ұланы» тақырыбына ауызша мәтін дайындаңдар.

Талаптары :

- тақырыптан ауытқымау;
- регламент сақтау;
- сөз әдебін сақтау;
- атақоныс, ырыстың ұясы, шартарап, қазақтың дәстүрі тірек сөздерін қолдану .



9-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

- Жолдаудың мәнін түсіне алдыңдар ма?
- Кімнің ауызша дайындаған пікірі ұнады? Себебін түсіндіріңдер.

5–6-сабақ



Тәуелсіздік тағылымы

Ойтүрткі

- Қазақстан тәуелсіздік жылдарында қандай белестерді бағындырды?
- Қазақстан мемлекетінің әлемдік деңгейдегі мәртебесі қандай?



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Не туралы айтылған?

«Дүниені өзгерткің келсе – өзіннен баста» деген канатты сөзді басшылыққа ала отырып, біздің әрқайсысымыз бәсекеге түсуге және жеңіп шығуға үйренуіміз керек. Ал біздің жалпы бәсекеге қабілеттілігіміз, түпкі нәтижеде, халықтың жақсы тұрмысына жеткізуі тиіс. Мен бұл арада жаңағы айтылғандардың мағынасына неғұрлым тереңірек тоқталғым келеді. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі ұлттың тек материалдық қана емес, рухани баюына да әкелуі тиіс. Экономиканың өркендеуімен бірге, соның ізінше мәдениет пен өнердің, қазақ тілінің, халқымыздың дәстүрлері мен өмірлік философиясының гүлденуі жүруге тиіс.

Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан жазы»



2-тапсырма. Берілген тұжырымдарға келісетін, келіспейтіндерінді айтып, алдымен өз жұбыңмен, кейін топта талқылаңдар.

| Тұжырымдар | Келісемін | Келіспеймін |
|--|-----------|-------------|
| Дүниені өзгертуді өзіннен бастаған дұрыс. | | |
| Әрқайсысымыз бәсекеге түсуге және жеңіп шығуға үйренуіміз керек. | | |
| Экономикамен бірге мәдениет пен өнер де өркендеуі тиіс. | | |



3-тапсырма. Сызба бойынша берілген ойды толықтырып жазыңдар.

Үлгі : Әлемді өзгерту үшін, ең алдымен, ата-анама, достарыма, айналама мейіріммен қарап, қамқор болуым керек.





4-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (53-аудио). Тірек сөздерді анықтап, тақырыбын қойыңдар.

Бірінші басымдық – экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы.

Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жана индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет.

Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты.

Елбасы Жолдауынан



5-тапсырма. Құлтемірмен онлайн-сауда жасау цифрлық технологияға жата ма? Құлтемірмен онлайн-сауда жасаудың үлгісін рөлге еніп көрсетіңдер. Дүкенде, банкте, вокзалда жаңа технологияның мүмкіндіктерін пайдаланудың сценарийін дайындаңдар.



6-тапсырма. Мобильді банкинг жүйесі негізінде басқа қаладағы таныстарыңа ақша аудару, қабылдау жөніндегі диалогті жалғастырыңдар.

– Марат, сәлем? Мен басқа қаладағы танысыма ақша аударсам деп едім. Қалай тездетсем болады?

– Кезек күтпеймін десең, ұялы телефоның арқылы да аударуға болады.

– Жақсы екен. Маған көмектесіп жібересің бе?

–



7-тапсырма. Елбасыдан сұхбат алыңдар. Ол үшін алдымен сұхбат сұрақтарын дайындап, ең үздік деген 5 сұрақты анықтаңдар.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Дүниені өзгерткің келсе – өзіңнен баста» деген ойды дұрыс түсінгендеріңді немен дәлелдейсіңдер? Сыныпта кімнің жазған пікірі ұнады?

7–8-сабақ

«Көк тудың желбірегені»

Ой түрткі

- Қазақ жерінде мұнайдың қаншалықты қоры бар?
- Ел экономикасының дамуындағы мұнайдың орны қандай?



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар. Өз жұбыңның түсінген, түсінбегенін білу үшін, оған сұрақтар қой.

«Ғасыр келісімшарты»

Аталған хаттамаға қол қойылғаннан кейін мен алғаш рет Америка Құрама Штаттарын аралап, үш аптаға жуық Нью-Йоркте, Вашингтонда және «Шеврон» корпорациясының Калифорния мен Луизиана штаттарындағы кәсіпорындарында болдым.

Сол уақытта мен Мәскеуде Сан-Франциско университетінің профессоры, шығу тегі жағынан корейлік болып келетін американдық Чан Ян Бэнгпен танысқан едім. Соның көмегімен АҚШ-та болған үш апта уақыт ішінде мен экономика, қаржы және құқық мәселелері бойынша кәсіби мамандармен әңгімелесіп, біраз нәрсе үйрендім. Бұл әңгімелер АҚШ-тың экономика және қаржы жүйелерін, инвесторлардың ақша салуына жағдай туғызатын заңдарды егжей-тегжейлі зерделеуге, сондай-ақ инвестициялаудың тетіктерін қарап шығуға мүмкіндік берді.

Осы «теориялық» сабақтарға іс жүзінде сол «Шевронның» өзі де нақты мысал болды. Бұл күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан жаңа сабақ алуымның жақсы бастамасы еді.

Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан жолы»



2-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлеріңді білдіріңдер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



3-тапсырма. Шетелдік мұнай компаниясы өкілдерімен кездесудің диалог үлгісін дайындап көрсетіңдер.



4-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (54-аудио). Қандай ой айтылған?

Болашағын айқындап, сын-кәтерлерді күтіп отырмастан, оған табанды түрде қарсы тұра алатын халық қана жеңіске жетеді.

Әлемде кезекті Төртінші өнеркәсіптік революция басталды.

Экономиканы жаппай цифрландыру тұтас саланың жойылуына және мүлде жаңа саланың пайда болуына алып келеді. Біздің көз алдымызда болып жатқан ұлы өзгерістер – әрі тарихи сын-кәтер, әрі Ұлтқа берілген мүмкіндік.

Елбасы Жолдауынан



5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Цифрландырудың қоғамға әсері қандай?
2. Қандай салалар пайда болуы мүмкін деп ойлайсыңдар?



6-тапсырма. Мақалдарды мағына жақындығына қарай сәйкестендіріңдер.

| | |
|---------------------------|------------------------|
| Өнерді үйрен де | жеті өнер де аз. |
| Жігітке | бір нәрсеге машық бол. |
| Әр нәрсеге асық болғанша, | жирен. |



7-тапсырма. «Мен қазақстандық өндірісті қолдаймын» тақырыбына ауызша мәтін дайындаңдар.

Керекті сөздер: өндіріс, өнеркәсіп, озық технология, жоғары сапа, бәсекеге қабілеттілік, соңғы үлгі, мүмкіндік.



8-тапсырма. Қазақстанның өткені мен бүгінін салыстырып, 5-6 сөйлемнен тұратын шағын мәтін жазыңдар. Мәтінде талғаулы, себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемдер болсын.

9–10-сабақ

Бәсекеге қабілеттілік

Ой түрткі

- 20 жылдан кейінгі дамыған Қазақстанды көз алдымызға қалай елестетеміз?
- «Рухани байлық» дегенді қалай түсінесіңдер?



1-тапсырма. Елбасы сөзін тыңдаңдар (55-аудио). Автор не айтқысы келді?

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. ..

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады.



2-тапсырма. Сызба бойынша өз жұбыңмен ақылдасып, ойларыңды топқа ұсыныңдар.



3-тапсырма. Топтық жұмыс. «1 тұжырым, 3 дәлел» әдісі бойынша өз ойларыңды дәлелдендер.

| Тұжырым | 1-дәлел | 2-дәлел | 3-дәлел |
|---|---------|---------|---------|
| Тек табиғи байлықпен табысқа жете алмайсың. | | | |



4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар.

Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді.



5-тапсырма. «Табиғи байлықты орынды жұмсау керек» дегенді қалай түсінесіңдер?



6-тапсырма. Шетелдік достарыңа өздерің тұратын аймақтағы қасиетті орындар мен нысандар тізімін жасап, слайд түрінде олардың ерекшеліктерін таныстырыңдар.



7-тапсырма. Бәйтерек еліміздің даму жолында қандай символдық мәнге ие деп ойлайсыңдар? Шағын эссе жазыңдар.



Талаптары:

- азат, біртұтас, жарқын, нұрлы, мәлім сөздерін;
- себеп-салдар, талғаулы салалас құрмалас сөйлемдерді қолдану.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жазыңдар.

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Ортан терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?

11–12-сабақ

Рухани жаңғыру

Ойтүрткі

- «Рухани жаңғыру» деген ұғымды қалай түсінесіңдер?
- Білімді болудың жолдары қандай?



1-тапсырма. Елбасы сөзін тыңдаңдар (56-аудио). Қандай ақпарат естерінде қалды?

Жаңа жағдайға жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді...

Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет.



2-тапсырма. Мәтіннен мына сөздердің мағынасына жақын келетін сөздерді табыңдар.

Ұмытылады, сананы өзгерту керек, уақыт талабына бейімделу.



3-тапсырма. Өздеріңнің болашаққа арналған жоспарларыңның жобасын дайындаңдар.



4-тапсырма. Өздерің тұратын аймақтың жиырма жылдан кейінгі бейнесін кластер түзіп көрсетіңдер.

Талаптары :

- бірінші кезекте орындалатын шаралар;
- етістіктің қалау, шартты рай түрлерін қолдану.



5-тапсырма. Елбасы сөзін оқыңдар. Автор қандай мәселе көтеріп отыр?

Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің катарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді...

Білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасак, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді...



6-тапсырма. «Табысты болу үшін не істеу керек?» деген сұрақ бойынша ой бөлісіңдер.

Талаптары :

- тақырыптан ауытқымау;
- регламент сақтау;

- сөз әдебін сақтау;
- өзіндік ойы мен көзқарасын жүйелі жеткізу.



7-тапсырма. Берілген талғаулы салалас сөйлемдердің екінші сыңарын жазып, толықтырыңдар.

- Балалық шағыңыздан не естелік айтсаңыз, не
- Салт-сананың қадірін не жете түсінген жөн, немесе
- Сенің тағдырың өз қолыңда екенін естіген боларсың, әлде
- Бізге түбегейлі бетбұрыс керек, әйтпесе
- Өтпелі кезең ді не еңсеруіміз керек, не болмаса



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

- «Мәңгілік Ел» болу үшін ғылым мен білімді дамытудың маңызы қандай?
- Тәуелсіз ел болып өмір сүру қаншалықты маңызды?
- Құрмалас сөйлем түрлерін қызметіне қарай дұрыс қолданыңдар ма?

13-сабақ



Туған жерге туың тік

Ойтүрткі

- Рухани құндылықтарға нелер жатады?



1-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, мақалдардың мағынасын түсіндіріңдер.

- | | |
|--|----------------------------------|
| 1. Отан – елдің ... , Ел – ердің | 4. Опасызда ... жоқ. |
| 2. Ит тойған ... , Ер туған | 5. Отансыз адам – ормансыз |
| 3. Кісі елінде ... болғанша, Өз елінде ... бол. | 6. Өз елім – өлең |

Тиісті сөздер: бұлбұл, төсегім, сұлтан, ұлтан, Отан, жеріне, анасы.



2-тапсырма. «Қазақстан жолы» тақырыбына шағын мақала жазыңдар.

Талаптары :

- оқулық материалдарын дерек ретінде пайдалану;
- көлемі 70–80 сөз шамасында болу;
- сөйлем ішінде себеп-салдар, талғаулы салалас құрмалас сөйлемдерді қолдану .

12-тақырып

**ҚАЗАҚТЫҢ АЙТЫС ӨНЕРІ МЕН
СӨЗ МӘДЕНИЕТІ**

Р.Зайытов пен А.Кәрішжанов айтысы

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйнбай...

Ж. Жабаев

1–2-сабақ

Айтыс – асқақ өнер

Ой түрткі

- Айтыс қандай өнер? Ол туралы не білесіңдер?
- Айтыскер ақынға қандай қасиеттер керек деп ойлайсыңдар?



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, ойға тірек болып тұрған сөздерді анықтаңдар.

Айтыс – халық өмірін бейнелейтін көркем әдебиет саласының бірі. Айтыс өнері қазақ халқынан басқа қырғыз, қарақалпақ елдерінде бар. Мазмұнына қарай айтыс екі топқа бөлінеді: халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты туған айтыстар және ақындар айтысы. Ақындар айтысы – екі ақынның сөз жарыстыруы, тартысуы. Айтыста айтысушы адам сөзге, ойға тапқырлықтың, суырыпсалмалықтың үлгісін көрсетеді. Екі ақын бір-бірінің кемшілігін іздемеген, олар ел ішіндегі мәселелерді қозғаған. Айтыс елдің жақсы істерін мадақтап, кемшіліктерін сынап, оның түзелуіне себепкер болатын, тәрбиелік мәні бар өнер түрі саналған. Айтысқа үлкен-кіші, ер-әйел деп бөлмей, сөзге шешен, ділмар, өнері бар барша қауым қатысқан. Олардың ішіндегі ойы алғыр, дарындылары кейін үлкен айтыстарға түскен.

Қазақ халқының айтыс өнері XIX ғасырда дамыды. Мысалы, Сүйінбай, Шөже, Жамбыл, Әсет т.б. дүлдүл ақындардың айтыстары ел арасында кеңінен тараған. Бұл үлкен дәстүрді Мұхаметжан, Аманжол, Айбек сияқты айтулы айтыс ақындары жалғастырып келе жатыр.

«Егемен Қазақстан» газетінен



2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар дайындап, диалог құрыңдар.

| | |
|---------|--|
| Не? | |
| Қандай? | Айтыс өнері қандай халықтарда кездеседі? |
| Немі? | |
| Кімдер? | |
| Қалай? | |



3-тапсырма. Берілген сөздер қатарын мағынасына қарай сәйкестендіріңдер.

- Сөз жарысы, суырыпсалмалық, мадақтау, дүлдүл акын, ділмар.
- Мықты акын, жыр сайысы, дәріптеу, сөзге бай, табан астында өлең шығару.



4-тапсырма. Кім қанша сөз тауып оқиды? Өздерің қалаған 2-3 сөзбен сөйлем құраңдар.

Дүлдүлбөленуақындықмаңызтыңдарманшешенықылас



5-тапсырма. Мәтінді оқып, алдыңғы мәтінмен байланыстырыңдар.

Акындар айтысында майталман акындар қос-қостан жұптасып, айтысқа түседі. Онда жаттама (трафарет) өлендер аз болады. Акындар өленді табан астында шығарады, тосыннан айтысады. Айтыс үстінде күтпеген жайлар кездеседі. Айтысар тақырыбы белгісіз, тосын сұрауларға тап болады. Акындар қарсыласын сүріндіру үшін, оның мысын басып, тығырыққа тірейді. Соның бәріне акындар тез арада жауап беруге, дәлел айтуға дайын болуы керек. Мұның бәрі акындардан сөзге жүйріктікті,

білгірлікті, тапқырлықты қажет етеді. Сонымен қатар ел-елдің тарихын, этнографиялық ерекшеліктерін білуі керек. Бейнелі сөз, ұтқыр жыр шумақтарымен айтыстың көркін қыздырған акындар елдің қошеметіне бөленеді. Айтысып отырғанда акын өзінің ұтылғанын білсе, жеңілгенін мойындайды. Айтысқа сөз қадірін түсінетін акын ағалар төрелік етеді. Қазақ жұртының айтыс өнеріне ықылас-ілтисаты ерекше.

El.kz сайтынан



6-тапсырма. Айтыстың қандай ерекшеліктері бар? Мәтін бойынша 3 дәлел келтіріңдер.



7-тапсырма. Мына сөздерді зат есімдермен тіркестіріп жазыңдар.

Ұтқыр, дүлдүл, шешен, ділмар, майталман, суырыпсалма, бейнелі,

Түсіндірме сөздік

мысын басу, тығырыққа тіреу – сөзден жеңу
сөзге жүйрік – сөзге шебер, шешен
бейнелі сөз, ұтқыр жыр – көркем өлең
көркін қыздыру – жоғары дәрежеде өткізу
ықылас-ілтисат көрсету – мән беру

Үлгі:

| Сөздер | Сөз тіркесі |
|--------|------------------|
| ұтқыр | ұтқыр жыр шумағы |
| | |



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» толтырыңдар.

- Айтыс туралы қандай білім алдыңдар?
- Қандай жаңа сөздер мен сөз тіркестерін үйрендіңдер?
- Келесі сабақта қандай мәселеге назар аудару керек?

3–4-сабақ

Айтыстың ақтаңгерлері

Ойтүрткі

- Қазақтың айтыс өнері өкілдерінен кімдерді білесіңдер?
- Сөз өнері арқылы жеңіске жеткен тағылымды әңгімелерді білесіңдер ме?



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Сүйінбай ақынға тән ерекшелікті білдіретін сөздерді тауып, түсінік беріңдер.



Сүйінбай Аронұлы – XIX ғасырдағы Жетісудың ірі дүлдүл ақыны. Ол жасөспірім кезінен-ақ ақындық өнерді машық ете бастаған. Аңыз-ертегілер, қисса-жырларды жаттап өскен.

Қазақ, қырғыз еліне ақындығымен, айтыс-керлігімен, туыскандық пен достықтың жыршысы ретінде көрінген ақын. Оның атасы Күсеп те ақын болған.

Ақын батырлардың ерліктері мен табандылығын, қайсарлығын, еліне, жұртына деген адалдығын жырлаған.

Сүйінбай – айтыс шебері. Оның, әсіресе Тезек төремен, қырғыз ақыны Қатағанмен айтысы халық арасына кең тараған.

Сүйінбай – сыншыл ақын. Өлеңдерін сынатуға келген Жамбылға «Көмекейің емес, жүрегің сөйлейтін болсын» деп бата берген екен.



2-тапсырма. Берілген үзіндімен мұқият танысып, оқылым мәтнінде айтылған ойды толықтыратын постер дайындаңдар.

Сүйінбай Қатағанмен айтысында терең ой, білгірлік керек екенін аңғартады. Айтысқа өзек болып отырған қырғыз бен қазақтың тарихын,

салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, жай-күйін, жақсы-жаманын, кешегісі мен бүгінгісін, бүкіл тыныс-тіршілігін өте жақсы білетінін көрсетеді.



3-тапсырма. «Кім жылдам?» ойыны. Берілген кестеден айтыс өнеріне қатысты сөз қатарын тауып оқыңдар.

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| к | а | б | р | к | е | у | к | д | а |
| ы | р | п | а | т | а | е | д | о | л |
| ж | ю | с | и | т | қ | б | ү | ы | ц |
| к | т | а | п | қ | ы | р | л | ы | қ |
| і | ғ | ү | ұ | к | н | п | д | н | о |
| к | р | ц | й | н | д | ж | ү | г | о |
| ш | е | ш | е | н | ы | ұ | л | л | ж |
| р | о | л | д | к | қ | п | п | п | о |

КЕЗЕКТЕС САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Кезектес салалас құрмалас сөйлем

Құрамындағы жай сөйлемдер білдіретін ойдың кезектесіп келуін көрсететін салаластың түрі. Мысалы: **Бірде** көк ала қамысты көлдер қалып жатыр, **бірде** сары ала тон белестер кездесіп жатыр (С. Сейфуллин).

Сөйлемнің арасына келетін шылаулар: кейде, бірде, біресе.



4-тапсырма. Кезектес салалас сөйлемдердің екінші сыңарын жазып толықтырыңдар.

- Акындар айтыста кейде жеңіске жетеді, кейде
- Суырыпсалма акындар шешен де болады.
- Тыңдармандар айтыста бірде ділмар ақынды таниды, бірде
- Күн шықса болды, біресе саябақта серуендеймін, біресе



5-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (57-аудио). Не туралы айтылған?

Сүйінбай мен Қатағанның айтысы

1847 жылы қырғыз манабы Орманхан анасына ас береді. Бұл жиынға қазақ пен қырғыздың игі жақсылары түгел кел еді. Сүйінбай Аронұлымен қырғыз ақыны Қатаған осы аста айтысқан.



Қырғыз манабы Бәйтiк : «Бiздiң осы жиынға алдырған Қатаған деген ақынымыз бар. Сүйiнбай, бәйгенi сұрап аласың ба, әлде жеңiп аласың ба?» – деп мысқылдапты. Сонда Сүйiнбай шыдай алмай:

Екi елдiң абыройын жарысқа сап,
Түспесiн ортасына шанырақ тағы.
Шығарда жүйрiгiндi сал бәйгеге,
Жоқ емес қазақтың да саидақтары. –

деген екен. Сонда Бәйтiктiң ту сыртында отырған қайыстай қара жiгiт қарғып тұрып, қолына домбырасын ала айғайды салып, Сүйiнбайға тiсесдi...



6-тапсырма. Сұрақтарға жауап берiңдер.

1. Ақындар айтысы қайда өттi?
2. Сүйiнбаймен айтысқа түскен Қатаған кiм?
3. Сүйiнбай қандай сұраққа ызаланды?
4. Сүйiнбай қырғыздың байы Бәйтiкке не дедi?
5. Сөзге шыдамай Сүйiнбайға тiскен кiм?



7-тапсырма. Сүйiнбай мен Қатаған нелiктен айтыстың ақтаңгерлерi аталады? Өз ойларыңды дәлелдеп айтыңдар.



8-тапсырма. «ПОПС» формуласы бойынша ақындар айтысында сөз болатын мәселелердi жинақтап, өз пікірлеріңді білдіріңдер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

5–6-сабақ

Қазіргі айтыс шеберлері

Ой түрткі

- Қазіргі айтыс акындарынан кімдерді білесіңдер?
- Суретке қарап, айтыстың қалай өтетінін баяндандар.



Ж.Мусина мен Е.Әміров айтысы



1-тапсырма. Айтыстың үзіндісін рөлге бөліп оқындар.

Ринат :

Ардақты айбын асқан алашымнан
 Ақылды азаматтар жаратылған.
 Ақ тулы Абылайлар дара тұлған,
 Бұқар жырау байламды бағыт беріп,
 Бірлігімен қазақтың бағы ашылған.
 Төле би, Әйтеке мен Қазыбектер –
 Ой түйінін қопарған нақ асылдан.
 Қабанбай, Бөгенбай мен Наурызбайлар –
 Қазақты алып шыққан нақ асылдар.

Амангазы :

...Келеді мен де сырды айта бергім,
 Әйтеуір, бір ұлы едім байтақ елдің...
 Ал бүгін тәуелсіздік айтысы деп,
 Сонан соң жан сырымды айта келдім.
 Жәнібек, Қабанбай мен Ақтамберді,
 Боранбай, Ырғызбайдың ұрпақтары,
 Абай мен Мұхтар болып күллі әлемге,
 Тұтанды киелі елдің бір шакпағы...

Ринат :

Бас піп, бақ тіледім бар анаға,
 Ардақты асылдарды ана туған.

Айтыстың тәртібі:

- бірін-бірі қағыту (мысқылдау), қарсыласының мысын басу, елінің игі жақсыларын мадақтау (дәріптеу).

Қырандай қар боратсам канатымнан,
Балаң ем, бағыт алған бар асылдан.
Айызын ағайынның қандырайын,
Тұяғы бүтін тұлпардай таң атырған.
Ойы өткір, ордалы елім, аманбысың,
Терең тамыр түркілерден жаратылған.

Амангазы :

Жібердің полигон мен химияны,
Жоғалған қойдың орны ки-ки әлі.

Сібірдің сары аязы сапырса да,
Рухымен суытпапты сыйлы ұяны.
Аман ба кешегі Алаш астанасы,
Бүгінгі Өскеменнің филиалы...



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Айтыс қандай тақырыпқа арналған?
2. Үзіндіде қандай тұлғалар айтылды?
3. Олар туралы не білесіңдер?
4. Екеуінің сөзін жарастырған қандай ой?



3-тапсырма. Айтыс үзіндісіндегі мына сөздер мен тіркестерді қандай сөздермен ауыстыруға болады? Сәйкестендіріңдер. Өздерің қалаған тіркестермен ауызша 2-3 сөйлем құраңдар.

| | |
|----------------------|--------------------|
| айбыны асқан | тура жолды көрсету |
| шақпағы тұтанды | сөзі ұшқыр |
| байламды бағыт беру | жұртты риза қылу |
| канатынан қар борату | атағы жер жарған |
| айызын қандыру | бағы жанды |



4-тапсырма. Айтыстың үзіндісін тыңдап, детальды ақпаратты анықтаңдар (58-аудио).

Ринат :

Ақ мамыққа оранып дала жатыр,
Жайлауында даламның қала ма сыр?
Көкейімде күйкылжып түрлі сезім,
Шіркін, дәурен, дариға-ай салады асыр.
Ал, ендеше, ағайын, құтты болсын,
Жаңа дәуір, жаңа көпір, жаңа ғасыр!..

Айтайын бұл еліме саналы ұғым,
Бала деп көрінбесін шалалығым.

Ал, ендеше, ағаеке, құлақ түрсең,
Мен айтайын Семейдің жаналығын.

Ақтап біз үміттерін сан ғасырдың,
Қуаныштың тандарын алмастырдым.
Дүниедегі төртінші көпір салып,
Еуропа мен Шығысты жалғастырдым .

Амангазы :

Көпірді мақ таудан да жалықпайсың,
Асылып арқаныңда қалықтайсың.
Жарысып не кыласың, жабағы інім,
Ағана ілесем деп арықтайсың.

Інім де киелі елдің досы болсын,
Әрдайым көңі ліннің хошы болсын.
Еуропан керек емес жалғастырған,
Қазақты **тығырықтан алып шығар** ,
Ізгілік көпірі де осы болсын!..



5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Ринат Зайытов нені сөз етті?
2. Оған Амангазы Кәріпжанов не деп жауап берді?
3. Ақындардың қанд ай ойлары ұнады?



6-тапсырма. «Қос жазба күнделігі» әдісі арқылы қарамен берілген тіркестердің мағынасын ашыңдар.

| Сөздер мен сөз тіркестері | Мағынасы |
|---------------------------|--------------|
| ақ мамыққа оранып | қар жамылған |
| | |

Керекті сөздер: бабалардың арманын орындау, тәуелсіздік алған ғасыр, қиындықтан құтылар, Батыс пен Шығыс елдерін байланыстырған.



7-тапсырма. Айтыстың сөз таластыру тәртібі орын алды ма? А.Кәріпжанов Р.Зайытовты қалай қағытты? Айтыс үзінділерінен 3 дәлел келтіріңдер.



8-тапсырма. Айтысты диалогке жатқызуға бола ма? Өз ойларыңды айтыңдар.



9-тапсырма. «Шығу парағын» толтырыңдар.

- Бүгінгі айтыс пен бұрынғы айтыстың арасында айырмашылық бар ма?
- Айтыстың талаптары орындалды ма?
- Қандай жаңа сөздер мен сөз тіркестерін үйрендіңдер?

7–8-сабақ

Айтыстағы сөз мәдениеті

Ой түрткі

- Айтыстағы сөз мәдениеті жайында не білесіңдер?
- Үздік айтыс өкілдері деп кімдерді атар едіңдер?



1-тапсырма. Айтыстың жалғасын оқыңдар. Мазмұны оқиганың қай бөлігін білдіреді (басталуы, аяқталуы, шиеленісуі)?

Ринат :

Санадағы сөзі елдің сарқылмайды,
Мерейі қазағымның алтындайды.
Бізге де бұл күндері батып жатыр,
Өзіндей жеп жүргені батыр қайғы...

Амангазы :

Кешегі Желтоқсанда аспанменен
Тілдесіп жұлдыз болып ақсам деп ем.
Ордасын өктемдіктің шашсам деп ем,
Күл кылып, отын қылып жақсам деп ем.
Тарихтың төрт аяғы көктен келіп,
Халқымның көз алдында жатса деп ем.
Мен сөйтіп дария болып тассам деп ем,
Мысыммен өктемдікті бассам деп ем.



2-тапсырма. Айтыс үзіндісінен көркемдегіш сөздер мен тұрақты тіркестерді тауып, сөздіктің көмегімен мағынасын түсіндіріңдер.

Сөйлеу этикетінің өзіне тән нормалары мен ерекшеліктері болады. Оған жете мән берілмесе, жылы шырай, жақсы қарым-қатынасқа жарықшақ түседі. Отбасында, ұжымда дәстүрге айналған ізетті сөз, сыпайы мінез адамның көңіл күйіне, тіпті еңбек өнімділігіне де әсер етпей қоймайды.



3-тапсырма. Берілген сөйлемдерді мағынасына қарай сәйкестендіріп, кезектес салалас құрмалас сөйлемдер жасаңдар.

| | |
|--|---|
| Ақындар өткен тарихты сөз етеді. | қиындықтан көз аспаған деп те суреттейді. |
| Ринат ақын даланы ақ мамыққа теңейді. | татулыққа келмейтін қарсылас та бола алады. |
| Аманғазы жұлдыз болып аққысы келеді. | жана заманның жетістіктерін сөз қылады. |
| Екі ақын өзара тату болып көрінеді. | ақын-жазушыларымен мақтанғанын байқаймыз. |
| Ринат пен Аманғазының айтысынан тарихи тұлғалардың атын кездестіреміз. | дария болып тасығысы келеді. |



4-тапсырма. Топтық жұмыс. Айтыс үзінділерінде көтерілген мәселелерді жинақтап, постер дайындаңдар.




5-тапсырма. Орны ауыстырылған әріптерді шимай сызықтар бойымен дұрыс орналастырсаңдар, жағымды мағынадағы тілек сөзі шығады.

Е Н І М Й Р Е



| | | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|

М Т Ү С Е



| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | | | | |
|--|--|--|--|--|

Л Н О Ы Б С



| | | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|



6-тапсырма. Айтыста сөз мәдениеті сақталды ма? Ақындардың сөйлеу мәдениеті неден көрінеді? Қай ақынның сөзі ұнады? Пікірталас өткізіндер.



7-тапсырма. Мектеп газетіне айтыстағы сөз мәдениетіне қатысты шағын эссе дайындаңдар.

Талаптары :

- тақырыптан ауытқымау;
- көлемі 120–150 сөз шамасында болу;
- мақал-мәтелдер мен бейнелі сөздерді;
- кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді дұрыс қолдану;
- сөйлем ішіндегі тыныс белгілерін – үтір, сызықшаны орнымен қолдану.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

- Бүгін не үйрендіңдер? Бұрын не білетін едіңдер?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?
- Кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді дұрыс қолдана алдыңдар ма?

9–10-сабақ

Ұлттық сөз этикеті

Ойтүрткі

- Сөйлеу кезінде сөз мәдениеті қаншалықты маңызды деп ойлайсындар?
- Әңгімелескенде, сөйлескенде адам өзін қалай ұстау керек?



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңмен баяндандар.

Елімізде көптеген ұлт пен ұлыстың, халықтың өкілдері тұрады. Кез келген халықтың ғасырлар бойы жасаған мәдениетін танып білу, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау – бірлесіп өмір сүрудің шарты. Ұлттың, халықтың сырткөзге бірден байқалатын ерекшелігі, ең алдымен, сөз этикетінен көрінеді. Тіл үйренуді амандасу, рақмет айту, кешірім сұрау, қошемет көрсету тәрізді этикет сөздерден бастайды. Бұлай болуы сөз этикетінің байланыс орнату, қарым-қатынасқа ұйытқы болу тәрізді өзіндік қызметі мен ерекшелігіне байланысты.

Н. Уәли



2-тапсырма. Топтық жұмыс. Берілген жағдаятты дамытып өрбітіндер.

- 1-топ.** Мұғаліммен кездесу (Сәлеметсіз бе? – Сау болыңыз!);
2-топ. Құрбы-құрдастарымен кездесу (Сәлем! – Көріскенше!);
3-топ. Үлкен кісімен кездесу (Ассалаумағалайкүм! – Сау болыңыз!);
4-топ. Көпшілік алдына шығу (Армысыз! – Келесі кездескенше!).



3-тапсырма. Берілген диалог үлгісіне сыпайылық сақтай отырып, жауап беріндер. Диалогті әрі қарай жалғастырындар.

– Ғылыми жобаға дайындалу үшін осы сенбіде кітапханаға келе аласың ба?

–

– Қай уақытта кездесек ыңғайлы?

–

Керекті сөздер: әрине, өкінішке қарай, мүмкін болса.



4-тапсырма. Ұстаздарыңды, аналарыңды немесе сыныптас достарыңды 8 Наурыз мерекесімен құттықтап, хабарлама жазындар.

| | | |
|------------------------------------|------------------------------|------------------------------|
| Құрметті ұстазым! Аяулы анашым! | Құрбым Зәуреш! Зәурешжан! | Қымбатты сыныптас қыздар! |
| | | |

СӨЗ МӘДЕНИЕТІ

Сөз мәдениеті – әдеби тілдің жазбаша, ауызша түрлеріне тән нормаларды игеру, сондай-ақ тілдік амал-тәсілдерді айтылмақ ойдың, сөздің мақсаты мен мазмұнына лайық дәл, бедерлі қолдана білу. Сөз мәдениеті ұғымы, біріншіден, сөзді дұрыс қолдану (сөз дұрыстығы), екіншіден, сөзді орынды жұмсау деген екі сатыдан тұрады. Сөз дұрыстығы – қазіргі әдеби тілдің жұртшылық таныған нормасы, яғни жарыспалы екі немесе бірнеше нұсқаның біреуі ғана дұрыс деп танылады: балалар – *балдар* емес, бара жатқан – *баратқан* емес.

Сөз мәдениетіне қажетті аса маңызды сапалардың бірі – *сөз тазалығы*. Сөз тазалығы дегеніміз – сөйлеу тілінің тазалығы, сөзімізде бөгде тілдік элементтердің болмауы.



5-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңдар. Қандай ой айтылған?

- Ойнап сөйлесең де, ... сөйле.
- Жаман сөз – жанға кірген ... ,
Жақсы сөз – таптырмайтын
- Ең тәтті де ... ,
Ең ащы да
- Айтылған сөз – атылған
- Басқа бәле

Тиісті сөздер: тікен, ем, тіл, ойлап, тілден, оқ.



6-тапсырма. Берілген сөз тіркестері қандай жағдайда қолданылатынын белгілеңдер. Себебін түсіндіріңдер.

| Сөз тіркестері | Жана қонысқа көшкенде | Таңертен кездескенде | Наурыз мерекесінде | Жана жыл мейрамында | Кешкілік үйге келгенде | Үйленген жастарға | Жұмысқа келгенде |
|--------------------------|-----------------------|----------------------|--------------------|---------------------|------------------------|-------------------|------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| Қайырлы таң! | | | | | | | |
| Ұлыс он болсын! | | | | | | | |
| Бақыт табыс жылы болсын! | | | | | | | |
| Кеш жарық! | | | | | | | |

Жалғасы

| | | | | | | | |
|---------------------|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| Іске сәт! | | | | | | | |
| Құсын құтты болсын! | | | | | | | |
| Қоныс құтты болсын! | | | | | | | |



7-тапсырма. Сыныптастарыңның тіліндегі сөз мәдениетіне қатысты жағымды, жағымсыз мағынадағы сөздерді теріп жазып, кестені толтырыңдар. Неге олай бөлгендеріңді дәлелдендер.

| Жағымды сөздер | Жағымсыз сөздер |
|-------------------------|-----------------------|
| Өзін құлпырып кетіпсін! | Сөзін түкке тұрғысыз. |
| | |



8-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап беріңдер.

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Орман терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?

11–12-сабақ

Тауып сөйлеу – өнер

Ойтүрткі

- Күнделікті сөйлеу тілімізде сөз мәдениеті талаптарын қаншалықты ескеріп жүрсіңдер?
- Құрбы-құрдастарыңның сөйлеу әдебіне көңілің тола ма?

СӨЗ ДӘЛДІГІ. СӨЙЛЕУДЕГІ ДӘЛДІК ҰҒЫМЫ

Сөйлеуші айтар сөзін өзгелерге әсерлі жеткізіп айтса, «дәл айтты, тауып айтты» деп қорытынды жасаймыз. Сөйлеген сөзіміз сөз дәлдігі талаптарына сай келу үшін қойылар бірінші талап – сөзді тілдегі мағынасына лайық қолдану.



1-тапсырма. Айтыс үзінділері бойынша берілген сөздердің дұрыс қолданысын тауып жазыңдар.

тығырықтан → өте алмау
→ алып шығу

мамыққа → жамылу
→ орану

үміттерін → ақтау
→ үзу

айбыны → тасу
→ асу

Еуропа мен Шығысты → жалғастыру
→ ажырату



2-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тақырыпқа қатысты ойды анықтаңдар (59-аудио).

Қол бастау қиын емес,
Көк найзалы ерің болса.
Жол бастау қиын емес,
Соңынан ерген елің болса.
Бәрінен сөз бастау қиын:
Тауып айтсаң, мереке қылады,
Таппай айтсаң, келеке қылады.

«Шешендік сөздер» кітабынан



3-тапсырма. Топтық жұмыс. Шешендер неліктен сөз бастау қиын дейді? Жағдаятқа түсіңдер. Қай топ тауып айтты? Қате сөз қолданыстары болды ма? Талқылаңдар.



4-тапсырма. Кестеде сөз дәлдігіне орай түрлі қолданыс үлгілері берілген. Дұрыс, дұрыс емес қолданыс үлгілерін анықтаңдар.

| Қолданыс үлгілері | Дұрыс | Дұрыс емес | Қолданыс үлгілері | Дұрыс | Дұрыс емес |
|-----------------------|-------|------------|------------------------------|-------|------------|
| аң мен құсты пір тұту | | | жауын-шашын жаумайды | | |
| аң мен құсты кне тұту | | | жауын-шашын болмайды | | |
| астық егілді | | | әкеміз 76 жасқа толып отыр | | |
| астық бастырылды | | | әкеміз 76 жасқа келіп отыр | | |
| астық жиналды | | | жарғақ басы жастыққа тимей | | |
| егін жиналды | | | жарғақ құлағы жастыққа тимей | | |



5-тапсырма. «Кім көп табады?» ойыны. «Ыймарқытзінкжлобңу» тізбегінен сағыныш, айналып-толғану сөздерін құрастырыңдар.

Мысалы : айналайын , күнім, ...



6-тапсырма. Алғыс, ризалық сөздерін кластерге түсіріңдер.



7-тапсырма. Құрбы-құрдастарыңның сөйлеу тілінде кездесетін қателіктерді тауып, сыныпта талқылаңдар. Мысалы: «Звонок нешеде болады?» т.б.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

- Тақырып бойынша не үйрендіңдер?
- Қазақтың майталман ақындары туралы не білдіңдер?
- Шешендігімен танылған кімдерді үлгі тұтасыңдар?
- Адам өмірінде сөз мәдениеті қаншалықты маңызды?

13-тақырып

ҚАЗАҚСТАН – БАЙҚОҢЫР – ҒАРЫШ

Н.Жүсіп. «Қыран казак»

Алтынды үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Арманын қоймас адамзат.

Бұхар жырау

1-2-сабақ

Т.Әубәкіров – тұңғыш ғарышкер

Ой түрткі

- Қазақстандық қандай ғарышкерлерді білесіңдер?
- Олардың ерлік істерін айта аласыңдар ма?



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Т.Әубәкіров туралы тағы не білесіңдер? Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, мәтінді толықтырыңдар.

Қазақтың тұңғыш ғарышкері Токтар Онғарбайұлы Әубәкіров 1946 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында дүниеге келген. Ресейдегі Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін, Мәскеу авиация институтын тамамдаған. 1989 жылы бірінші болып авиатасушы крейсердің алаңқайына «МИГ-29» реактивті ұшағын шеберлікпен дәл қондырған. Сонымен қатар ол реактивті ұшақтың елуден аса жаңа түрін сынақтан өткізген. Осы ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры жоғары атағы берілді. 1990 жылы ғарышкерлер құрамына алынып, ғарышқа ұшу оқу-жаттығу жұмыстарын бастайды. 1991 жылы 2 қазанда Байқоңырдан «СоюзТМ-13» ғарышкемесімен ғарышқа ұшты. Онда ол өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, медицина және Арал аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.



Т.Әубәкіров – Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы. Қазақтан шыққан тұңғыш сынақшы-ұшқыш.

Qazaqiti сайтынан.



2-тапсырма. Кластер бойынша мәтіннің мазмұнын өз сөздеріңмен жеткізіңдер.



3-тапсырма. Берілген сөздер қандай сөздерге жатады? Олардың әрқайсысын қатыстырып, сөйлемдер құраңдар.

Ғарыш, ғарышкер, сынақшы-ұшқыш, ғарышкеме, авиатасығыш, қондырғы.



4-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлеріңді білдіріңдер.

Капа көңілмен отырып Тоқтар әлгінде өзімен ала шыққан транзистордың құлағын бұрайды. Баяғыда «Маяк» деген радиостансы болатын. Сол радио КСРО халықтары әндерінен бір концерт бере қалыпты. Кенет... Әдемі бір сыбызғы әуен естіледі.

Әннің қайырмасына келгенде Тоқтар тіпті елтіп, айдалада, Қиыр Шығыстың бір қиыр шетінде қамығып жүргені мүлдем естен шығып, ерекше бір күйге бөленеді. Қазақтың бұлбұл үнді әншісі Бибігүл Төлегенованың орындауындағы «Гауһартас» осылайша өршіл жастың жүрегінде жатталып қалады.

Жас жігерін сонда Тоқтар былайша жаныған тәрізді: «Осындай керемет ән тудырған біздің қазақ – қандай ғажап халық. Сол халықтың мен де бір баласымын. Белді бекем буайын. Ата жолын қуайын. Қайратыма мінейін. Қапаланбай жүрейін. Елге қызмет етейін. Мақсатыма жетейін».

Сөйтіп, қыран дүр сілкінеді. Қайта түлейді.

Н. Жүсіп. «Қыран қазақ» деректі әңгімесінен

«ПОПС» формуласы:

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



5-тапсырма. Соңғы азатжолда берілген автор ойын жұптарыңмен бірге талдаңдар. Берілген жай сөйлемдерді талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерге айналдырыңдар.



6-тапсырма. Б.Телегенованың орындауындағы «Гауһартас» әнін естідіңдер ме? Сендерге ән ұнады ма? Бұл ән алыста жүрген ұшқыш жігітке несімен ұнады?



7-тапсырма. Қиялға кезек берейік. «Ғарыш – ғажайыпқа толы әлем» тақырыбында шағын әңгіме жазыңдар.

Керекті сөздер: небір асау әуе тұлпарын ерттеп, көкке ұшу; ғарышта калқу; беймәлім, ғажайып ғаламшарға бару; ондағы адамдармен кездесу.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңдер.

- Т.Әубәкіровтің қандай ерлік істерін білдіңдер?
- Сыныпта кімнің жазған әңгімесі ұнады? Неліктен?

3–4-сабақ

Қыран қазақ

Ойтүрткі

- Ғарышкердің бойында қандай қасиеттер болу керек?
- Қалай ойлайсыңдар, ғарышқа ұшар алдында дайындық қажет пе?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (60-аудио). Т.Әубәкіровтің қандай ерлігі туралы айтылған?

«Тбилиси» крейсерінен жаңа әдіспен ұшақты көкке көтеру оқиғасына бүкіл әлем көз тікті десе де болады. Кеңес ұшағы лып етіп көтеріле ала ма, әлде бұрқ етіп жоқ бола ма деп бүкіл дүниежүзінің мамандары демін ішіне тартып қарап тұрған еді. Тоқтар Әубәкіровке крейсердің қып-қысқа ұшаңқайынан МП-29 ұшағын лып еткізіп көкке көтеру міндет болды. Жаңа әдістің ерекшелігі сонда: ұшақ құдды трамплиннен түскендей төмен лықсып келіп, дүр етіп ұша жөнелген кентердей тез көтеріліп кетуі керек. Барлық мәселені секундтар ғана шешеді. Ұшақтың моторына байланысты. Сәл іркіліс болса, бітті: ұшақ судың астына кіріп кетеді. «А» деп ауыз ашқанша, құйрығы қайқаң етіп зеңгір көктен көрінетін дыбыстан жылдам ұшақты сынақшы-ұшқыш Тоқтар Әубәкіров сонда зыр-р еткізіп, көтеріп үлгерді. Асқан дәлдікпен аядай жерге ұшақты қайта қондыру да ғаламат ерлік болатын.

Н. Жүсіп. «Қыран қазақ» деректі әңгімесінен



2-тапсырма. Берілген тіркестердің мағынасын сөйлем құрау арқылы түсіндіріңдер.

Көз тікті, демін ішіне тартты, крейсердің ұшаңқайы, дүр етіп ұшу.



3-тапсырма. Мәтіннен еліктеуіш сөздерді тауып, қандай мағынада тұрғанын дәлелдендер.



4-тапсырма. Қарамен берілген сөйлемдерді себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерге айналдырыңдар.



5-тапсырма. Мәтінді оқып, алдыңғы мәтінмен идеялық сабақтастығын салыстырыңдар.

Ертесіне Президентпен кездесуге барады. Барған бетте ғарышқа ұшудан бас тартатынын мәлімдейді.

Сонда Нұрсұлтан Әбішұлы:

– Тоқтар бауырым! – деп майда қоңыр дауысымен бауырына тартып сөз бастайды. – Мені дұрыс түсін, бұл ұшу сен үшін, я болмаса, мен үшін қажет емес, біздің қазақ халқы үшін керек. Білесің бе, Байқоңырдан осынау отыз жылдың ішінде ғарышқа кімдер ұшпады? Ал сол жердің несі – қазақтар «Біздің жерден біздің ғарышкер қашан шығады?» деп армандаумен келеді. Өзіңді туған сол халықтың арманын орындаудан неге бас тартпақсың, а? Оның үстіне, сен барлық жағынан дайын тұрсың... Керек десе, Кеңес Одағының Батырысың! – дейді.

Аталы сөзге тоқтаған қазақ емеспіз бе?! Тоқтар осы сөзге тоқтайды.

Н. Жүсіп. «Қыран қазақ» деректі әңгімесінен



6-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. «Қос жазба күнделігі» әдісі арқылы қарамен берілген тіркестердің мағынасын түсіндіріңдер.

| Сөз тіркестері | Мағынасы |
|------------------|----------|
| ұшудан бас тарту | |
| | |



7-тапсырма. Ғарышты бағындырған батырдан сұхбат алыңдар. Ол үшін алдымен сұхбат сұрақтарын дайындап, ең үздік деген 5 сұрақты анықтаңдар.



8-тапсырма. Мәтін үзінділерінен бөлек және бірге жазылатын күрделі сөздерді тауып, кестені толтырыңдар.

| Бірге жазылатын күрделі сөздер | Бөлек жазылатын күрделі сөздер (сөз тіркесі) | Дефис арқылы жазылатын күрделі сөздер |
|--------------------------------|--|---------------------------------------|
| | | |



9-тапсырма. Ойтаразы. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жазыңдар.

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Орман терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?

5–6-сабақ

Байқоңыр – жер кіндігі

Ойтүрткі

- Ғарышайлақтың Байқоңыр аймағында салынуының қандай сыры бар деп ойлайсындар?
- Ғарыш саласындағы Қазақстанның мәртебесі қандай?



1-тапсырма. «Байқоңыр – жер кіндігі» тақырыбында пікірталас ұйымдастырындар.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (61-аудио). Қандай ой айтылған?

Талғат Сүйінбайдың кітабында Елбасы мен Тоқтар Әубәкіровтің арасындағы әңгіме түйіні былай көрініс тапқан.

«Қалайда осы қазір ұшуға тиіссің!» – деді Елбасы.

«Ұшамын!..» – дедім мен.

«Қазағың үшін басыңды қауіп-қатерге тігесің», – деді ол.

«Тігемін!..» – дедім...

– Байқоңырдағы «Энергия» ғылым-өндірістік бірлестігінде «Халқым үшін, қазағым үшін өліп кетуге дайынмын!..» деген таспаға жазылған сөздер бар. Қажет деп тапсаң, барып көруіңе болады...

Н. Жүсіп. «Қыран қазақ» деректі әңгімесінен



3-тапсырма. «Қазағың үшін басыңды қауіп-қатерге тігесің» деген пікірді қалай түсінесіңдер? Өз ойларыңды дәлелдеп айтындар.



4-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын өз сөздеріңмен жеткізіңдер.

Тоқтар бір әңгіме айтып тұрды да, кенет сөзін үзіп, көкке қарай басын көтеріп, тесіліп қарап тұрып қалды. Қарап тұр. Қарап тұр. Біздің мойнымыз ауырып кетті. Бір кезде барып:

– Қайтқым келеді! – деді үздігіп. – Мұнда не бар? Бәрі лас...

Керемет ана жақта ғой! – деп аспанға тесіліп, қайта қарайды.

Сонда ол жақ шынымен ғаламат болғаны ғой, шамасы!.. – деп еді...
«Ер қанаты – тұлпар» деген сөз бар. Асау тұлпарды да, темір тұлпарды да ерттеп мінген нағыз батыр, нар тұлғалы, көркем мінезді, келіскен қазақ жігіті – Тоқтар Әубәкіров аршындап алға басып барады.

Нағыз қазақ!

Қыран қазақ!

Қанатың талмасын!

Дәл бүгін бар қазақтың осы бір нар казакқа айтар тілегі осындай.

Н. Жүсіп. «Қыран қазақ» деректі әңгімесінен



5-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Берілген тіркестерді қандай сөздермен ауыстыруға болады? Сәйкестендіріңдер.

| | |
|----------------------------------|---------------------------------|
| шешіле төгілдірген бір сыры | ұзақ қарап тұрды |
| терең адам | келбетті, сымбатты жігіт |
| тесіліп қарап тұрып қалды | ойын ашып айту, толғанып сөйлеу |
| «ер қанаты – тұлпар» (нақыл сөз) | дана кісі |
| келіскен қазақ жігіті | ер жігітке тұлпар міну жарасады |



6-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Автор неге Тоқтарды «терең адам ғой» деп бағалайды?
2. Тоқтар не себепті ғарышқа қайтқысы келді?
3. Автордың ғарышкерге айтар тілегі қандай?



7-тапсырма. Топтық жұмыс. Байқоңыр ғарышайлағының экологияға әсері туралы постер дайындаңдар.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңдер.

- Сендер үшін тақырыптың маңызы неде?
- Қандай жаңа сөздер мен сөз тіркестерін үйрендіңдер?
- Пікірталасқа түсе алдыңдар ма?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге назар аудару керек?

7–8-сабақ

Күн жүйесі

Ой түрткі

- Басқа ғаламшарларға барып тұру мүмкін деп ойлайсыңдар ма?
- XXI ғасырда адамзаттың басқа ғаламшарға қоныс аударуы мүмкін бе?



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Тірек сөздер арқылы тақырыпты болжаңдар.

Күн жүйесінің құрылысы – бұл орталық жұлдыз Күнді және Жерді қоса алғанда, оның төңірегінде айналатын барлық ғарыштық денелер.

Орасан зор көлемдеріне карамастан, заманауи бағалаулар бойынша, оның ұзақтығы 60 миллиард шақырымнан кем емес. Күн жүйесі – Күс жолы галактикасының құрамына енетін жүздеген миллиард жүйелердің тек біреуі ғана. Өз кезегінде көптеген миллиард галактикалар бүкіл Ғаламды құрайды.

«OYLA» ғылыми-көпшілік журналынан



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Ғарыштық денелер дегеніміз не?
2. Күн жүйесін қалай түсіндіресіңдер?
3. Күн мен Жердің қандай байланысы бар?
4. «Заманауи» сөзінің мағынасы қандай?



3-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлеріңді білдіріңдер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып мәтінді толықтырыңдар.

Күннің аясында тіпті ең үлкен ғаламшарлар кіші болып көрінеді. Ғалымдардың есептеуінше, Күн жүйесінің барлық массасының 99,86 пайызы дәл осы біздің орталық жұлдызға келеді...

Күн жүйесінің жұлдыздары мен ғаламшарларының көпшілігі шамамен 4,5 миллиард жыл бұрын ғарыштық кеңістікте қалыптасқан. Алдымен өте үлкен газды шаң бұлтынан орталық және ең үлкен нысан – Күн жұлдызы пайда болды.

«OYLA» ғылыми-көпшілік журналынан



5-тапсырма. Мәтіннен терминдерді тауып, мағынасын түсіндіріңдер.

| Терминдер | Түсіндірмесі |
|-----------|--------------|
| | |



6-тапсырма. «Ғарышты зерттейтін жастар қазірден бастап білім, ғылымға ұмтылуы керек» деген ойды жалғастырыңдар.



7-тапсырма. «Ғарышты зерттеудің маңызы» деген тақырыпта шағын мәтін құраңдар. Мәтінде себеп-салдар, талғаулы, кезектес құрмалас сөйлемдер болсын.

Керекті сөздер мен сөз тіркестері : экология, жасыл энергия, жаңа технология, ғылым, ұмтылыс.



8-тапсырма. Ойтаразы. 3-2-1 критерийі бойынша анықтаңдар.

- 3 маңызды ақпарат;
- қиындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.

9–10-сабақ

Ғарышты игеру

Ойтүрткі

- Ғарышты адам баласы толықтай игеруі мүмкін бе?
- Қазақстан әлемдік ғарыштық зерттеулер орталығына қашан айналады?



1-тапсырма. Берілген тұжырымдарға келісетін, келіспейтіндеріңді білдіріп, алдымен өз жұбыңмен, кейін топта талқылаңдар.

| Тұжырымдар | Келісемін | Келіспеймін |
|---|-----------|-------------|
| Ғарышты игерудің ғылымға тигізер пайдасы бар. | | |
| Ғарышты игерудің маңызы жоқ. | | |
| Елімізде ғарышты игеруге мүмкіндіктер көп. | | |
| Басқа ғаламшарды іздеудің қажеті жоқ. | | |
| Ғарышқа ұшу – бос әурешілік. | | |



2-тапсырма. Мәтінді оқып, бір-біріңе сұрақтар қойыңдар. Не туралы айтылған?

Ғарышкер А.Айымбетов Қазақстанның ғарыштық зерттеулерінің бесінші бағдарламасын жүзеге асырды. Ол ғарышта салмақсыздық жағдайында «кулонды кристалл» алу, Арал теңізінің экологиясына қатысты мәселелерді зерделеу, денсаулық сақтау саласының күрделі

мәселелеріне сынақтар жүргізу сияқты үлкен істер атқарды. Бұл талай алпауыт елдердің қолы жетпей отырған шаруалар еді.

«Егемен Қазақстан» газетінен



3-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлеріңді айтыңдар.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша, ...

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



4-тапсырма. Берілген сөздер мен суреттерді тірек етіп шағын мәтін құраңдар (қосымша ресурс көздерін пайдаланыңдар).

- Ғарыш стансысының болашағы қандай?



Байқоңыр қаласының кіреберісі



Ғарышкемені ұшыруға дайындау

Елді мекен, аумақ, шаршы, ұзақ, жаттықтыру, ғылыми-зерттеу, кондырғы, түйісу, тетік, дабыл.



5-тапсырма. Елбасы марапаттаған сәттегі ғарышкер А.Айымбетовтің сөзін дамытып, жалғастырыңдар.

Мен үшін бұл күн – өмірімдегі ең бақытты әрі айтулы күн. Өйткені мен Президенттің қолынан Отанымның ең жоғары наградасын алдым. Мен сіздің тапсырмаңызбен 1998 жылдан бері ғарышқа ұшуға дайындық жүргіздім. Халықаралық экипаж құрамында Қазақстанның атынан өкілдік ету мен үшін биік мәртебе...

«Егемен Қазақстан» газетінен



6-тапсырма. Қазақ елінің қалай мақтанатынын жеткізіп, ғарышкер А.Айымбетовке хат жазыңдар.



7-тапсырма. Мына бөлікті кіріспе етіп алып, «Ғарыштық зерттеулердің берері мол» деген тақырыпта шағын эссе дайындаңдар. Қандай дәйектер ұсынасыңдар? Эссені талапқа сай жазған-жазбағандарыңды бағалаңдар.

Мен ғарыштық зерттеулердің жетістігіне сенемін. *Мысалы*, экология, ауылшаруашылығының көптеген проблемаларын шешудің жолдарын табуға болады ...

Талаптары :

- эссенің негізгі бөлімі мен қорытындысы болуы;
- оқулық материалдарын дерек ретінде пайдалану;
- тақырыптан ауытқымау;
- көлемі 120–150 сөз шамасында болу;
- сөйлем ішіндегі тыныс белгілерін – үтір, сызықшаны;
- себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді орнымен қолдану.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

- Ғарышты игерудің болашағын қалай болжайсыңдар?
- Ғарыш саласының ел өміріне тигізер қандай пайдасы бар екен?
- Өзіңнің және жолдастарыңның білімін бағалаңдар.

ӘДЕБИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ҰҒЫМДАР

Ақын (поэт) – поэзиялық туындыларды, өлең, жыр-дастан, поэмаларды ауызша айтып не жазып шығаратын сөз өнерінің шебері.

Аллитерация (латын. *ad-littera* – дыбыстас) – өлеңдегі дауыссыз дыбыстардың қайталануы.

Әдеби қаһарман (герой литературного произведения) – әдебиеттің идеялық-эстетикалық рөліне сай бейнеленген тұлға.

Әдеби тіл (литературный язык) – жалпы халықтың тілдің аясында түзелген, нормаға түсірілген, сөздік құрамы, емделік бітімі, грамматикалық тұлғалары айқындалған, халықтың сан-салалы мәдени қажеттілігін өтеуге қабілетті тіл.

Әдеби мінез (характер литературного героя) – (грек. *charakter* – мінез) – кейіпкердің мінез бітімі; адамның психологиясына, қимыл-әрекеттеріне тән сан түрлі қасиеттердің тұтастығын танытатын мінез-құлық өзгешелігі.

Әңгіме (рассказ) – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін, қарасөзбен жазылған шағын көркем шығарма.

Әсірелеу (гипербола) – (грек. *hyperbole* – күшейту) – бейнелі сөз, өмірде кездесетін әртүрлі құбылыстар мен нәрселерді шамадан тыс асырып айту. Әсірелеу әдеби тілдің бейнелілігін, әсерлілігін арттыру үшін қолданылатын құбылудың (троп) бір түрі.

Бунақ (слог) – қазақ поэзиясындағы өлең тармағының ырғақтық жағынан жекеленген бір бөлшегін құрайтын буындар тобы.

Диалог (грек. *dialogos* – сөйлестіру) – әдеби шығармада екі кейіпкердің, бірнеше адамның сөйлесуі, оларды сөйлестіру тәсілі. Драмалық шығармада негізгі тәсіл.

Ділмар сөз (афоризм) – нақыл, гирбат түрінде айтылатын бейнелі сөз.

Идея – шығармада суреттелген қоғамдық жағдай, өмір, тағдыр, адам болмысы мәселелеріне жазушының жеке қатынасын, көзқарасын аңғартатын ұғым.

Кейіпкер (персонаж) – көркем шығармадағы бейнеленетін оқиғаға қатысушы.

Кейіптеу (олицетворение) – әртүрлі табиғат құбылыстарын, жансыз нәрселерді адам кейіпін келтіріп немесе жан бітіргендей етіп суреттейтін тәсіл.

Композиция – әдеби шығарманың құрылысы, оның бөлім-бөлшектерінің бір-бірімен қисынды түрде қиоластырылып, әртүрлі тәсілмен байланыстырылған тұтастық бірлігі.

Көсемсөз (публицистика, лат. *publicus* – қоғамдық) – әдебиет пен журналистиканың қоғамдағы көкейкесті, өткір мәселелерді қозғайтын саласы.

Қарасөз (проза) – көркем әдебиеттің үлкен бір саласы. Өлеңсөзден (поэзиядан) айырмасы – онда сөз ырғағы еркін, өлеңдегідей қандай да бір белгілі өлшемдер сақталмайды.

Лирика – көркем әдебиеттің негізгі жанрының бірі, басты ерекшелігі – адамның көңіл күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді. Лирикада ой мен сезім бірлесіп, терең қабысады.

Лирикалық қаһарман (лирический герой) – ақын бейнесінің оның шығармаларынан жинақталған тұтас тұлға ретінде көрінуі.

Метафора (грек. *metaphora* – ауыстырып қою, ауыстыру) – екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі.

Мысал – айтылатын өнегелі ойды тұспалдап жеткізетін, көбіне өлең түрінде келетін, сюжетті, шағын көлемді көркем шығарма. Мысалдың тақырыбы сан алуан, кейіпкерлері ан, құс, балық, өсімдік дүниесі, кейде оқиғаға адам да қатыстырылады. Негізгі сюжетке қоса нақыл түрінде келетін түйіндемесі де болады.

Нақыл өлең – гирбатты, тағылым берерлік мәні бар, ойды ықшамды, ұтымды түрде жеткізетін, өткір нақышты сөздерге негізделетін терме жырлар, өлеңдер.

Очерк – көркем-публицистикалық жанр, шынайы адамдар мен шынайы өмір суреттелетін көркем әдеби әрі деректі шығарма. Очерк әңгіме не романдар сияқты тұлғаның мінезі, қоршаған ортамен түсінбеушілігі, қақтығысына емес, қоғамның азаматтық, рухани ахуалына негізделеді.

Параллелизм (грек. *parallos* – қатарлас, қапталдас деген мағынада) – екі нәрсені қатарластыра, жанастыра алып бейнелеу тәсілі.

Пейзаж (франц. *payz* – ел, жер) – әдеби шығармадағы жаратылыстың, яки табиғаттың әсем көрінісі, көркем бейнесі. Жазушы әдеби шығармаға көркем ойлаудың аяқары, образды-метафоралық жүйесінің арқауы сипатында табиғат келбетін шеберлікпен пайдаланады.

Повесть (орыс. баяндау) – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін қарасөзбен жазылған көлемді шығарма, эпикалық жанрдың орташа түрі.

Портрет (франц. *portrait* – бейнеленген) – әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу.

Поэзия – көркем әдебиеттің ертеден қалыптасқан үлкен бір саласы, өлең, жыр түрінде шығарылған әдеби шығармалар.

Символ (грек. *symbolon* – айрықша белгі) – әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне.

Стиль (лат. *stilus, stylus* – «жазу үлгісі» деген мағынаны береді) – көпмағыналы сөз. Бірінші мағынасы – тілдік стиль, оның үш түрі бар: көпшілікке ортақ бейтарап стиль; неғұрлым «жоғары», кітаби, көркем стиль; неғұрлым «төмен», қарапайым сөйлеу стилі. Екінші мағынасы – әдеби тілдің қолданылу аясына, яғни функционалды қызметіне қатысты түрлері. Оның бірнеше түрі бар. Олар: 1) ресми ісқағаздар жазылатын кенсе тілінің стилі; 2) газет-журнал тілінің стилі, яғни публицистикалық стиль; 3) ғылыми-техникалық әдебиеттің стилі; 4) көркем әдебиет стилі; 5) ауызекі сөйлеу стилі. Үшінші мағынасы – жеке адамның сөйлеу үлгісі, жазушының көркем-әдеби шығармада сөз қолдану тәсілі.

Сұхбат (интервью) – пікірлесу, сұрақ-жауапқа өте ұқсас болғанымен, өзінің ерекшелігі бар. Сұхбат, негізінен, еркін түрден гөрі ресми жағдайға байланысты жүргізіледі. Радио, теледидар, газет-журнал т.б. тілшілері кез келген тақырыпта сұхбат ала береді. Бұл бір және бірнеше адамдар арасында бір мезгілде кезекпен, тез ауысып сөйлесу арқылы жүзеге асады.

Сұхбат кезінде әңгіме тақырыбы жағдайға байланысты өзгеріп отыруы мүмкін; сұхбатқа қатысушылардың тез сөйлеуіне, бірдей жауап беруіне байланысты ойдың қысқа айтылып жеткізілуі қажет.

Сюжет (франц. *sujet* – зат) – шығармадағы өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі. Сюжеттің негізі – өмірлік тартыс, кейіпкерлердің қарым-қатынасындағы қақтығыс.

Табиғат лирикасы (пейзажная лирика) – лирика жанрының бір түрі. Ақынның ішкі жан дүниесінің әртүрлі табиғат құбылыстарын сезінуі, бейнелеп суреттеуі арқылы танылатын өлең-жырлар.

Тақырып (тема) – әдеби шығармада сөз болатын басты мәселе – шығарма мазмұнының негізгі арқауы, айтылатын жай-жағдайлардың бағыт-бағдары.

Тартыс (конфликт, лат. *conflictus* – қақтығыс) – көркем шығармадағы сюжет желісіне арқау болатын, айрықша шиеленіскен түрде көрініс беретін қақтығыс, қайшылық, күрес.

Теңеу (сравнение) – құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі.

Термин (лат. *terminus* – шек, шеті, шегарасы) – ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер.

Ұйқас (рифма) – өлең-жырларға тармақтың (өлең жолы) сонындағы бірнеше буынның келесі тармақтағы сәйкес буындармен үйлесуі (дыбыс үндестігі).

Ұнамды бейне (жағымды және ұнамсыз, жағымсыз бейнелер) – (положительный и отрицательный образ) – әдеби шығармадағы кейіпкер бейнесін мағыналық сипатына қарай жіктеуден туған ұғым. Автор сомдаған халықтық образ қашанда тәрбиелік мәні бар ұнамды қасиетімен танылса, ұнамсыз образ оқырманды жағымсыз қылықтан бездіруді көздейді. Ұнамды және ұнамсыз бейне деп бөлу шартты. Жалпы, кейіпкер барлық болмысымен, қайшылығымен, күресімен, адамгершілік қасиетімен диалектикалық тұтастықта көрінуі керек.

Шенеу (сарказм) – ашы мысқыл, кекесін, сықақ, келеке.

Шнеленіс (интрига) – сюжеттегі тартыстың кезені, оқиғаның алғаш шнеленісе бастаған тұсы.

Шумақ (строфа) – өлең-жырларда, дастан-поэмаларда өлең тармақтарының (жолдарының) белгілі бір ретпен топтасуы.

Ішкі монолог (внутренний монолог) – кейіпкердің ішкі ойы, өзіне-өзі қарата айтылған арнауы.

Эпизод – әдеби шығарма сюжетіндегі өз мәні бар жеке оқиға немесе шығарманың бас-аяғы тиянақты бір бөлшегі.

Эпитет – заттың не құбылыстың айрықша белгісін, қасиетін білдіретін сөз.

Эссе – тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше толғап әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің жанры.

Әдебиеттегі эссе – соны пікірлерге көбірек мән беріліп, өзінше ойлап-сезіну қажеттілігін туғызатын, қанықты қыздырып, рухани әлеміне азық сыйлайтын, дүние құбылыстарын өткір қабылдаумен ерекшеленетін көркем туынды.

Эссе жанрының негізін салушы – XVI ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген француз философы М.Монтень. Орыс әдебиетіндегі үлгісі – Ф.Достоевскийдің «Жазушы күнделігі» шығармасы.

Фантастика (көзге елестету, қиялдау өнері) – әдебиеттің өмір шындығын қиял тұрғысында әсірелеп бейнелейтін жанры. Дербес жанр ретінде XX ғасырда қалыптасқанмен, ежелгі әпсаналардан, ауыз әдебиетінен бастау алған. Оған қиял-ғажайыптық, ертегілік қасиет те тән.

ҚАЗАҚША-ОРЫСША СӨЗДІК

1. Білім. Ғылым. Инновация

| | |
|--|---|
| артықшылық – преимущество | қондырылған – установленный |
| бағдар – направление | құлтемір – робот |
| байқау – 1) наблюдать, замечать; 2) смотреть | қырлары – 1) грани; 2) стороны (о человеке) |
| баламалы – альтернативный | қыш – керамика |
| білімпаз – знаток | лайық – приемлемый |
| болмыс – натура | озат болу – быть передовиком |
| ертелі-кеш – днем и ночью | ошак – очаг |
| жаратылыстану – естествознание | өзекті – актуальный |
| жарықтандыру – осветить | паш ету – 1) выражать; 2) оглашать |
| жас өрен – молодое поколение | сарқылмас – неиссякаемый |
| жеделдету – ускорить | тағылымдама – стажировка |
| жөнінде – о, про, по | талап – требование |
| зиялы – интеллигентный | теңдесі жоқ – нет равных |
| зияткерлік – интеллектуальный | Тәңірі – Всевышний |
| істен шығу – быть непригодным | түйін – суть; вывод |
| кісі – человек | түлек – выпускник |
| күйбең – суета | тұтыну – 1) расходовать; 2) держаться |
| қалқан – шит | үздік – лучший, выдающийся |
| қапталды – обшито | үздіксіз – непрерывный |
| қашау – тесать | шоғырлану – концентрироваться |
| қоғамтану – обществознание | |

2. Сауда жасай білесің бе?

| | |
|---------------------------------------|------------------------------|
| азын-аулақ – незначительно, чуть-чуть | маржан – коралл |
| айналым – оборот | назар – внимание |
| анда-санда – иногда | сапа – качество |
| арзан – дешевый | сатылым – продажа |
| әркім – каждый | сауда-саттық – торговля |
| дана – штук | табыс – доход |
| дәнекер – посредник | таразы – весы |
| жарамдылық – годность | тәуекел – риск |
| кәдесый – сувенир | төлем – оплата |
| кіріс-шығыс – приход-расход | түбіртек – квитанция |
| қаражат – деньги | тым – очень, совсем, слишком |
| қаржыландыру – финансировать | уақтылы – вовремя |
| қолма-қол – сразу, тотчас | ұтымды – выгодный, полезный |
| кылу – сделать | |

3. Жаһандық энергетикалық дағдарыс

| | |
|---------------------------|---|
| алдын алу – предотвращать | дағдарыс – кризис |
| ахуал – ситуация | дақ – пятно |
| әрекет – действие | жанашылдық – новаторство |
| байыту – обогатить | жаһандық – глобальный |
| балама – альтернатива | жүргізу – 1) ездить, ехать; 2) проведение |
| бәсеке – конкуренция | көмірсутек – углеводород |
| біту – завершаться | көрсеткіш – показатель |

куту – ожидание
 қажеттілік – потребность
 қатер – угроза
 құрал – инструмент
 өндіруші – производитель

сараптама – экспертиза
 тарату – раздавать
 тасымалдау – перевозить
 шама – величина
 ысырап – напрасная трата, расточительство

4. Достық пен татулық – таптырмас бақыт

адалдық – честность
 берік – крепкий
 жақындық – близость
 жалған – ложный
 жанашыр – близкий человек
 жаны – его (ее) душа
 жолдас – товарищ
 жылату – доводить до слез
 залал – ущерб
 замандас – современник
 игілікті – благородный
 кілт – ключ
 көпшіл – общительный

күлдіру – смешить
 қиыншылық – трудности
 қызғану – ревновать
 мәдениетті – культурный
 парасатты – разумный
 сәтсіздік – неудача
 сөйтін – итак
 сыр – секрет, тайна
 татулық – дружба, согласие
 той – пир
 ұйымшылдық – организованность,
 сплоченность
 ынтымақтастық – единение

5. Кәсіп – бақыттың шырағы, еңбек – ырыстың бұлағы

айрықша – особый
 берекелі – благодатный, богатый
 бірлестік – объединение
 егер – если
 егіншілік – земледелие
 еңбекақы – заработная плата
 жарнама – реклама
 жеткізу – доставлять
 зейнет – плоды, результат
 игеру – осваивать
 іскер – деловой
 кәсіпкер – предприниматель
 кәсіпқой – любитель

камтамасыз ету – обеспечить
 қиналыс – затруднение
 құптау – поддерживать, соглашаться
 құрал-жабдық – оборудование
 мамандану – специализироваться
 орта – средний
 өңір – регион
 өтімді – ходовой; веский
 пайда – польза
 сенімді – надежный
 серіктес – партнер
 сый-құрмет – почет и уважение
 шаруа – крестьянин

6. Қазақстанның су ресурстары

ағын – течение
 ауызсу – питьевая вода
 бөгет – дамба
 емдік – лечебный
 қойма – склад
 лайлану – помутнеть
 пайыз – процент

сергелден – возня, морока; беда
 суармалы – поливное
 текше – куб
 тереңдік – глубина
 тола – наполненный
 тұнық – прозрачный
 ызғарлы – пронизывающий, студеный

7. Тарихи тұлғалар тағылымы

ағартушы – просветитель
 айдалу – быть сосланным; изгнание
 айқын – очевидный, ясный

айып – виновность; преступление
 ақсүйек – аристократ
 беделді – авторитетный

бұрмалаушылық – искажение
жебе – стрела
іскерлік – деловитость
ішкі – внутренний
кеменгер – мудрый
көрнекті – видный
көсем – вождь
қолбасшы – командующий
нығайту – укрепить

өснет – завешание
патша – царь
саясат – политика
саясаткер – политик
сұлтан – султан
сыртқы – внешний
тағылым – урок
танылу – быть известным
тарихи – исторический

8. Қызым – жағадағы құндызым, Ұлым – аспандағы жұлдызым

абырой – авторитет
алғыр – хваткий
ардақтау – оказывать уважение
ар-ұят – совесть, честь
бөйжеткен – девушка
ғашық – влюбленный человек
еңбексүйгіш – трудолюбивый
жасөспірім – подросток
женге – невестка
жеткіншек – подрастающее поколение
ибалы – учтивый, почтительный
имандылық – мораль, гуманность
келін – сноха

қалыңдық – невеста
кұрбы-кұрдас – сверстники, ровесники
қылықты – привлекательный
махаббат – любовь
отау – отделившаяся молодая семья (из отцовского дома)
перзент – дитя, ребенок
саналы – сознательный
сезім – чувство
тектілік – родовитость, знатность
тәлім-тәрбие – воспитание; обучение
шежіре – родословная; летопись
шынайы – истинный

9. Биоалуантүрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер

азық – продовольствие; корм
алып – великан
баптау – ухаживать
борсық – барсук
бұлан – лось
елік – косуля
жолбарыс – тигр
зиянкес – вредитель
кему – уменьшаться
қаншама – много, несколько
кыянат – злоупотребление
қоқиқаз – фламинго
қосмекенді – земноводный

құлан – кулан
құндыз – бобр
саңырауқұлақ – гриб
сарышұнақ – суслик
сілеусін – рысь
сүтқоректі – млекопитающее
тобылғы – таволга
төмендеу – снижаться
төну – нависать
тырна – журавль
улы – ядовитый
шаян – скорпион
шегіртке – саранча

10. Наурыз және әлем халықтарының оны қарсы алу ерекшеліктері

барынша – максимально
даналық – мудрость
дегенмен – однако
ежелгі – древний
жылылық – теплота
кешіру – простить
көңіл күй – настроение

ояну – пробуждение
өзіндік – своеобразный
тойлау – праздновать
түрлі – разный
үндестік – гармония
шаттық – веселье
ырыздық – изобилие

11. «Мәңгілік елдің нұрлы жолы»

| | |
|------------------------------------|---------------------------|
| азат – вольный, свободный | кадам – шаг |
| атақоныс – земля отцов; отчий край | қосымша – дополнительный |
| ашықтық – открытость | мәлім – известный |
| біртұтас – единый | мығым – уверенный |
| діл – менталитет | нұрлы – светлый, ясный |
| естелік – воспоминание | өтпелі – переходный |
| жарқын – светлый | саликалы – сдержанный |
| жасампаз – созидательный | салт-сана – нравы |
| жолдау – обращение | тағдыр – судьба |
| жылнама – летопись | түбегейлі – основательный |
| кемелдену – совершенствоваться | ұғым – понятие |

12. Қазақтың айтыс өнері мен сөз мәдениеті

| | |
|---------------------------------|----------------------------|
| акындық – поэтический | қарсылас – соперник |
| астам – свыше | майталман – искусный |
| бейнелі – образный | маныз – смысл |
| бөлену – быть спеленатым | ойын-той – торжество |
| бөлу – делить | суырыпсалма – импровизатор |
| дәлелді – обоснованный | сынау – критиковать |
| ділмар – красноречивый | тапқырлық – находчивость |
| дүлдүл – оратор | төрелік – судейство |
| елеулі – значительный | тындарман – слушатель |
| әдеби – литературный | ұйқас – рифма |
| әдептілік – воспитанность | ұтқыр – содержательный |
| жеңіліс – поражение | шешен – оратор |
| жұп – четный | ықылас-ілттипат – почтение |
| көркемсөз – выразительное слово | |

13. Қазақстан – Байқоңыр – Ғарыш

| | |
|---|--------------------------------------|
| айтулы – прославленный | зақым – ущерб |
| ақаусыз – без дефекта | қаһарман – герой |
| алдымен – прежде всего | қондырғы – установка |
| аумақ – территория | өршіл – целеустремленный; порывистый |
| бағындыру – подчинять | тамамдау – закончить |
| беймәлім – неизвестный | тетік – механизм |
| ғылыми-зерттеу – научно-исследовательский | түйісу – стыковать |
| дабыл – сигнал | тұңжырау – хмуриться |
| елді мекен – населенный пункт | ұзақ – долгий |
| жаттықтыру – тренировать | ұшыру – запустить |
| | шаршы – квадрат |

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сұлтанбеков Т. Ғажайып палента. Алматы, 2008.
2. Айтматов Ш. Кассандра таңбасы. Алматы: Арда, 2006.
3. Құманбайұлы А. Қалың елім, қазағым... Алматы: Атамұра, 2002.
4. Айбергенов Т. Аруана – бауыр дүние. Алматы: Атамұра, 2003.
5. Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. Алматы: Жазушы, 1981.
6. Әлімқұлов Т. Тұлпардың тағдыры. Алматы: Атамұра, 2006.
7. Әуезов М. Қорғансыздың күні. Алматы: Атамұра, 2002.
8. Бопайұлы Б. Қазақы наурызнама. Алматы, 2015.
9. Қазіргі айтыс. 1-кітап. Астана: Күлтегін, 2004.
10. Назарбаев Н. Қазақстан жолы. Астана, 2007.
11. Қыран қазақ // «Егемен Қазақстан» газеті, 26 шілде, 2006 ж.
12. Жұматиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы, 1969.
13. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану (терминдер сөздігі). Алматы, 1998.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРС

1. <http://adebiportal.kz> – Ақпараттық портал
2. <http://balalaralemi.kz> – Балалар әлемі: жұмбақтар, мақал-мәтелдер
3. <http://bilimdiel.kz> – «Білімді ел» республикалық журналы
4. www.egemen.kz – Жаналықтар порталы
5. <http://emle.kz> – Орфографиялық сөздік
6. www.el.kz – Жаналықтар порталы
7. <http://kitap.kz> – Электронды кітапхана
8. <http://kitaphana.kz> – Электронды кітапхана
9. <http://lugat.kz> – Түсіндірме сөздігі
10. www.massaget.kz – Танымдық-ақпараттық портал
11. www.qazaquni.kz – Жаналықтар порталы
12. <http://sozdik.kz> – Орысша-қазақша, қазақша-орысша сөздігі
13. www.7kun.kz – Жаналықтар порталы

МАЗМҰНЫ

| | | |
|---|---|----|
| Алғы сөз | | 4 |
| 1. БІЛІМ. ҒЫЛЫМ. ИННОВАЦИЯ | | |
| 1-2-сабақ . | Білімді мыңды жығар | 5 |
| 3-4-сабақ . | Болашақтың кiлті – ғылымда | 8 |
| 5-6-сабақ . | Баламалы қуат көздері | 10 |
| 7-8-сабақ . | Технология, оның озық түрлері | 13 |
| 9-10-сабақ . | Жазу – технологияның жетістігі | 15 |
| 11-12-сабақ . | «Ғажайып планета» | 17 |
| 13-14-сабақ . | Білім – ғылымның табысы | 19 |
| 15-16-сабақ . | Ғылымның қазіргі жетістіктері | 21 |
| 2. САУДА ЖАСАЙ БІЛЕСІҢ БЕ? | | |
| 1-2-сабақ . | Сауда, оның адам өміріндегі маңызы | 23 |
| 3-4-сабақ . | Сауда тарихы | 25 |
| 5-6-сабақ . | Сaudаның қолданылатын орындары | 27 |
| 7-8-сабақ . | «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» | 29 |
| 9-10-сабақ . | Сауда орнындағы қарым-қатынас этикеті | 31 |
| 11-12-сабақ . | Сатып алушының бейнесі | 33 |
| 3. ЖАҒАНДЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫС | | |
| 1-2-сабақ . | Дағдарыс, оның әсері | 35 |
| 3-4-сабақ . | «Ұлы тоқырау» дағдарысы | 37 |
| 5-6-сабақ . | Энергетикалық дағдарыс | 39 |
| 7-8-сабақ . | Ш.Айтматов. «Кассандра таңбасы» | 41 |
| 9-10-сабақ . | Адамзаттың рухани дағдарысы | 43 |
| 11-12-сабақ . | Адам өміріне қауіп төндіретін факторлар | 45 |
| 13-14-сабақ . | Адам санасын өзгерту | 46 |
| 15-16-сабақ . | Жаңа энергия – жаңа экономика | 48 |
| 17-сабақ . | Адамзат өркендетін аман сақтау | 50 |
| 4. ДОСТЫҚ ПЕН ТАТУЛЫҚ – ТАПТЫРМАС БАҚЫТ | | |
| 1-2-сабақ . | Достық пен татулық – таптырмас бақыт | 51 |
| 3-4-сабақ . | Досы көпті жау алмайды | 53 |
| 5-6-сабақ . | Жан-жануарлар татулығы | 55 |
| 7-8-сабақ . | Т.Айбергенов. «Бір тойым бар» | 57 |
| 9-10-сабақ . | Отбасы – Отанның тірегі | 59 |
| 11-12-сабақ . | Достықты сақтау – киелі іс | 60 |
| 13-14-сабақ . | Қазақстан халқы Ассамблеясы | 63 |
| 5. КӘСІП – БАҚЫТТЫҢ ШЫРАҒЫ, ЕҢБЕК – ЫРЫСТЫҢ БҰЛАҒЫ | | |
| 1-2-сабақ . | Еңбек – байлық | 65 |
| 3-4-сабақ . | Еңбек адамы | 66 |
| 5-6-сабақ . | Аншылық пен күсбегілік | 69 |
| 7-8-сабақ . | Ан аулау тәсілдері | 71 |
| 9-10-сабақ . | «Жылқышы» әңгімесі | 73 |
| 11-12-сабақ . | Мамандық пен кәсіп түрлері | 75 |
| 13-14-сабақ . | Кәсіп – бақыттың шырағы | 77 |
| 6. ҚАЗАҚСТАННЫҢ СУ РЕСУРСТАРЫ | | |
| 1-2-сабақ . | Сусыз тіршілік жоқ | 80 |
| 3-4-сабақ . | Қазақстанның су қорлары | 82 |
| 5-6-сабақ . | Экологиялық апатқа ұшыраған өзен-көлдер | 84 |

| | | |
|--|---|-----|
| 7-8-сабақ . | Арал теңізі | 86 |
| 9-10-сабақ . | Балықшылар өмірі | 87 |
| 11-12-сабақ . | Судын тіршіліктегі пайдасы | 89 |
| 7. ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫ | | |
| 1-2-сабақ . | Тарихи тұлғалар | 92 |
| 3-4-сабақ . | Махамбеттің тарихи тұлғасы | 94 |
| 5-6-сабақ . | Тәуелсіздікті аңсаған тарландар | 96 |
| 7-8-сабақ . | Адамдық диканшысы | 99 |
| 9-10-сабақ . | Алаш арыстары | 100 |
| 11-12-сабақ . | Ер бақыты – ел қолында | 103 |
| 13-14-сабақ . | Өнердің өрен жүйріктері | 105 |
| 15-16-сабақ . | Еліміздің тарландары | 107 |
| 8. ҚЫЗЫМ – ЖАҒАДАҒЫ КҮНДЫЗЫМ, ҰЛЫМ – АСПАНДАҒЫ ЖҮЛДЫЗЫМ | | |
| 1-2-сабақ . | Ұрпақ тәрбиесі – ұлағатты іс | 109 |
| 3-4-сабақ . | «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры | 112 |
| 5-6-сабақ . | Махаббат дастаны | 114 |
| 7-8-сабақ . | Ғашықтар күні мерекесі жайында | 116 |
| 9-10-сабақ . | Мен елімнің ертенімін | 118 |
| 9. БИОАЛУАНТҮРЛІК. ЖОЙЫЛЫП БАРА ЖАТҚАН ЖАНУАРЛАР МЕН ӨСІМДІКТЕР | | |
| 1-2-сабақ . | М.Әуезов. «Көксерек» | 121 |
| 3-4-сабақ . | Құрмаштын күшігі | 123 |
| 5-6-сабақ . | Аң-құстардың адам тіршілігіне әсері | 126 |
| 7-8-сабақ . | Жабайы жануарлар ортасы | 129 |
| 9-10-сабақ . | Қазақстандағы жануарлар әлемі | 131 |
| 11-12-сабақ . | Өсімдіктердің маңызы | 134 |
| 13-14-сабақ . | Құстар – табиғаттың бір бөлшегі | 136 |
| 10. НАУРЫЗ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОНЫ ҚАРСЫ АЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ | | |
| 1-2-сабақ . | Наурыз – Ұлыстың ұлы күні | 139 |
| 3-4-сабақ . | Наурыз бата-тілектері | 141 |
| 5-6-сабақ . | Наурыз той салты туралы ұғым | 143 |
| 7-8-сабақ . | Наурыздағы қазақы ырымдар | 146 |
| 9-10-сабақ . | Наурыз жырлары | 148 |
| 11. «МӘНГІЛІК ЕЛДІҢ НҮРЛЫ ЖОЛЫ!» | | |
| 1-2-сабақ . | Мәңгілік Ел | 151 |
| 3-4-сабақ . | Қазақстан – әлемдік аренада | 154 |
| 5-6-сабақ . | Тәуелсіздік тағылымы | 157 |
| 7-8-сабақ . | «Көк тудың желбірегені» | 158 |
| 9-10-сабақ . | Бәсекеге қабілеттілік | 160 |
| 11-12-сабақ . | Рухани жаңғыру | 162 |
| 13-сабақ . | Туған жерге туың тік | 163 |
| 12. ҚАЗАҚТЫҢ АЙТЫС ӨНЕРІ МЕН СӨЗ МӘДЕННЕТІ | | |
| 1-2-сабақ . | Айтыс – асқақ өнер | 164 |
| 3-4-сабақ . | Айтыстың ақтангерлері | 166 |
| 5-6-сабақ . | Қазіргі айтыс шеберлері | 169 |

| | | |
|---------------|------------------------------|-----|
| 7-8-сабақ . | Айтыстағы сөз мәдениеті..... | 172 |
| 9-10-сабақ . | Ұлттық сөз этикеті..... | 174 |
| 11-12-сабақ . | Тауып сөйлеу – өнер..... | 176 |

13. ҚАЗАҚСТАН – БАЙҚОҢЫР – ҒАРЫШ

| | | |
|-----------------|------------------------------------|-----|
| 1-2-сабақ . | Т.Әубәкіров – тұңғыш ғарышкер..... | 179 |
| 3-4-сабақ . | Қыран казак..... | 181 |
| 5-6-сабақ . | Байқоңыр – жер кіндігі..... | 183 |
| 7-8-сабақ . | Күн жүйесі..... | 184 |
| 9-10-сабақ . | Ғарышты игеру..... | 186 |
| ӘДЕБИ-ТЕОРИЯЛЫҚ | ҰҒЫМДАР..... | 189 |
| ҚАЗАҚША-ОРЫСША | СӨЗДІК..... | 192 |
| ПАЙДАЛАНҒАН | ӘДЕБИЕТТЕР..... | 196 |



Учебное издание

**Косымова Гульбану
Сатбекова Айгуль Амантаевна
Арын Ержан Омарулы
Рахимжанов Канржан Алдашевич**

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА

Учебник для 8 классов общеобразовательных школ
с русским языком обучения
(на казахском и русском языках)

В учебнике использованы работы *С. Кызайбека,
И. Исабаева и Ш. Канатбека*

Редактор *С. Курмангалиева*
Худож. редактор *А. Ахыл*
Техн. редактор *Л. Садыкова*
Корректор *Ж. Баймагамбетова*
Компьютерная верстка *Н. Сейдахметовой*

Государственная лицензия № 0000001 выдана издательству
Министерством образования и науки Республики Казахстан 7 июля 2003 года

ИБ № 5687

Подписано в печать 31.05.18. Формат 70·100^{1/16}. Бумага офсетная.
Гарнитура «SchoolBook Kza». Печать офсетная. Усл.-печ. л. 16,13.
Усл. кр.-отт. 32,91. Уч.-изд. л. 11,73.
Тираж экз 40 000. Заказ №

Издательство “Мектеп”, 050009, г. Алматы, пр. Абая, 143
Факс: 8(727) 394-42-30, 394-37-58
Тел.: 8(727) 394-42-34
E-mail: mektep@mail.ru
Web-site: www.mektep.kz

